

Ахметова Г. Ғ., Айтказин Т. К., Аубакирова С. С.

**М. Ж. КӨПЕЕВ, С. ТОРАЙҒЫРОВ
ПЕН Ж. АЙМАУЫТОВ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТАРЫНДАҒЫ
ЭТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
ЭСТЕТИКАЛЫҚ**

Мәдениеттану мамандықтарының студенттеріне арналған
оқу құралы

Павлодар

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Ахметова Г. Ғ., Айтказин Т. К., Аубакирова С. С.

**М. Ж. КӨПЕЕВ, С. ТОРАЙҒЫРОВ
ПЕН Ж. АЙМАУЫТОВ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТАРЫНДАҒЫ
ЭТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
ЭСТЕТИКАЛЫҚ**

Мәдениеттану мамандықтарының студенттеріне арналған
оқу құралы

Павлодар
Кереку
2010

ӘОЖ 1(091) (574) (075.8)
КБК 87.3 (5Қаз) я73
А 94

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің Ғылыми кеңесімен басуға ұсынылды**

Пікірсауапшылар:

С. Е. Нұрмуратов – философия ғылымдарының докторы, профессор, қазақ философиясы және эстетика бөлімінің меңгерушісі Философия және саясаттану институты ҚР БҒМ;

Б. Д. Кокумбаева – философия ғылымдарының докторы, профессор, теория және музыканы оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі Павлодар мемлекеттік институты;

А. Ж. Құдабаев – философия ғылымдарының кандидаты, Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры.

Ахметова Г. Ғ., Айтказин Т. К., Аубакирова С. С.

А 94 М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров пен Ж. Аймауытов шығармашылықтарындағы этикалық және эстетикалық : мәдениеттану мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы / Г. Ғ.Ахметова, Т. К. Айтказин, С. С. Аубакирова. – Павлодар : Кереку, 2010. – 82 б.

ISBN 9965-573-60-3

Оқу құралы, жүйелі түрде проблемалы курс болып табылады, ол қазақ ойшылдарының мұраларында этикалық және эстетикалыққа арналған негізгі көрінісі, олардың идеяларына тарихи және қазіргі философиялық ойлардың компаративисттік негізде, герменевтикалық талдауына зерттеу жүргізу. Студенттерге және қазақ философиясындағы этикалық, эстетикалық мәселелердің әдіснамасына қызығушылық тудыратын барлық оқырмандарға арналады.

ӘОЖ 1(091) (574) (075.8)
КБК 87.3 (5Қаз) я73

ISBN 9965 -573-60-3

Ахметова Г. Ғ., Айтказин Т. К., Аубакирова С. С., 2010

© С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2010

Материалдық дұрыс болуына, грамматикалық және орфографиялық қателерге авторлар мен құрастырушылар жауапты

Кіріспе

Кез-келген адамда өзін және өзгелерді толық түсінуге ұмтылдыратын тілек оянады, тіршілігінде бір рет те болса мынадай сұраққа жауап іздейді – өмірдің мәні неде? Осыны түсіну ғажайыптығының критерийі қандай? Жақсылық пен жамандық неден тұрады? Және шындық, жақсылық пен көркемдіктің біртұтастығы теориялық тұрғыда емес, күнделікті өмірде болуы мүмкін бе? Біреулер бұл сұрақтардың барын елемеуге тырысады. Кейбіреулер күнделікті әбігерлікте жинақталатын тәжірибелік жауаптармен шектеледі. Ал кейбіреулері шындықты іздеуді өмір бойы тоқтатпайды...

Оқырманның қолында ұстаған кітаптың басты мақсаты – Павлодар облысынан шыққан қазақ ойшылдары Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров және Жүсіпбек Аймауытов шығармалары материалдарынан этикалық және эстетикалық сәйкестік қатынасының негізгі мәселесін ашу және аталған категориялардың ХХ ғасырдың басында қазақ даласында дүниетанымдық, мәдени және саяси өзгерістерге байланысты түсіндіру тәсілі мен шешімінің де тарихи өзгерісі болатынын айқындау.

Қазақ мәдениетінің дүниетанымдық сипатының іргетасы секілді этика және эстетикалық өзінің көп жақтылығымен және қайшылығымен алға шығады. Ұсынылатын курс әлемдегі қазіргі адамның болмысын дәстүрлі түрде талдау және жаңа тәсілін іздеу міндетін қояды. Әрине таңдалған оқу құралы негізінде М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтың философиялық ізденістерінің барлық байлығын және көптүрлілігінің түгелін ашу мүмкін емес – оқырмандарға зерттелетін есімдердің тек этикалық және эстетикалық көзқарастары негізінде алынған мәліметтерді ұсынылды, әрі қарай студенттерге олардың көптүрлі шығармашылығын өздігінен тануға бағыт болады.

Неліктен басты назар дәрістік және тәжірибелік сабақтарға көп аударылады? Себебі, философия пәнінен оқыту тәжірибесі көрсеткендей дәріс-семинарлық жүйе оқытылатын пән рухына толық сәйкес келеді. Оқытудың ең тиімді түрі оқытушы оқушылармен өзінің бақылаулары, білімімен және тәжірибесімен бөлісетін әңгімелесу екенін мойындау керек.

Сонымен қатар, тәжірибелік сабақтарда оқушылардың өзіндік әрекетінің аумағы кеңейеді, білімнен (білім алу) өзіндік білім алуға көңіл аударылады. Өзіндік ойлаудың жетілдіруі – белсенді әрекетсіз, тәжірибелік тапсырманы шешу дағдыларын игермей тұрып жасау

мүмкін емес. Сонымен қатар, өзіндік тәжірибе кітаптағы басқалардың айтуымен талқыланған, шешімі берілген тапсырмадан гөрі өте бағалы. Кімге болса да, бұрыннан философиялық тапсырманы шеше алған болса, қажет еткен жағдайларда өмірде жылдам дұрыс шешім таба алатынына сенуге болады.

Берілген мәтінге жаңа материалдарды өту немесе қайталау және бекіту барысында көңіл аудару тиімді, сонымен қатар өзіндік жұмыс процесінде бақылау және өзіндік бақылауда, не дәрісте, семинарда, аралық бақылауда және емтиханда қолданылады. Кейбір тапсырмалар (мәтіндер) бір шешімді болуы мүмкін емес, сондықтан пікірталас туындауы мүмкін.

Сонымен қатар, мәтіннің талдауы жалпы этикалық және эстетикалық категориямен ғана таныстырып қоймай, басқа сұрақтар мен мәселелерге әкелуі мүмкін. Материал студент пен оқытушыны жұмысқа шығармашылықпен қарауға жақындатады. Әрбір жеке мәтін-тапсырмалар барлық этика және эстетика категорияларын түгелдей қамтуды қажетсінбейді.

«М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтың шығармашылығындағы этикалық және эстетикалық мәселелер» атты бағдарлама курсы студенттердің философиялық-әдіснамалық дайындық мақсатына сай және жалпы философиялық, этикалық, эстетикалық, мәдениеттанулық, логикалық, және арнайы маманданған кәсіби біліммен студенттің бакалавр бағдарламасындағы жалпы білім арасын жалғастырушы қызметін атқарады.

Оқу құралы тақырыптарды оқытуға арналған ұсыныстардан, тақырыптық бақылау сұрақтарынан, реферат тақырыптарынан, глосарийден тұрады.

1 М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов мұраларындағы этикалық және эстетикалық мәселелердің өзара байланыс ерекшелігі негізінде дүниетанымды және қайнар көздер идеясын қалыптастыру мұраларын құру

1.1 Этикалық және эстетикалық өзара байланысты философиялық зерттеудегі әдіснамалық негіз

Сабақтың мақсаты: этикалық және эстетикалық өзара байланысты әдіснамалық зерттеу негізінде теориялық дағдыны қалыптастыру.

Тақырыпты меңгеруге арналған нұсқаулар: тақырыпты меңгеруде этикалық және эстетикалықтың өзіне тән ерекшелігін (спецификасын) этика мен эстетиканың метакатегориялары секілді анықтау қажет, этикалық және эстетикалық категориялар кешенінің барлық байланысын құру.

Біріншіден, этика мен эстетикалықтың нені білдіретінін анықтау қажет. Ол үшін әлемдік философия құнарында осы категориялардың қалыптасу эволюциясының үрдісін көрсету керек. Пәнге талдау жасаған кезде қазақ ойшылдары шығармашылығының көп дәрежеде көпқырлы имплициттік эстетикаға қатысты болғанына көңіл бөлу керек. Мүмкіндігінше, этикалық және эстетикалықтың өзінің барлық көпқырлығымен және қарама-қайшылығымен қазақ мәдениеті дүниетанымдық сипатының іргетасы секілді алға шығатынын көрсеткен дұрыс.

Екіншіден, этикалық және эстетикалықтың бірлігі жаңа ойлау тәсілі ретінде бүтіндікті қалыптастыру мағынасын көрсетуі керек.

Үшіншіден, зерттелген тұлғалар шығармашылығынан этикалық және эстетикалықты зерттеу барысында тарихилықтың герменевтикамен және басқа зерттеу әдістерімен байланысын ашу. Мамандыққа байланысты, қоғамда және адамның өмір сүру әрекетінде этика және эстетика категориясы қандай орын алатынына көңіл бөліну керек.

Тақырыптың мазмұны

1. «Этикалық» және «эстетикалық» - әртүрлі көзқарас қатынасындағы категория типологиясы (тарихи-философиялық талдау).

2. Қазақ философиясында этикалық және эстетикалық категория түрлерінің байқалуы және қазақ философиясы түсінігін зерттеудің әдіснамалық негізі.

3. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов мұраларында этикалық және эстетикалық категорияны зерттеудің әдіснамалық негізі.

М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтың шығармашылығындағы этика мен эстетиканың өзара байланысын талдау олардың дүниетанымдық позиция қалпының рухани қайнар көзін зерттеуді байқатады. Бұл бөлім аталған тапсырма үшін арналған, мұнда қай мәдениеттің этика мен эстетика сипатының өзара байланысы және мәні, оның тікілей М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов дүниетанымының қалыптасуына әсер еткені бақыланады. Ғылыми әдебиеттерде қазақ философиялық ойшылдарының даму тарихын зерттеуде негізінен мынадай этаптарға бөлінеді: ежелгі түріктік мәдениет, орта ғасырлық мұсылмандық, ақын мен жыраулар философиясы, қазақ ағарту ісі, ХХ ғасыр философиясы. Жалпыға таныс типологияға сүйеніп, М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтың дүниетанымының рухани қайнар көзін әдіснамалық негіз сапасында зерттеу, осыдан келіп біздің көзқарасымыз бойынша олардың көзқарас спецификасын толық ашатын төрт қайнар көзді бөлдік: **бұл көшпенділердің дәстүрі, орта ғасырлық мұсылмандар философиясы, ақын мен жыраулардың мұралары, орыс және европалық мәдениет.** Осылайша, нақты тақырыпта этика мен эстетиканың эволюция процесінің өзара байланысуын қарастыру ұсынылды, бұлай қарау біздің жұмысымызды бірқатар қиындатты. Бірақ біз қарастырылатын мәдениет типінің негізгі (әмбебаптығын) керегін, онда қазақ дүниетанымы негізінің құрамдастығын және қазақ мәдениеті барлығына жалпы бір жүйе секілді болып табылатындығын ерекшеледік.

Өткеннің ұлы ойшылдары туралы айтқан кезде, мынадай сұрақтар біздің алдымыздан жиі шығады: олардың философиялық ойлау тарихына әкелген жаңа ойы қандай? Философияның әрі қарай дамуына олардың мұраларының қаншалықты мағынасы болғаны? Мұндай күрделі сұраққа оқу құралы көлемінде қорытындыланған жауап беру өте қиын, бірақ мәселенің зерттеу тартымдылық күш сипатынан елемей кету мүмкін емес. Сондықтан біз сұрақтың қойылуына шамалы басқаша өзгешелік ендіреміз. Біздің көзқарасымыз бойынша, М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтың өздері қойған мәселені аяғына дейін ашқаны және оның бүтін рационалданған тұжырымда рәсімделгені басты емес деп саналады. Бәрінен бұрын мұнда, зерттелген ойшылдардың мұраларында көрсетілген мәселе бірінші орынға шығарылғаны маңызды. Егерде біз М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және

Ж. Аймауытовтың шығармашылығына осы позициядан қарасақ, олар философиялық ойды өздерінің зерттеулерімен соншалықты байытқаны анықталады.

Бәрінен бұрын, біз олардың этикалық және эстетикалық өзара байланыстылық идеясын берік енгізгенін мойындауымыз керек. Олардың шығармашылығын талдау мынаны көрсетеді, этикалық мен эстетикалық өзара байланысының негізі адамзаттық мәнінде жататыны, және осы байланыс арқылы оның дамуы мен қалыптасу ерекшелігін айқындайды. Яғни, этикалық және эстетикалықтың өзара байланысын зерттеу бәрінен бұрын, адамды зерттеудің шексіз процесінде оның табиғи қалпы мен қалыптасуын, оның гармониялық қабілеті немесе өзінің табиғатына тән емес дисгармонияны жасау қабілеттілігін және өз табиғатына сәйкестеп әлеммен қатынас құруын зерттеу. Осыдан, этикалық және эстетикалық – бұл ақиқатты иемдену тәсілі, бірақ дәл сол байланыс адамның өзіндік дамуының белгілі бір сатысын ашады. Бірақ, басқа жағынан алып қарасақ, этикалық және эстетикалық көрініс әлемге қатынасы арқылы көрінеді, ал бұл қатынас өз кезегінде әлемді бүтіндей танудан шығады, сол зерттеу этикалық және эстетикалық өзара байланыс белгілі бір әлем туралы ілімнен шығуы тиіс. Осылайша, біздің зерттеуіміз екі аспектіні ұсынады: этикалық және эстетикалықтың өзара байланысын зерттеу, адам туралы зерттеу арқылы (антропология) және «адам-әлем» қатынасында, яғни әлем туралы зерттеу арқылы (онтология) көрінеді.

Бәрімізге белгілі болғандай, батыс және шығыс философиясының ойлау ерекшелігі, өмір сүруіне, табиғи-климат жағдайларының әртүрлі типтілігіне байланысты бейімделген. Осылай, біздің алдымызда бір әдіснамалық қиыншылық бар, бұл этикалық және эстетикалықтың – еуропа философиясының категориясы екендігі, онда XVIII ғасырда А. Баумгартеннің ғылыми өңдеуі енгізілгені, этикалық және эстетикалық өзара байланыстың ғылыми-теориялық талдау мүмкіндігін жасатты, логикалық-рационалданған аппарат түсініктемесін құрастырды. Бірақ бұл, XVIII ғасыр жүзжылдығында ғажаптық, жақсылық, жамандық, көтеріңкілік кереметтер туралы ойлану болмады дегенді білдірмейді. Этикалық және эстетикалық өзара байланыс генезисі куәландырады, осы этикалық және эстетикалықтың, ежелгі дүниетаныммен синкретті араласқанын, философиялық ойлаудың тәжірибелік сапасына бағыттала құралудан дүниеге келеді, оның негізі: «қалай өмір сүру керек?» сұрағына жауап беруді іздеуден құралады. Яғни этика-эстетика рефлекс генезисі туралы сұрақ философияның шығу тегі мәселелерімен тығыз байланысты болады. Және дүниетанымдық

ойлау сұрағының ішінде біріншісі этика-эстетиканың сипатында болу керек: жақсылық, әдемілік нені білдіреді? шынайы өмірдің жетілу жолына барудың мүмкіндігі қандай? Сондықтан, дүниетанымдық құрылымды тануға ұмтылған алғашқы талпыныстар бірмезгілде өзімен бірге этика-эстетика рефлексиясынан да тұратынына болжам жасалады. Өйткені әрбір адамда аталған мәселелер өмірінің барлық шегінде «мәңгі» шешімі табылуы қажет болып табылады, этика мен эстетика терминдерін М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтың шығармашылығына қолдану тарихи-философиялық талдау принципіне қайшы келмейді. Байқағанымыздай, әлемнің және адамның жалпы онтологиялық негізі, шығыс пен батыстың категориясы, жалпы адамның тұрмысына байланысты. Сонымен бірге, қазақтың ойшыл дәстүрлерінде жақсылық, жамандық, сұлулық, ерлік деген көзқарастар мен түсініктер бар, бұл батыс философия категориясына мағыналы және сәйкес мағынаны береді және ол этика мен эстетикада көрсетілген. Біз қазақтың ойшыл дәстүрлерін талдау кезіндегі модификация және этика мен эстетика категориясын негізді қолдану керек деп санаймыз.

Бақылау сұрақтары

1. Әр дәуірдегі эстетикалық ұғымға сәйкес келетін нақты терминдерді табу:

шындық аңдауларының бір тәсілі ретіндегі эстетикалық	орыс эстетикасы
құдайша ғажайыптықты білдіру эстетикалығы	Ренессанс эстетикасы
мақсатқа лайықты эстетикалық	Ертедегі Шығыс эстетикасы
өлшем ретіндегі эстетикалық	ХІХ ғ. эстетикасы
жеке өлшем ретіндегі эстетикалық	Жаңа уақыттағы эстетика
жақсылық және шындық синоним ретіндегі эстетикалық	антикалық эстетика
символдық белгі ретіндегі эстетикалық	әртүрлі өркениет эстетикасы
сүйсіну объектісі ретіндегі эстетикалық	XX ғ. эстетикасы
ғарыштық ретіндегі эстетикалық	Платон эстетикасы
жан-жақты ашылу объектісі ретіндегі эстетикалық	Аристотель этикасы

2. Қазақ философиясында эстетикалықты қалай түсінеді?
3. Эстетикалық дегеніміз не және оның қазақ мәдениетінде алатын орны қандай?
4. Этикалық және эстетикалықтың өзара байланысу мәні неде?
5. Қазіргі дәуірдегі этикалық және эстетикалық мәселесін зерттеудің қажеттілігі туралы негіз мысалын келтір.

1.2 Көшпелі мәдениетте этикалық және эстетикалықтың қалыптасу генезисі

Сабақтың мақсаты: ежелгі қазақ халқының мәдениетінің этикалық-эстетикалық спецификасын меңгеру.

Тақырыпты меңгеруге арналған ұсыныстар: көшпелілер мәдениетіндегі этикалық және эстетикалық туралы білудің қалыптасу тарихының қайнар көзін қарастыра отырып, оның қазақтың көшпелі дәуіріндегі дүниетанымдық және рухани спецификасын талқылау керек.

Ежелгі түрік мифологиясына көңіл аударсақ, оларда Тәңірлік дін мен космогония болған. Көшпелі халық менталитетінің қалыптасуының басты рөлі – материалдық мәдениет. Қорқыт - атаның этикалық және эстетикалық көзқарасына талдау жасау. Көшпелі мәдениетін әлемді қабылдау спецификасына көңіл аудару: уақытқа, кеңістікке, табиғатқа деген көзқарас, Мен-Бөтен қатынасы. Дәстүрлі әлем бейнесінде табиғат пен аспанның спецификалық мәнін ашу. Этикалық және эстетикалық теңбе - теңдігі.

Тақырыптың мазмұны

1. Көшпелі қазақ мәдениетіндегі этикалық және эстетикалық синкритизм. Оның мәні және жолы.

2. Қазақ қоғамында этикалық және эстетикалықтың дәстүрлі салттық-рәсімдік таңбалары.

Көшпенділер мәдениетінде этикалық және эстетикалық спецификаның байланысын жақсы түсіну үшін, оны дәлелдеу қажет. Олар бөлек категориялық (сатылы) байланыс емес, ол тұрмыстағы байланыс, нақтылап айтсақ, ол онтологиялық байланыс болып саналады. Ерте дәуірдегі (уақыттағы) көшпенділер дүниетанымы синкриттік болғаны бізге белгілі. Ғылыми әдебиетте М. О. Орынбековтың зерттеуінше, ең маңызды қазақ дәстүрінің нәтижесі, ендеше, этика-эстетикалықтың тәжірибесі исламнан бұрын болған, наным-сенімдері, тәңіршілдікке, шаманизмге, көшпенділердің өмір сүруіне, сенімдеріне көп көңіл бөлген. Зерттеулер кезінде ең

негізгі рөлде этикалық-эстетикалық кезеңіндегі реконструкциялар маңызды орын алады, олар: **адамның табиғатқа көзқарасы және адамның әлемдегі өз орнын табуы.**

Қазіргі ғылыми зерттеулерде табиғат адаммен қарым-қатынасы тығыз болып келеді, әлемнің түсінушілігі және дүниенің қалыптасуы, адамның ойлау қабілеті, өзін тану, әлем модулі халықты дамытады деп мойындалған. Ғарыштың дамуы, дүниежүзінің пайда болуы және көшпенділердің табиғат заңдарына бағынушылығы абсолюттік ғарыш деп атайды. Ғарыш тереңделіп танылған соң, табиғатқа деген көзқарасымыз жақсарды.

Жоғарыда айтқандай көшпенділер мәдениеті түйсіну-қатынас, адаммен әлем гармониялық оқиғаға болжамдаған. Себебі, көшпенділерге түйсіну ұғымы түсініксіз болған. Көбінесе оларды қобалжытқан. Қорыта келгенде этикалық және эстетикалық байланысқан және әлеммен тікелей қатынаста болған. Көшпенділердің түйсінуін түсіну үшін оның ежелгі қазақтардың гармониялық мағынасын және әлемге деген көзқарасын ашып көрсету керек. Мұнда, түйсіну ол көшпенділердің басты тіршілік тынысы ретінде, ал басқаша түйсіну, ол әлеммен сөйлесу тәсілі. Көшпенділердің өміріндегі түйсінуді түсіну үшін, бастысы ежелгі қазақтардың гармониялық дүниетанымын тану керек.

Біздің ойымызша, гармония туралы танып білу – ежелгі уақыттан бергі қазақ дәстүрлі ойлау доктринасын анықтау болмақ. Одан басқа, ежелгі уақытта гармония түсінігі терең мазмұнды, ол тек эстетикалық түрде емес және этикалық, космологиялық және әлеуметтік түрде қалыптасады.

Айырмашылық жиі кездескен сайын, гармониялық болмысты сақтауға күш керек болды. Біз өз зерттеуімізде саналы түрде шектеуге барамыз және ең айқын байқалған көшпенділер мәдениетіне керек үшеуін белгілейміз: сәуле, сан мен музыка гармониясы.

Исламдық оқуларға дейін сәуле жақсылықты анықтайын нышан болды, ол жақсылықты білдірді, жақсылықты кейіптеуші, сәттілікке, яғни әлем жақсылық пен сұлулық заңы бойынша жасалынған.

Әрине, ежелгі көшпенділер космостық сәулелерге таңданысы таусылмаған. Олар көптеген салт-жораларға табынған. Дәстүрлер мен салт-жораларда өзін-өзі ұстау нормасы бекітілген. Басқа сөзбен айтқан ежелгі көшпенділер тек жай ғана құбылысқа емес, сонымен қатар әлемдегі құбылыстарға көңіл бөледі. Сонымен қазақтарда әлемді тану ғылым мен емес, өнер, поэзия және музыкамен танылған. Көшпенділердің әлемге деген көзқарас музыкальды-поэтикалық түрде болған. Ежелгі көшпенділердің тағы бір амалы музыка арқылы

әлеммен қатынасы. Музыка және гармония көшпенділер мәдениетінде басыңқы болып саналды. Музыка көшпенділер үшін құдіретті болған, адам мен әлем арасындағы байланыс, өмір мен өлім арасындағы байланысты білдірген деп санаған.

Бақылау сұрақтары

1. Көшпенділердің дәстүріндегі әлемдік бейнеге мінездеме беріңіз. Отырықшы халықтың әлем бейнесіне салыстырмалы талдау жасаңыз.

2. Ежелгі қазақтар ғарышты, аспанды қалай түсінді? Сан таңбаларынан сәулеленуге мысал келтіріңдер.

3. Көшпелі мәдениеттің философиялық қатынастың мәні неде?

4. «Қорқыт ата – музыка әкесі» деген сөзді қалай түсінесіз. Қорқыт- ата туралы аңыздың философиялық мәнін ашыңдар?

1.3 М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтың шығармашылығындағы көшпенді мәдениеттің дәстүрлі дүниетанымдық көзқарасының әмбебаптығы

Сабақтың мақсаты: М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтың шығармашылығының дүниетанымдық көзқарасы мазмұнының мәнін ашу: сәуле, сандар, гармония, музыка. Салыстырмалы талдау жасау.

Тақырыпты меңгеруге арналған ұсыныстар: бұл тақырып студенттерге XX ғ. күрделі социомәдениет жағдайларымен өнер туралы өзіндік, дәстүрлі емес ойларын қарастыруға көмектеседі. XX ғасырдағы өнердің жаңа қасиеттеріне назар аударайық. XX ғасырдың басында саяси және экономикалық жағдай қалыптасқанын түсіндіру қажет. Отырықшы өмірге көшу, дүниетанымның және жаңа тарихи шығармашылық тәжірибенің қалыптасуына әкеліп, ол басқа ақиқат социомәдениетті қалыптастырды, ол өз кезегінде жаңа көркем ақиқаттың тууына әсерін тигізді.

М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтың шығармашылығының дәстүрлік көзқарастарының дамуына көңіл бөліңіз. Сан идеясының трансформациясы, жарық, музыка және олардың ойлары. Адамның дәстүрлі мәдениетте ішкі әлеммен қарым-қатынасының гармониялығы XX ғ. басында адамның ішкі әлеммен байланысуына әсерін тигізеді.

Тақырыптың мазмұны

1. Жаңа адамның пайда болуы, жеке дара санасының рефлексивтілігі.

2. «Жауапкершілік», «ізденіс», «іскерлік» «қылық» - ХХ ғасыр адам болмысының тәсілі секілді.

3. Этикалық және эстетикалық жауапкершілік арқылы адамның әлеммен байланысы (М. Ж. Көпеев), адам болмысының рухани негізін іздеу (С. Торайғыров), адами қылықтар мен іс-әрекеттер (Ж. Аймауытов).

Біздің ойымызша М.Ж. Көпеевтің мұраларында жарқын бейне символикасы айқын ұсынылған. Бір жағынан қарағанда дүние символы арқылы, адам және құдай біртұтас болып келеді. Басқа жағынан қарағанда, космологиялық дүниеден басқа, М. Ж. Көпеевтің шығармашылығындағы адамның ішкі дүниесі туралы сипаттаған. Оның ойынша жақсы идеялар адамгершілікке апарады, жарық қараңғылықты жеңіп жақсылыққа әкелетін байлық болып табылады.

Адамның ішкі дүниесіндегі жарықтық, адамды жақсылық пен сұлулық жолына түсіреді. Дүние (жарықтық) қасиетті нәрсе сияқты, рақымшылдық пен махаббаты кейіптейді. Рақымшылдық, адам баласы арасындағы қатынасқа жауапты. Бұл жауапкершілік өзінің өмірі үшін ғана емес, басқалардың өміріне де жауапты. Сол идея арқылы М. Ж. Көпеевтің этика-эстетикалық шығармашылығындағы жауапкершілік онтологиялық байланыс арқылы түсіндіріледі.

С. Торайғыровтың дүние (жарықтық) туралы мінездеме берді. Күн, ай, жұлдыз қазақ халқы үшін әлі күнге дейін құрметтеледі және оның салты мен дәстүрі сақталған.

С. Торайғыровтың «Таныстыру» деген поэмасында қазақтардың патриоттық сезімі туралы сипатталған. Мұнда ақын сол уақыт оқиғасын суреттеген жоқ, сол кездегі қазақ халқының бақыты үшін өмірін берген батырларды суреттеген. Ойшылдың айтуынша жарықтық-білімге деген жаңа өмірге деген және қараңғылықтан бақытқа әкелетін жол болып саналған. Мұнда біз жарықтық (дүние) С. Торайғыров үшін рақымшылдық пен қайғы болған жоқ, ол бір нәрсені ашу, ұмтылу болды. С. Торайғыровтың шығармашылығындағы этика-эстетикалықтың мәні адамның ішкі дүниесін түсінгісі келетіндігінде жатыр.

Ж. Аймауытовтың интерпретациясы адам мен әлем (құдаймен) арасындағы гармониялық байланысты іздестірді. Ж. Аймауытовтың ойынша, жарық дүние ол – әрбір адам баласына жақсылық жасау, қамқор болу. С. Торайғыровтың шығармашылығы бойынша адам мен

әлем және адам мен қоғам арасындағы байланыс-гармониялық. С.Торайғыровтың «Адасқан өмір» дастанында өсу градациясы арқылы жазған «Мен бала, мен жігіт, мен тоқтадым, мен кәрі, мен өлік». С. Торайғыровтың пікірінше адам балалық шағында әлеммен байланыста болуға дем берілген, өкінішке орай үлкейген сайын дисгармония халіне келеді.

Ж. Аймауытовтың символикасы, өсу салт-жоралары арқылы емес, керісінше сандық символикасы арқылы сипатталған. Мұнда сандық гармония адам мен әлемнің арасындағы уақиғалар цикл арқылы болған екенін дәлелдейді. Қартқожа, Ақбілектің (тылдағы жұмыс, оқу, үйден кетуге мәжбүрлік) және үйге қайтуы цикл арқылы жаңадан болып келеді. Батырлардың туған жеріне оралулары, сол уақытта қашықтық және уақытта жеңіс жүреді, ол ішкі әлемді өмірлік тәжірибесі және білімі арқылы жаңа әлемдік жетістікке жетуге көмектеседі. Біздің көзқарасымызша, адамды өмір жолының жаңа жолына әкеледі. Біз – әділдік, ол басқа үшінші жоғарыда айтылған идеялардың шығуы. Батыр (тезис) ауылынан кеткенде (антитезис), жаңа уақытта, жаңадан келеді (синтез). Бірақ мұнда сандық гармония магиялық әрекет арқылы ұсынылады.

Сонымен, біздің ойымызша М. Ж. Көпеевтің этика-эстетикалық көзқарасы адамның әлемге деген өзара жауапты әрекетімен анықталады, ал С. Торайғыров үшін ол адам болмысының рухани ізденісімен байланысты, Ж. Аймауытов оны шабыт пен адамның іс-әрекетімен бірлікте байланыстырды. Бірақ адам әлемі болмысының тәсілдері М. Ж. Көпеевпен, С. Торайғыровпен, және Ж. Аймауытовпен ХХ ғасыр басына негізделген, біздің ойымызша ежелгі қазақтар сан ғасырлық дәстүрлі мәдениеттен түйінделеді, ол міндетті императив, өзінде жауапкершілік арқылы көрінеді, рухани ізденістерге және рухани әрекеттер арқылы шындалады. Осы жерде «жауапкершілік», «ізденіс», «әрекет», «жағымды қылық» деген терминдер қазақ ойшылдарының философиялық-поэтикалық өлеңдерінде арнайы түрде көрсетілмеген. Бірақ дүниетанымдық универсалии олардың философиялық ойларын анықтайды, ол рухани адамгершілік ізденістерде негізделуші негіз болып табылады.

Зерттеліп отырған ойшылдардың теориялық дүниетанымда көшпелі дәстүрдің дамуы жалпы схемалық белгілер арқылы қабылданған.

Бақылау сұрақтары

1. XX ғасыр басындағы қазақ даласына жалпы сипаттама беріңіз
2. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтың шығармашылығындағы сан, музыка мен сәуле категорияларының түсініктеріне баға беріңіз.
3. Ж. Аймауытовтың «Қартқожа» деген романындағы халық әндерін тыңдаушыларды сипатта. Қазіргі қазақ өлеңдерімен оларды орындаушылармен және тыңдаушыларды салыстыра қатар қою.
4. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра» деген фразаны қалай түсінесіз? Өз жауабыңды түсіндіріңіз.
5. С. Торайғыровтың музыкаға байланысты позициясын талдаңыздар.
6. М. Ж. Көпеевтің көзқарасы бойынша сал және сері өнеріне жалпы талдау беріңіз. Мысалдармен дәлелдеңіздер.
7. Бұл мәтіндердегі көшпелі мәдениеттің қандай категориялары анықталған. Жауабыңызды дәлелдеңіз.

Кірпішінің бірі – алтын, бірі күміс,
Көргенді таң – тамаша қалдырады.
Гауһардан әр жеріне шеге қақты,
Орнатты тамаша қып алтын тақты
Арыстан аң-таң болып тұра қалды,
Жас бала іркілместен жетіп барды.
Құдайым рақым көңіл бергеннен соң
Аяп кетіп баланы ертіп алды [1].

Бірі күн, бірі шолпан, бірі айым.
Солардан басқа кеше кім бар еді,
Қазақ үшін шам қылған жүрек майын [2, 147 б.]

Өнер ғой оқу деген таңдай атқан,
Оқу білсең орынды болар мақтан.
Білімге қарсы тұрар қандай күш бар,
Бас иер талай мырза кеуде қаққан [2, 22 б.].

Қартқожа өзгерді. Бұрынғы соқыр нанымнан, діншілдіктен, ісім ағзамнан тазарды... Бұрынғы жабығу, уайым-қайғының бірі жоқ, Қартқожа талапты, жігерлі, жалынды жігіт болды» [3, 142 б.].

Ұмытып бұл дүниені сол минутте,

Иллаһи, бір әлемде кезер барып
Ешбір жан, ешбір дыбыс шығара алмас,
Жанына жарық түсіп, тіл байланып.
Көңілі ойнап, көзіне жас мөлдірер,
Белгісіз бір ләзетке мейірі қанып [2, 218-219 б.].

«Бір халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді, сәні кетсе жаны кетеді. Қазақты жансыз ағаш қылып отқа жаққыларың келмесе, әнді сақтаудың қамын қылыңдар» [2, 131 б.].

«Жұрттың бәрі тым-тырыс төмен қарап, жер шұқып қалыпты. Қартқожа не болғанын білмеді. Аузын ашып, қалшиып, көзінен аққан жасы бетін жуып отыр, анда-санда әр жерден солқылдаған, ішін тартқан дыбыс естіледі» [3, 69 б.].

«Шабыты келмесе де зорланып айтады. Зорланып айтқан ән дұрыс шыға ма? Ән салу көңілден ғой...» [3, 418 б.].

«...Әншілердің көбі түр шығарам деп, әуре болады. Жақсы әнді бұзып жібереді. Қиқылдай ма, шикылдай ма, аупылдай ма мазарат... Бет-аузын тыржитып, зорланып, күшеніп отырып салған соң ән бола ма? Әнді еркіне жіберіп, қысылмай салған ғой қызығы.... Кейбіреу орысқа еліктей ме, ноғайша жырлай ма? Қазақ әнін бұзып жібереді» [3, 418 б.].

1.4 Ортағасыр мұсылман мәдениетінің этикалық және эстетикалық спецификасы

Сабақтың мақсаты: Ортағасырдағы мұсылман ойшылдарының еңбектерінен этика және эстетикалық ерекшеліктерін талдау.

Тақырыпты меңгеруге арналған ұсыныстар: Ортағасыр мұсылман дәуірінің адамының жағдайын анықтау үшін, Ислам дінінің құндылықтарын нәтижелеп, абсолютті идеал ұғымын анықтау керек.

Ортағасыр ойшылдары: Әл-Фараби, Ибн Сина, Баласұғыни, Яссауилердің өнері мен шығармаларының, ғылыми білімдерінің дамуының спецификасын анықтау. Ортағасыр мұсылман және христиан дініндегі ғылым мен өнердің, адам орны ұғымының ұқсастығы мен айырмашылығының мақсаттық нәтижесі.

Ең басты кілтті ұғымға назар аударайық, ол ортағасыр мұсылман этикасы мен эстетикасына негізделген. Ең негізгі категориялардың мән мағынасын ашыңыз: «ғажайып», «жоғарылық», «ерлік». Бұлардың табиғатта, адамда, қоғамда пайда болған спецификасын анықтап, осы ұғымдардың қалыптасуына әсер ететін факторларды талдау. Этикалық және эстетикалық категориялардың

қарым-қатынастарының спецификасын шығарып, оны архаикалықпен салыстыру болып табылады.

Тақырыптың мазмұны:

1. Әлемдік, қарым-қатынастың жаңа түрі, абсолюттік идеалға мақсаттану, жоғары құндылық – Алла.

2. Ортағасыр мұсылмандығының этикалық және эстетикалық класификациясының ара қатынасы: Әл-Фараби, Баласағұни, Яссауи.

Көшпенділердің дүниетанымы, олардың өмір әлемінің мәдениеті ортағасыр дәуірінде жаңа бағыттарға ие болды. Адам ақырындап өзін айналадағы әлемнен шығарып, ең алдыңғы қатарда синкретизм мен теңбе-теңдіктің ішкі және сыртқы, идеалды және материалды әр түрлі құбылыстарды салыстыра бастады. Егер ежелгі дәстүрде барлығы космологиямен байланысты болса, барлық салт-жоролғылар қызметтері, адамның ғарышпен байланыстылығы – бөлінбеуінен, кейбір жағдайда олардың арасында алыстаушылық байқалады, этикалық пен эстетикалық байланысты адамды құрудағы күш жоғарылайды және ашылады. Белгілі болғандай, көшпенділер дүниетанымындағы бұл өзгерістер адамның шексіз дамуына мақсатталғанеді, оның шығармашылық әлеуетінің өзектілігін көрсетеді. Бірақ сол кезде де этикалық және эстетикалық ұғым адамның қызығушылығы мен санасынан шықпай ол тәжірибелік сұраныс ретінде қаралған жоқ. Қоршаған әлемнің және адам жағдайының нашарлығынан универсалды мәдениет пайда болып, сонымен бірге жаңа әлемдік қарым-қатынастың абсолютті түрі пайда болып, онда жоғарғы құндылық Аллаһ болып саналды.

Тағы бір ескеретініміз, көшпенділерде ислам идеясы таза түрде болмады. Олар исламға өздерінің, ата-бабаларының, әулиелер мәдениетін кіргізіп, оны қазақтардың эпикалық мұрасынан, жыраулардың поэзияларынан, ақындардан да байқауға болады. Мысалы, ұлы түрік ойшылы Махмұд Қашқаридің поэзиясында, сопылық философия мен шамандық дүниенің синкреттілігінің бірігуі, бұның барлығы Аллаға мойынсұну, кейбір кезде «Тәңір», яғни Аспан: «Тәңірім аспанды кең жаратыпты, жұлдыз бар онда ғажап, дара тіпті» [4]. Ш. Уәлиханов қазақтар екі наным, сенім болды деп айтқан «...қырғыздарда оны (шамандық) мұсылмандық сеніммен араласып кеткен, бұлар араласса да бір сенімді құрады, ол мұсылмандық деп аталды, бірақ [олар] Магометті білген жоқ, Аллаға және бір мезгілде онгондарға сеніп, мұсылмандық қабірге де құрбандық шалып [және бір мезгілде] шаманға да сеніп, могаметтің қажыларын сыйлап [және]

отқа табынды, ал шамандар мен онгондар барлығын мұсылмандық періштелерге сендіріп, Алланы мақтауға шақырған. Бұл қарама қарсылық бір-біріне бөгетін тигізген жоқ, қырғыздар бұның барлығына сенді» [5]. Сондықтан көшпенді ойшыл дәстүрі және мұсылмандық шек, бұл зерттеуде ауыспалы және шартты түрде бөлінген.

Барлық мәселені шешуге мақсат қоймай, біз ортағасырлық мұсылмандық зерттеулерінің нәтижесі осы дәуірдің құндылықтарына соның ішінде М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытовтың этикалық және эстетикалық көзқарасына елеулі әсерін тигізді деуімізге болады.

Адамның әлеммен құратын гармониялық қарым-қатынасы, біздің ойымызша ортағасыр дәуірінің жаңа қоғамдық деңгейдің бір сатысы секілді болған. Ислам діні дәстүрлі көшпенділер әлемінің көзқарасының басты элементі, идеясы болды. Бұл мұсылмандық ойдың жоғары идеясы, бұның іргетасын қайырымдылықтың бірлігі, шындық және сұлулық, интеллектуалды сұлулық, адамдар арасындағы қарым-қатынас, денсаулық қалайды. Жоғарылық туралы сұрақ ортағасыр мұсылмандық философиясында бар екендігі мен көзбе-көз, бұл бар деп айтуға болады. Алла бар жерде барлық ғажайып пен жоғарылық та тоқтатылды, Алланы жоғары көтеріп, жаратушы деп, өзінді оның құлымын деп санау, жаратушыға деген адамның шынайылық махабатын көрсетеді. Ең шынайы сұлулыққа жету демек, Құдай тек қана жүрекпен болады. Ортағасыр дәуірінің этикалығы мен эстетикалығын ұғу үшін оның арасындағы қарым-қатынасты, ортағасыр мұсылман ұғымының анықтамасының таным процесін ұғу керек. Философтар мен ғалымдардың, сопылардың мистикалық ұғымын шығарып қарасақ, бұнда «сананың рационалды білімін жоғарылауын көруге болады» [6]. Е. Фроловтың, Г. Шаймухаметованың зерттеулерінде бірнеше рет байқалды, кереметтік спецификалық ұғым сопылардың сезімдік қайғыруы делінген. Бұл жанның шындықпен, кереметтілікпен байланысқан кездегі қайғысы. Бұл жерде шынайы білімді мистикалық махаббат үрдісін көруге болады, сананың ішкі таным жұмысының қиындығын жобалауға болады. Индивидтің таным үрдісінің жасырын жоғарылығының осы жағдайы шығыс лириктерінің поэзияларында кең таралған. Ғұлама шығыс ақыны – Хафиз осылай деп жазған:

Не жалуйся Хафиз!
Любимой верен будь.
Ничтожное забудь!

Высокому хвала!
Хафизу дай вина глатнуть,
Всегда великодушной будь.
К твоей душе заветный путь
Мне отворит Незримый [7].

Құранда Сура Әнғам Сүресі бар [6:59], онда Абсолюттікті рационалды түрде жетуге болмайтынын айтады: «Көместің кілттері оның жолында. Оны Ол, өзі ғана біледі және құрылықтағы, теңіздегі нәрселерді біледі. Бір жапырақ түссе де, Алла оны біледі. Және жердің қараңғылықтарындағы құрғақ және жас ұрпаққа дейін ашық Кітапта бар» [8]. (У всего ключи тайного; знает их только Он. Знает Он, что на суше и на море; лист падает только с Его ведома, и нет зерна во мраке земли, нет свежего или сухого, чего не было бы в книге ясным) [9].

Бақылау сұрақтары

1. Этикалық және эстетикалық ұғым адамның санасында қандай жаңа діни концепцияны әкелді?
2. Жоғарылыққа жету мүмкін бе? Өз жауабыңызды дұрыс, нақты жазыңыз.
3. Әлемді танудың мистикалық және рационалды жолы, мәні неде? Біріне- бірі қарама-қарсылығы қаншалықты?
4. Ж. Баласағұни, М. Қашқари, Х А. Яссауи, Әл-Фараби шығармаларының этикалығы және эстетикалығының жоғарылық принципінің категорияларын ашып нәтижелесіз.

1.5 М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов мұраларында мұсылман мәдениеті этикалық және эстетикалық бірізділіктің көрінуі

Сабактың мазмұны: мұсылман мәдениетіндегі М. Ж. Көпеев, С Торайғыров және Ж. Аймауытов шығармаларының этикалық және эстетикалық спецификасы мен ұқсастығын, айырмашылығын анықтау.

Тақырыпты меңгеруге арналған ұсыныстар: ХХ ғасырдың басындағы ортағасыр дәуірінің «адам жоғарылығы» ұғымының мақсаттық нәтижесін жүргізу. Этикалық және эстетикалық байланысты ең жоғары деп қарастырып, бұл байланысты М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтың шығармаларынан байқауға болады.

Бұл байланысқа авторлық негізгі анықтаманы беруге болады: адамгершілік, жауапкершілік (М. Ж. Көпеев), қайырымдылық (С. Торайғыров), адамдар әрекеттері (Ж. Аймауытов). XX ғасыр адамының рухани дүниесіне назар аударып, оны ортағасыр мұсылман дәуіріндегі адамның рухани жағдайымен салыстыру.

Тақырыптың мазмұны

1. Жоғарылық мәселесі. Мұсылман діни тұжырымындағы этикалық басымдылық.

2. Этикалық және эстетикалық, адамгершілік, жауапкершілік, (М. Ж. Көпеев), қайырымдылық (С. Торайғыров), адамдар әрекеттері (Ж. Аймауытов) негізіндегі байланыс.

3. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов шығармаларының рухани дүниесінен және адамның өзін-өзі талдау ізденісі.

XX ғасырдың басындағы қазақ ойшылдарының мұраларымен таныса отырып, М. Ж. Көпеевтің философиялық, әлемге деген көзқарасы С. Торайғыровтың және Ж. Аймауытовтың көзқарастарынан бөлек екенін байқауға болады. М. Ж. Көпеевтің шығармаларында исламдық дәстүр бар екеніне куә ретінде, мына парсылық шығармаға айтылған пікірден байқауға болады: «Шығыс әдебиетінен Фердоуси, Низами, Хафиз, Саади шығармаларын зерттеп оқыған» [10], түрік дәстүрі (Фараби, Баласағұни, Қашқари, Яссауи). Оның адам туралы, жақсылық, бақыт, өмірдің мәні, махаббат, сана, сұрақ-жауап туралы аффистикалық ой формасында айтылған. «Ғалы Арыстанның әңгімесі», «Жарты нан хикаясы» (Притча о половинке хлеба). Жаратушының өмірі туралы ойлап, оны шығармашылық тұлға ретінде қарастырып, өзінің қиссаларында, этикалық діни бағыты бар екенін көрсетеді. «Жер мен көк» (Земля и небо), «Пайғамбардың дүниеден өтуі туралы», (О пророке), «Адам мен жұлдыздар арақатынасы» (Взаимосвязь человека и звезды)

С. Торайғыров көп уақыт өзін атеистпін деп, мұсылмандардың рухани өміріне және өкілдеріне қарсы болды. Бұл біржақтылық жас ойшылды өзінің шығармасын үстірт ұғынуына әкелді. Біздің ойымызша бұл жерде әлемге деген діни көзқарас пен ойшылдардың діни іскерлігі арасында айырбас болды. Көп ғасырлар бойы қазақтардың өмірінде елеулі орын алған діни феноменді ұғыну үшін Ж. Аймауытов та еңбектенді. Ол діни сұрақтарды терең талдаған, дінилікжасырын іскерлік пен шынайы діни ойшылдар арасында шекара қойды, олар әрқашан ізденіс үстінде және бітпес әлем

диалогын табады деп айтқан. Ойшылдың пайымынша қазіргі имандардың білместігі, фанаттылығы, кітаптар мен газеттер таратылуы, дұрыс емес уағыз айтудың барлығы біздің болашақ ұрпағымызға елеулі әсерін тигізеді делінген. «Дін мен фәлсафаның шаруаға байланысы» деген мақаласында Ж. Аймауытов былай деп жазған: Діннің тарих және философиялық мәнін нәтижелесек, XX ғасырдың басында жаңа жастардың ойында дін деген мағына жоқ» деп ой қорытындылап шығарды. Осы жоғарыдағы айтылғандардың барлығынан ой түйсек: С. Торайғыров пен Ж. Аймауытовтың шығармаларын зерттеген зерттеушілер олардың мұраларының мағынасын жоғалтып алған сияқты.

Көпеев абсолютті танымның болмайтынын мойындады, ақиқаттың жоғалуы, жоғарғы болмыс танымның әлем бейнесінен шығады. Тек қана жүрек адамның терең танымдық талпынысының сырын ашуға көмектеседі. Бұл позиция жалпы мына тезистен шығып отыр: Құдай адам жүрегінде: «Өзіңді танысаң – әлемді танысың (Құдайды)». М. Ж. Көпеевтің ұғымынша жетілген адам – өз бойында шындықты, адамгершілік қасиеттерін ашып, өзін және бүкіл әлемді ашушы. Алайда М. Ж. Көпеев өзіңді тану үрдісінде өзіңді тежеу деген мағынада емес, ол өз-өзімен болу, ақиқатқа кіру деп айтқан. Өзіңді-өзің ұғыну барысында адам айналадағыларды өзінен мезі қылмауы керек. Керісінше ойшыл, өзіңді танығың келсе, айналадағылармен аралас деп айтқан.

М. Ж. Көпеевтің ойын қорытындылай келсек, ол екі деңгейлі адам жанын бөліп шығарған примитивті және жоғары, ерекше сезімсіздік, сауатсыздық жанның жаман ойларға тап болуына итермелейді. Жоғарылыққа жету үшін адамның жаны жұмыс істеуі керек. Әрбір адамда бұл үрдіс жеке дара түрде жүреді, бұл өмірді тану үшін бір өмірлік элемент. М. Ж. Көпеевтің ойлауында мистикалық сана ол «жанданған сезім» еместігін айтқан. Қазақ ойшылдарының тұжырымы адам өмірінің шындығына көп мән берген. Бұны біз М. Ж. Көпеевтің мына философиялық позициясынан көреміз, алдын ала жүрек және ой «Өзге нәрсеге – «құлақ пен естіген – танық, көзбен көрген – анық. Көзім көрмей нанбаймын» [11, 24 б.]. Яғни Құдайға деген жол руханилықты ғана емес, интеллектуалды ізденісте болуын қажет етеді.

Бірақ, егер М. Ж. Көпеев санаға қайырымдылық махаббат арқылы жетуге болады десе, С.Торайғыров өзіңді тануға құлшыныс, қоғамдық әділеттікке [әділ] талпынуға болады. Ойшылдың өз-өзімен жүргізген диалогы, «Меннің» тануы оны адам жанының бір қасиетін ашуға көмектеседі, ол «ар-ождан». «Ар-ождан» адамның жанының

ішкі стержинін адамның өзіне нәтиже беруіне, өзін бағалауға жағдай туғызады. Жалғыз құдай ғана өз дауысымен адамды дінге шақырады. Басқа сөзбен айтсақ С. Торайғыров, өмірде жасалған жасалмаған нәрселерден барлығы таңдалған өмір мәні, ең ақырында бұның барлығы адамның жанының қуанышы, қайғысымен байланысты, ол механикалық түрде емес, адамның қайырымдылыққа деген құштарлығын көрсетуі керек. Ұйықтап жатқан жанды кім оятады? Адамның өз өмірінде жеткен жетістіктері, қуанышы, қайғысы, қорқынышы оның бойында «Менін» туғызады. Адам құдаймен ар тілінде сөйлеседі. Құдай әр адамның жүрегінде, жанында өмір сүреді. Адам өз-өзіне қожа, барлық қиындықтарды жеңе келе, өзінің әлсіздігін жеңуі керек. Осы жағдайда ғана ол өзін танып, жағдайын жақсартады. Осындай таным контексі, этикалық және эстетикалық бірлігі, әлемді гармонияға әкеледі. Ж. Аймауытовтың «Неге арналсаң, соны істе» деген мақаласы адамдардың данышпандығы, адамның рухани жоғарылығын ұғыну арқылы көреміз. Ж. Аймауытовтың әлемге деген көзқарасы адамның табиғаттағы дамуын, мінезін тануға көмек береді. Бұл жерде адам мәселесі қозғалып отыр. Бұл жол жоғарылауға баратын жол. Ж. Аймауытовтың онтологиясында адамның қылықтарын да көруге болады. Қарсы жағдайда бұл әлеуеттік қауіп бұл қылықты жасаймын деп адам өзінің адамгершілік қасиетін жоғалтып алу мүмкіндігі бар. Ойшылдардың пайымдауынша адамның бойында үш «Мен» бар: «Менікі», «Мен өзімдемін» (ішкі Мен), «Мен басқалар үшін» (қоғамдық). Біздің ойымызша бұл жерде діни көзқарасты байқауға болады, адамның жүрегін мәңгілікке құдаймен байланыстыру. Барлығына қателесу тән, біз бір-біріміздің алдымызда шынайы емеспіз. Санамызға кейде жүректің әмірі де жүрмейді. Жан «ішкі мен», оны тану қиын, меңгеру қиын. Бұның жауабын Ж. Аймауытов былай түсіндіреді: сананың, бейсаналықпен байланысы, оның бірлігі адамның жанын ашады. Бұл жерде бейсаналық көп мағынаға ие.

М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов барлығы түрлі жолдармен келіп, бір идеяға сүйенеді. Сананың гармониялық бірлігі, адамгершілік сұлулықтан тұрады. М. Ж. Көпеевтің ойынша тану үрдісі арқылы өмірге деген жауапкершілікті табуға болады, ал С.Торайғыровтың ойынша саналы адам әлемімен гармонияда болып, әділеттікке талпынуы керек деп айтқан. Ал Ж. Аймауытовтың тұжырымында ол 3 деңгейлі Мен, адамдардың жасайтын жалпы қылықтарын, мәні мен адамдардың бағытталуының мағынасын көрсетеді.

Бақылау сұрақтары

1. Берілген ойдың авторы кім? Мына жолдарда қандай этикалық және эстетикалық категориялар талданған? Өз жауабыңызды нақты жазыңыз.

Ұзын түн зығырланам, қайнауменен.
Зарлаймын ұзын түні көрермін деп,
Көре алмай ашылғанын қасіретім көп.
Ғұмырымда бір ашылған уақытын көрмей,
Барамын бұл жалғаннан мен уайым жеп [1, 26 б.].

Стараясь не порвать
Надежды нить,
И эту жизнь в одно
Соединить с загробной,
Кто-то ищет справедливость.
Но где же он?
Легко ему ли жить?
Но где он?
Мужеству его хвала.
Ведь надо быть сильнее лжи и зла.
И верность человечности и чести,
Хранить всегда,
Хоть душу жги дотла [12, с.34].

«Санасыздық дүниесі біздің көңіл күйімізге де әсері тиеді екен. Кейбір жұмысты жақсы істеуге көңілдің көтеріңкі болуы – жағымды шарттың бірі».

«Өзгелерді өзімізге ұйқастырып бақылаймыз, басымыздан нені кешірсек, басқаларды да сонымен өлшейміз».

«Өзінді білгің келсе, өзгелерге қара; өзгелерді ұқпақ болсаң, өз жүрегіңе үңіл,- дейді Шиллер».

2. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтың дінге деген қатынас спецификасын анықтау (өзіңіздің жауабыңызды олардың шығармашылық негізіне талдау арқылы түсіндіріңіз).

1.6 XV-XVIII ғғ. ақындары мен жырауларының мұраларындағы этикалық және эстетикалықтың бірлігі мен қайшылығы

Сабақтың мазмұны: ақындар мен жыраулар мұраларындағы этикалық пен эстетикалығының ерекшеліктерін талдау.

Тақырыпты меңгеруге арналған ұсыныстар: берілген тақырыптың негізгі мақсаты қазақтың ақын-жырауларының поэзиясындағы этиканың және эстетиканың берік категорияларын қарастыру, тұлғаралық қатынастардың талдауын қамтиды. Туысқандық, ағайындық, қаһарман және т.б. категорияларға терең тоқталу керек. Сондықта да, негізгі дәрежелер және оларды тереңдетіп айқындайтын ұғымдардың арасындағы байланыс айқындалуы керек.

Қойылған тақырыпты оқытуда ақын және жырау поэзиясының жеке өкілдерінің ойлауындағы бақыттың мәселесі және өмірдің мағынасының ұғынуына үлкен мән беріледі. Осы мақсатта ақындар мен жыраулардың шығармашылықтарындағы бастапқы дүниетанымдық бағдарларын айқындап алу керек.

Тақырыптың мазмұны

1. Этикалық және эстетикалық туысқандық қатыстардағы сыртқы және ішкі диалектикалық бірлік.

2. Асан-Қайғы, Доспамбет-жырау, Шалкиіз-жырау, Шал-ақын, Бұқар-жырау шығармашылықтарындағы бақыт және өмірдің мәні туралы мәселелері.

Сөзсіз, туысқандық қатынастардың мәселесі бұрыннан қозғалып жүр. Ортағасырдың өзінде де адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасынан гармония формасына ерекше екіпін қойылған. Белгілі жай, адамдардың материалды және рухани өмірлері көп жүзжылдар бойы қазақ қоғамында бір-біріне этика және эстетикалық байланыстар рулық, отбасылық, қандас-туысқандық қатынастарымен айқын анықталып отырған. Сол кездегі қатал хал-жағдай біреуінің өмір сүруіне мүмкіндік бермеді, ол адамдарды ол адамдарда мәдениеттің жаңа оң сапаларын дамыды, олар халықты алдымен бірлік пен біртұтастыққа алып келді. Далалықтардың бір-бірін сыйлауы және махаббат, қандас-туысқандық қатынастардың беріктігі мынадай ұғымдарда туысқандық, ағайындық, абысындық және т.б көрінді. Әр дәуірлерде ойшылдардың жиі еске алатындары, олар терең мәнді этика-эстетикалық негізге ие, туысқандар арасында өзара келісім идеясы және туыстардың бірі-біріне деген сыйластығы, демек бұл,

барлық халықтың бірлігін, адамгершілікпен жақсы қасиеттерді және тұлғаралық қатынастардың жақсы орналасқанын байқаймыз. Және бұл қарым-қатынастың сипаты бір уақытта оң эстетикалық және этикалық құндылыққа ие болды.

18 ғасырдың белгілі ойшылы Бұқар-жырау жақын туыстар мен ағайындылар арасындағы жаман қатынастар тайпа ішіндегі дұшпандыққа, халықтың моральды құлдырауына әкеледі және ағайындылардың әйелдерінің бір-бірімен келіспеушіліктері ауыл ішіндегі адамгершілікті жояды, тұлғааралық қатынастың берекесін кетіреді деп айтқан.

Ағайынның аразы
Елдің сәнін кетірет,
Абысынның аразы
Ауыл сәнін кетірет [13,93б.].

Абысындардың арақатынастарына үлкен мән берілу себебі, қазақ қоғамында әйелдер жас ұрпаққа тәрбие беру рөлімен ұғындырылады. Атап өту керек, адамгершілік қасиеттерге жанның әдемілігіне көп көңіл бөлінеді, «Сұлу – сұлу емес, ару – сұлу, неге десең жаны сұлу» – «Не та прекрасна, что красива, а та, что душою хороша».

Шалкиіз-жырау өз ойында ағайындық ұғымы тек қана туыстық қатынастарда кездеспейді деп айтқан. Осы ұғым оның шығармашылық дамуында барлық адамдардың тұлғааралық қатынастармен байланысады дейді. Жырауды айтып өткен, адамдардың арасындағы күндеушілік әсіресе, дарынды адамдарға деген әділ қатынастардың болмауы, олардың кеңестері және даналықтары халыққа қиын қыстау кезінде көмегін берер еді. Оларды туған өлкесінен қуу тек қана күндеушілердің өкінулерінде, кеш нәтиже шығарады:

Ағайынның ішінде,
Бір жақсысы бар болса,
Қоңқылдаған көп жаман,
Сол жақсыны көре алмас.
Сол жаманның басына,
Қиын қыстау іс келсе,
Бағанағы жақсысын
Қос арғымағын қолға алып,
Күнінде іздесе де таба алмас [13, 45б.].

Бақылау сұрақтары

1. Неліктен қазақ ақындары мен жыраулары қандас - туыстық қатынастар мәселесіне көп көңіл бөлінді? Өз жауабыңызды дәлелдеңіз.

2. 21 ғасырдағы осы қатынастардың ерекшелігі неде? Қазіргі қазақ қоғамында ақындар мен жыраулар идеяларының оң және теріс аспектілерін ашып көрсетіңіз.

3. Бұқар-жырау, Доспамбет-жырау, Ақтамберді-жырау поэзиясындағы ғажайып, бұзақылық, батырлық ұғымдарына мысалдар келтіріңіз. 21 ғасырдың адамына олардың ойлары өзекті ме? Өз жауабыңызды дәлелдеңіз.

1.7 Ақын және жыраулар этика - эстетикалық идеяларының М. Ж. Көпеевпен, С. Торайғыровпен, Ж. Аймауытовпен дамуы

Сабақтың мақсаты: М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов мұраларындағы ақындардың жырау этика - эстетикалық идеяларының әсер етуінің ерекшеліктері және айқындалуы.

Тақырыпты меңгеруге арналған ұсыныстар: студенттерге бұл тақырыптар олардың өмір сүруі және өнердің призмасын Қазақ ақындарының философиялық ойлауларында және мәселенің дәстүрлі емес ұғынуы этика және эстетикалық арқылы ретке келтіруге көмектесуі керек.

Тақырыпты оқуға арналған ұсыныстар: Студенттерге бұл тақырыптар қазақ ақындарымен және жырауларының философиялық ойлауларынан дәстүрлі емес этикалық және эстетикалық мәселелері арқылы олардың өмір сүрулерін ретке келтіруге көмектесуі керек. Ақындармен жыраулардың тақырыптары және басқа адами дүниетанымдық мәселелеріне көңіл аударылды.

Тақырыптың мазмұны

1. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов шығармашылықтарында ақындар, жыраулар өмірлерінің мәні, бақыт ұғымын түсінудегі ұқсастықтары мен айырмашылықтары.

2. 15-18 және 20 ғасырлардың басындағы халық бірлігінің мәселесі: салыстырмалы талдау .

Қазақ қоғамы үшін ХХ ғасырдың басы тұлғааралық қатынастардың күрделілік қарама-қайшылығымен, олардың асқынуымен сипатталады. М. Ж. Көпеевпен рухани бірліктің жоғалуы

жеке бас өзімшілдігінің өсіп кетуінен қоғамның құндылық қойысында адамгершілік өзгерісі бар екендігі байланыстырылады, бұл – ең соңғы эгоистік белгі:

Дүние үшін бірін-бірі көрмей безіп,
Ағайын татулықтың жібін үзіп.
Арсалаң тазыға ұқсап жүрген жан көп,
Қанағат қашқандықтан көзін сүзіп [1, 77б.].

Ойшыл, қоршаған әлем және өзара байлыныс пен адамдар өздерін өздері алдайды деп білген. Және олар, өздері сезінбей бұртұтас әлемнің жеке бөлшектеріне өздерін және басқаны танымай бір-бірімен қарсыласады. Адам өзі шексіз рухани құндылықтарды пайдаланбағаны үшін жауапкершілікке тартылады. М. Ж. Көпеев болмыстың қажеттігін терең түсінген, себебі жеке болмыс мәнсіз болып табылады:

Бір адам бар: өрік, мейіз ағашы сықылды
Жемісінен дүние жүзі баһра алады.
Бір адам бар терек ағашы сықылды,
Отқа отын болғаннан басқаға жарамайды [1, 84б.].

Жақсылық, қайыр, ихсан қылған ісі,
Адамның қымбат баһа сол жұмысы [1, 84б.].

Берілген контексте құдайға деген махаббатты айта кету қажет, ол жалпы жаратылыс әлемін, әлемдегі барлық жаратылғанды оған мойынсұндырады, М. Ж. Көпеев түсінуінде - бұл тек қана қайырымдылық және сұлулық туралы жай толғаныстар емес, ол дұрыс намаз оқу мен ауыз бекітуді көзге жай көріну үшін ұсталмайды. Шынайы, таза махаббат ол қамқорлықта, нақты бір адамға деген қайырымдылықта көрінеді. М. Ж. Көпеев бойынша соңғысы, адамгершілік рухтың мәнін білдіреді.

Оразаң отыз күнгі – отыз кісің,
Бес кісі – бес намазың білемісің.
Жоқ қылып жамаңдықты жойылтуға,
Бұлармен дәнемеге келмес күшің.
Қысылды, мен болмасам, шыбын жаның,
Дәрменің қалмап еді, құрып әлің.
Танып қой, танымасаң, мен боламын,

Дүниеде қылған қайыр –
жарты наның! [1, 167б.].

Сондықтан бұл бірінші жоспарда тепе-тең емес басқа қарым-қатынастар шығуы керек, бірақ жоғарғы және руханиландырылған қатынастар болуы мүмкін, осындан қайырымдылық бір-бірінен пайда көздемеген жағдайда ғана болуы мүмкін. Адамға деген негізгі басты жауапкершілікті Көпеев арқалата жүктеген. Оның және басқаға деген қайырымдылығынан (жауапты) мейірімділік гармониясы мен сұлулық көзі қалыптасады. М. Ж. Көпеевтің жауапкершілік туралы түсінігіне мән берсек адамның этика-эстетикалық жетілуін онтологиялық негізде ғана емес, адамның рухани-адамгершілік жауапкершілігі тұрғысында айтқаны көрінеді.

С. Торайғыров та өзінің рухтық позициясы жағынан М. Ж. Көпеевке жақын екенін атап өту керек. Іс жүзінде оның барлық туындыларында адамдардың рухсыз қатынастары трагедиясы бақыланып отырылады :

Өмірде неше түрлі улы іштім,
Неше түрлі азапқа, жаным, түстің.
Ағайынның ішінен ала шықса,
Жау ішінде бар ма екен сонан күштің [2, 141б.].

Я в жизни своей много яда вкусил!
Терзанья душе столько стоили сил!
Но если в родне появился завистник,
Он хуже врагов тебе будет постыл [12, 24б.].

Оны адамдардың диалогі шексіз және алуан түрлі екенін атап өтеді, сондықтан, ол біртұтас гармонияға дауыстарын біріктіретін полифония болуға тиісті. Бұл ештеңе емес, С. Торайғыров әділдікті дүниежүзілік заң ретінде қабылдауды өтінді. Шынайы және адамгершілік қатынастар, басқаша айтқанда, ар-ұждан С. Торайғыровша жетілген адамды анықтайды. Егер адамдардың арақатынастарында М. Ж. Көпеев кешірім және қайырымдылық сияқты сапалары атап өтсе, С. Торайғыровтың еңбектерінің ең негізгісі әділдікке бағытталған. Және С.Т орайғыров өзіне кісіліктің негізін қалайтын сапалардан үнемі басқаға көзқарасын байқауға болады, адамгершілік сапалардың негіздеуші қатынастардың тәсілі болып табылады. Бір жағынан, бұл жерде С. Торайғыровтың әділдікке деген ұмтылысы адамдарға және өзіне біржақты тар түсінік болып

көрінуі мүмкін (өзіме жаман және басқаға сондай). Бірақ С. Торайғыров бойынша әділдік менмендікте және өшпенділікте емес, жеке дара ұғым емес, керісінше әділдік – өзіншіл себептерге қарсы тұратын өздеріне қайғы әкелмейтін гармония. Әділдік оның түсінігінде өзіне қайтатын сый деп білсе және араб мәдениетін талдауда А. А. Смирновтың айтуынша: «әділдік – жеке атомдарды қоғамда теңестіру тәсілі емес, оны жоғарылатудағы «кіріс» (және сондықтан ішкі қайшылықтарды бір-бірі арқылы жоғарылатуға болмайды); әділдік бұл болмыспен шектелген модус болып табылады. [14]. Басқаша айтқанда ол гармониялық болмысқа бағытталу, өмірдің ереже және нормасы. Адамзат өзінің ізденістерінде жоғарғы ауыспалы құбылыстарға, басымдылықтарға жол беріп, әділеттікте этикалық көзін жоғалтты. Осыдан әділеттілік идеясы жоғары рухани үйлесетін бастама және түсінік бұрмаланды. Барлық айтылғандардан, адам қарапайым құбылыс емес, онда әлемдік мән, этикалық және эстетикалық бірлік бейнеленген, ол жол бір, онда барлық әлем өзінің жоғарылауын және негізгі мақсатын алады. Бұл жолдарда әлеуеттік шығармашылық жолы және өзінің жақсы ізденістерінде сан жағынан емес, сапа жағынан шексіздік бар.

Ж. Аймауытов мұраларына көшетін болсақ, онда қазақтардың әртүрлі қоғамдастықты, «Қартқожа» романындағы бір-біріне көмек бергісі келмейтіндер ұлттық шеңбер аясынан шығып кеткендерді жазады. Ол көмек пен қолдау туыстық қатынастар ғана емес, ең алдымен адамгершілік принциптерін атап айтады. Біз дәстүрлі дүниетанымда ағайындық, туысқандық сияқтылар этика-эстетикалық өте терең мән және ойлар Ж. Аймауытовта адамгершілік ұғымы арқылы бейнеленетінін атап айту қажет. Қоғамдағы жоғары әлеуметтік жағдаяттарында, білімділігінде, Ж. Аймауытов бойынша қатігездік пен рақымсыздық жиі көзден таса болмайды: «мыңдаған үйі, миллиондаған жаны бар қала тым болмаса есігінен қаратпады-ау. Мұны білімнің, адамгершіліктің орны дейді-ау! Адамгершілігі қайда? Білімді ел тас бауыр бола ма екен? Мына тұрғандар үй ме? Жыртқыш, жалмауыз ғой. Ай, кеңпейіл қазағым-ай! Қадірің осындайда білінеді екен ғой» [3,140б.]. Біздің ойымызша Аймауытовта адамгершілік және ақыл өте дұрыс жолға қойылған, теңсіздік көрсетілген. Бірақ, адамда біртұтас бірлік ретінде керек екені саналы сезініп, ойшыл этикалықпен ақылды біріктіретін бастаушы деп, адамзаттың сыртқы емес, бірақ ішкі ойына бір - бірімен үндесуін мақұлдады. Демек, тек қана адамгершілік, адамда жай ғана ақылды қатынас емес қуатты күш ретінде көрінеді. Және бұл контекстте адамгершілік ғажап деп ұғынылады. Белгі болғандай, ойшыл бұл жерде туыстық

катынастарды емес, адам жасына, ұлтына қарамай адамгершілік қасиеттері туралы сұрақтарды көтерген: «Қартқожа қазағын, елін сүйеді. Байын, жауызын емес, бұқарасын, кедейін, жалшысын, жерін, суын сүйеді. Қазақ пен орыс төбелесіп жатса, орыстікі зорлық деп ұққысы келеді. Бірақ орыстан көрген жақсылығын ұмытпайды, орысты да бауыр тұтқысы келеді [3,142б.]. Осыдан Аймауытов бойынша жетілген адам – көмек беруге белсенді адам, адам – жаратушы. Және адамның рухани жағдайынан этикалық және эстетикалықтың байланысы олардың бірлігі мен қайшылығы тәуелді болады.

Біздің байқауымызша, қазақ халқы дәстүрінің этикалық түрін эстетикалықтан бөлмейтін бүтін мағынасын жоймай әмбебаптықты жасап алды. Оларға қазақ ойшылдары жаңа мағыналы мазмұн енгізді, тар – туыстық қатынастарды жалпы адамгершілік деңгейге кеңейтті.

Бақылау сұрақтары

1. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов пайымында ағайындық, туысқандық ұғымдары қалай түсіндірілген? Салыстырмалы талдау жасаңыз және қорытындысын кестеге түсіріңіз.

2. Қазіргі қоғам өмірінде адамгершілік қатынасты құрайтын этикалық және эстетикалықтың неге аз талқыланатынын және қажетсіз болып табылатынын түсіндіріңіз?

1.8 XX ғасыр басындағы қазақ ойшылдарының шығармашылықтарындағы этикалық және эстетикалықтың өзіндік қатынасы

Сабақтың мақсаты: М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов шығармашылықтарындағы этикалық және эстетикалық контекске салыстырмалы талдау жасау.

Тақырыпты меңгеруге арналған ұсыныстар: Берілген тақырып адамның ішкі және сыртқы диалектикалық байланыс талдауын қарастырады: ғажайып пен мейірімділік, жамандық пен бұзақылық. Тақырыпты зерттеу үшін этикалық және эстетикалықтағы бірлік мәселесі ұғымына үлкен мән берілген. Сонымен бірге адамда этикалық және эстетикалықтың қайшылықтарының ерекшелігін талдап, айқындау керек. XX ғасыр басындағы ойшылдардың берілген мәселені шешу жолы позициясына және аталған мәселенің заманауилығына ерекше назар көрсетілген сұрақтарды қарастыруға арналған.

Тақырыптың мазмұны

1. Қазақ эпостарының басты кейіпкерлеріндегі ішкі және сыртқы бірлік.

2. Адамдағы ішкі және сыртқы келіспеушілік.

Ойшылдар жоғары этикалық сапалардан басқа, жалпы адами мейірбандық принциптер, интеллектуальды сұлулықтары, адамдарда бастаушы рухани жетілулерге апаратын сыртқы дене тартымдылығын (космогониялық белгілерден басқа) айқындайтын басым белгілер болатын атап айтты. Бұл талдау этика-эстетикалық ұсыныстар – сұлулық ұғымының талдауынсыз толық болмас еді. Қайшылықсыз қатынастар адамның ішкі және сыртқы әлемі барлық халықта бір уақытта бірдей болып есептеліп отыр. Біз бұл айғақтарды ескере отырып, жетілген адамның дене бітімі сыртқы түрінің ерекше мағынаға ие екеніне көз жеткіземіз. Мұндай ұғымдар қазақтарда тұтас әлемді қабылдаудың жалпы қорытындысы болып табылады, ол үшін дене компоненті рухани мазмұнымен сәйкес келеді. Сананың бүтіндік түрі деген не эстетикалықты қанағаттандыруы қажеттігінен ғана емес, эстетикалық адамдарда адамгершілік мағынасымен байланысады. Дене бітімінің сұлулығы орта ғасыр эпостарында дәстүрлі дүниетанымда адамның рухани сапаларында сұлулық жиі теңестірілген. Бірақ орта ғасыр эпостарында оның оң көріністері тұйықталмайды. Ол мазмұны жағынан ауқымды, оған жетілудің теріс жағы енеді, үздіксіз және бейнелеусіз көрінеді, жетілудің оң жағы (ғажайыпқа) қарсы тұрады. Мысалы «Қобыланды батыр» эпикалық дастанындағы Ұлтан бейнесі өзгеріссіз, ішкі әлемінің адами қасиеті төмен, сыртқы бейнесіне қарағанда ұсқынсыз:

Грудь его со скирду была,
В горло мог войти караван.
Шея крепкая, как скала.
Ухо каждое, словно щит.
Нос приплюснут, будто разбит [15].

Біздің көзқарасымыз бойынша адамның ең жақсы рухани қасиеттерін айту, сонымен қатар тән сұлулығын, күш пен ептілік, өткен ғасырлардағы ақындар мен жырауларда этика-эстетикалық мағыналары жай болған жоқ. Сыртқы және рухани сапалар адамда барлық ғажайыптылық уақыт талабы бойынша қажет. Мысалы, Қазтуған – жырау өзін, күшін барлық көшпелі әлемнің ұғымдарымен – жылқыны ұстайтын ұзын құрықпен, түйенің өткір тістерімен, ағаш

талын кемірумен, шешендігін жанып тұрған отпен салыстырады. Ақындар мен жыраулардың поэзиялық жолдарында көбінесе эпитеттер және салыстырулар батырлық рухымен номадтық өркениеттің және басқа халықтардың поэзиясымен үздіксіз байланысады.

Бұдырайған екі шекелі,	Чело исполина,
Мұздай үлкен көбелі,	Кольчуга как льдина
Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті,	И раб у него горделив, как султан
Адырнасы шайы жібек оққа кірісті,	Лук с огненной тетивойо.
Айдаса қойдың көсемі,	Людей как овец ведет за собою,
Сөйлесе қызыл тілдің шешені,	Шешена язык ему дан.
Ұст аса қашағанның ұзын құрығы,	Для диких коней он длинный урук
Қалайылаған қасты орданың сырығы	Орде он опора, народу он друг,
Билер отты би соңы,	Последний из биев,
Би ұлының кенжесі,	Сын бия-судьи;
Буыршынның бұта	Надежда бессильных
шайнар азуы [16].	в грозные дни [17].

Бұл жолдарда адамның сұлулығының ішкі руханилық басымдылығы айқындығына шүбә келтірмейді. Дене сұлулығы және денсаулық жетілген адамның бір ғана құрастырушысы, күш және денсаулық адамгершілікке жақын, яғни дене сұлулығы тек қана қызмет ету рөлінде ғана болады.

Ішкі сұлулықтың елеусіз идеясын өте жарқын түрде сопылықтар өз өмір сүру тіршілігінде көрсеткен, адами сұлулық тек қана руханилықта ғана көрінеді. Дене бітімінің тартымдылығымен рухани сұлулықты теңесту Ибн Синада тереңнен ашылды, ол бойынша « ... кейбір кезде, адам өзінің ұсқынсыз бейнесімен ішкі сапалары арқылы ғажап болады... Сәйкесінше, адамдар керісінше әдемі сыртқы бейнесімен өзінің мінезімен ұсқынсыз» [18]. Мұндай сәйкессіздік кейінгі кездегі қазақ ойшыларында да өте жиі кездеседі. Мысалы, адамгершілік мінезінің диалектикасы Ақан-Серіде жігіттер бейнесінде көрінеді. Ол сол кездегі замандастардың он үш қасиетін бөліп көрсетеді: ақыл, ақылдылық, табандылық; мақсатқа жетушілік, рух күшімен табандылық ету; өз-өзін сүю, мақтаншақтық және қабілетсіздік; жан-жақты даму және істеген істе дәлдікпен ашықтық; сараңдылық, айлакерлік, арамдық; еркіндік, әйелдеріне бағыну және тәуелділік :

Төртінші бір жігіт бар мінезі ауыр,

Асылзат ажар берген өңі тәуір...
Сегізінші бір жігіт сегіз қырлы,
Нық сөзді, раушан көңіл, жалғыз сырлы [17, 152-153б.].

Ақындар мен жыраулар өздерін жарқын адами мінездерін қажеттілік және қызығушылықтары арқылы көрсеткен, ол адам табиғатының шексіздігін және жұмбақтығын көрсетеді.

XX ғасыр қазақ ойшылдары шығармашылықтарынан бірнеше мысалдар келтірейік, ол адамның сыртқы және ішкі сәйкес қатынастарын анықтайды.

Айтылып отырған қатігездік, С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» атты эпикалық дастанындағы ақсақ Нұрым атты жағымсыз кейіпкерінен: «Аузына, темекі толтырған, мұрнынан асырып түкіріп тұр, ырсылдап, бұқа сияқты мойны қысқа екен; қарны қампиған сиырдікі сияқты: иекте сақал уқаланған қап сияқты жатыр, сұйық және жағымсыз. Көзі бақырайған. Өзінің барлық түрімен Нұрым бүйі секілдіні еске түсірді» [12, 193-194б.]. Ж. Аймауытовта да сондай ұсқынсыздықтан зұлым бейнесін көрді, ондай кейіпкері әрқашан өрескел және өктемдік іс-әрекеттерде көрінеді: Әйнектің түбінде қап-қара аюдай бірдеңе отыр» [3, 303б.]. «Көзі қисайып, ақшиып кетіпті. Қыли екенің сонда көрдім... Мінезі жаман екен» [3, 304-305б.]. Келтірілген дәйексөздер бейнесіз ғажайыпты теріске шығару ғана еместігін куәландырады. Айқын болғандай жағымсыз әсер қайғырысын көргеннен кейін, оны теріске шығару арқылы, мейірімділік және сұлулық сияқты адами құндылықтар анық бекітілген. Шеллингтің пікірі бойынша ұсқынсыз бейнелі құбылыстар «барлық алынғандардың үлгісі, түбі идеалдар, тек қана аударылған идеалдар емес, және осының арқасында олар ғажайып сферасына айналады [19]. «Жетілгендіктің» ұсқынсыз бейнесі болған сайын, ғажайып құндылығы айқындала түседі:

Как будто нить золотая, тонок ее голосок.
Хрупкая, беззащитная, будто бы стебелек.
Умная не по возрасту, нету такой другой.

И с плеч ее льются волосы стремительно, как поток [12, 169б.].

Этикалық және эстетикалықтың өзара байланысы құндылықтың бағытталғандығымен түр және мазмұн ретінде жойылады (оң немесе теріс), демек, адамның ішкі, рухани әлемімен байланысты. Бұл бір жағы ғана, этикалық және эстетикалықтың диалектикалық дамуының бір ғана күрделі жүйесі. Бірақ, әйтсе де, Көпеев, Торайғыров және

Аймауытов шығармашылығынан дүниені тану және орта ғасыр эпостық рухының мұраларын дамытуын атап өту маңызды деп санаймыз және сондықтан сыртқы және ішкі құндылықтардың сәйкестіктерін өзара байланысының келесі түрлерін шартты түрде ерекшелейміз:

- сыртқы сұлулық мінездері батырлардың ішкі рухани байлықтарға этикалық және эстетикалық бағытталғандықпен сәйкес келуі (Қамар- сұлу, Ахмет, Ақбілек, Шеризат), бұдан басқа, әрбір іс-әрекеттері және оның себебі жақсылық нұрымен рухтанған ғажайып сияқты қабылданады;

- теріс этикалық және эстетикалықтың сәйкес келуі, сыртқы тартымсыздық батырдың рухани жетілуін бейнелейді (Ақсақ Нұрым, Кәмәлидің күйеуі («Ақбілектен»)), онда барлық жерде батырдың моральды ұсқынсыздығы бейнеленген, адами қасиетінің төмендігі, оның ниетінен көрінеді.

Бірақ дене жетілуін немесе кемеліне жетпегендігін эпикалық туындыларда ғана емес, сыртқы және ішкі контекстерді теңестіруде де айтылады. Дене бітімінің сұлулығын орта ғасырда әл-Фараби басқа позициялар тұрғысынан қарастырады, осыған сәйкес «жетілген адам тәні – ол оның денсаулығы: егер денсаулық болса, онда оны сақтау керек, ал егер болмаса оны иемдену қажет» [20]. Біздің көзқарасымыз бойынша, орта ғасырлық ойшылдардың адамның табиғи дене мәліметтерінің артикуляциясы олардың «табиғи сұлулығымен» адамдардың негізгі сенімдерімен байланысты, онда рухани сапалар дамиды, яғни адамның дене денсаулығы оның белсенді орныққан әлеуетті қабілеттерімен дамиды. Аймауытов жас ұрпақ туралы ойланған кезде (Тәрбие) адамдарда дене бітімінің жетілуі үшін денсаулығын нығайту идеясы қажет екенін түсінді. Осы жерде екі ойшылдардың да көздеген идеясы сұлулыққа ғана таңырқау қанағаттану немесе пайда емес, ол рухани-жан дүниесін асқақтату және жетістікке жақындау болып табылады. Бірақ адамның табиғи сұлулығын айтқан кезде, әл- Фарабимен Аймауытов ақыл-ой және рухани сұлулыққа ниет білдірді.

Сонымен бірге С.Торайғыров сыртқы күйі ауытқымалы болатынын көрсеткен:

На взгляд бывает очень хороша
Красавица. Но вот ее душа
Темна. А ты не видишь в ней изъяна,
Мечтой нетерпеливой к ней спеша [12, 35б.].

Ол бірақ дене бітімінің сұлулығын жоққа шығармайды, ол туралы таңданып айтады. Бірақ, сұлулыққа құштарлық оның түсінігінде игілікке жақындау мақсаты болып табылады.

М. Ж. Көпеев өз дастандарында сырт көзбен қарағандағы адамның шынайы өмірдегі лауазымды, сыйлы орында отырса да, қоғамдағы жағдайымен сәйкес келмейтіндігін салыстырып айтады:

Бір талайға санасаң келді жасың
Шөпке тұрған қырау ма баста шашың.
Ұзын деумен етегім өтті
Ойда жоқ тіпті тұттай жалаңашың [1, 51б.].

Адамның өз бойындағы шындықты білгісі келмеуі, өзі қалыптастырып алған жасанды құндылықтарға сенуі күлкіден де ауыр келетін аяушылық сезімін оятады, кей жағдайларда адамдардың көңілі қалып жатқан да жағдайлар кездеседі. М. Ж. Көпеев өз замандастарының ісіне берік болмай, біреуге сенуі атқарған істерінің барлығы шала екеніне көзі жетіп, реніш білдіреді. М. Ж. Көпеев, С.Торайғыров трагикомедиялық көзқарас арқылы өмірдегі адам болмысының дұрыс болмауын, құндылықтырдың жоқтығын әшкерелеп айтады. Жасалған талдау арқылы шынайы жағдай мен мазмұнын сылыстыру арқылы осындай қорытынды жасауға болады:

- түр әлпетімен сыртқы және адамгершілігінің арасында қарама-қайшылық бар, (Жәмилә, Сылаң қыз, Мүсілім, Мұқаш), онда сыртқы жақсы сөз бен қимылдарының арасында өтірік болған кезде, келеңсіз мүдде көздеген, басқа адамдарды өздерінің мақсаттары ретінде пайдаланады;

- Сырт келбеті идеал болмаса да рухани сұлулығымен ерекшеленген кейіпкер (лирикалық кейіпкер, кедей Қартқожа) бойындағы қасиеттердің келіспеуі. Берілген классификация этика - эстетикалық байланыстың жан-жақтылығын шартты түрде, толық емес қарастырылуы этика-эстетикалық байланыс дамуының кезекті кезеңін ғана білдіреді. Ол туралы айтпай өту мүмкін емес, себебі этика-эстетика орта ғасырдың өзінде-ақ көпдеңгейлі болды. Оны бір ғана тұрғыдан қарастыру мүмкін емес. Адам қатал сызба бойынша өмір сүре алмайды. Дегенмен ортағасыр мұсылман философтары мен XX ғасыр басындағы қазақ ойшылдарының дүниетанымы біршама ұқсас. Олардың барлығы этикалық, адамдық, рухани сәттерге ерекше көңіл бөлді. Қорытындылай келсек, М. Ж. Көпеев этика және эстетикалық байланыс негізделген адамгершілік жауапкершілікті керек деген, С. Торайғыров ізденуді танумен байланыстырып қана

коймай, әділдікті де талап еткен, Ж. Аймауытов істің орындалуында адамгершілік болуын меңзеді, ойын жеткізе білді.

Бақылау сұрақтары

1. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов шығармашылықтарында адамның сыртқы және ішкі бірлігіндегі этика және эстетикалық қалай көрінеді?

2. Олардың шығармашылықтарынан этикалық және эстетикалық мәнді ашатын мысалдарды келтіріңіз?

3. Сыртқы және ішкі қайшылық. Қаншалықты сыртқы қайшылық жалған?

4. Ұсқынсыз бейненің жетілгені бола ма? Жауабыңызды түсіндіріңіз.

1.9 XX ғасыр басындағы орыс, еуропа, қазақ ойшылдарының шығармашылықтарындағы этикалық және эстетикалықтың компаративтік талдау арақатынасы

Сабақтың мақсаты: XX ғасыр басындағы орыс, еуропа, қазақ ойшылдарының этикалық және эстетикалық арақатынас мәселелерін көрудегі контекстік салыстырмалы ұқсас талдауларды айқындау және зерттеу ерекшеліктері.

Тақырыпты меңгеруге арналған ұсыныстар: XX ғасыр басындағы адамзат заманының жаңа күй-жай қырларын анықтау үшін XX жүз жылдық басындағы орыс, еуропалық және қазақ мәдениетінің негізгі құндылықтар бағдарына сараптама жүргізуге тура келеді.

Осы дәуірге байланысты жалпы дүниетанымдық бағдарларын айқындау. К. Ясперс, Ф. М. Достоевский, Л. Н. Толстой, Н. В. Гоголь, М. Хайдеггер шығармашылықтарына ерекше назар аудару керек.

Жүз жылдықта адамның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын берілген ұғымдық ішкі әлеміне дербес талдау жасау.

Осы кезеңдегі этика және эстетиканың негізгі ұғымдарына назар аударыңыздар. Қоғам мен адамда олардың көріну ерекшеліктерін (спецификасын) бақылаңыз, сонымен қатар берілген түсінікке әсер ететін факторларды сұрыптаңдар.

Тақырып мазмұны

1. Көшпенділердің - отырықшылығы. Батыс-Шығыс.
2. Этизм және эстетизм.

3. XX ғасыр басында адам мәнін түсінудің ерекшелігі мен ұқсастығы.

4. Зерттелетін ойшылдардың Мен-бөтен тұжырымын бейнелеп беруі.

XX ғасыр басындағы қазақ ойшылдарының дүниетанымдық қабылдауын зерттеу орыс және еуропа философтары К. Ясперс, Ф. М. Достоевский, Л. Н. Толстой, Н. В. Гоголь жақын болды, дегенменде олар сонымен қатар көркем мәдениетті жаратты және олардың шығармалары жақсылық пен жамандық арақатынас мәселелерінде философиялық жалпылау болып келді, кереметтік және ұсқынсыздық, яғни әлемде адам болмысы тәсілдерінің талдауы жасалды. Біздің көзқарасымызша, өнегелі жауаптылық сезімі М. Ж. Көпеев шығармасы кінә сезімімен тығыз байланыста тиісті қаралу керек. Дегенменен, әлемнің әрбір жетіспеушілігіне жауапкершілік және өзінің кім екенін көрсетуге мүмкіндіктерді пайдаланбағаны үшін өзін кінәлау сезімі бар болады. Бұл философия тарихында жаңа тақырып болып саналмайды, олар белгілі болғандай көптеген әлемдік ойшылдарға ортақ болды, соның ішінде К. Ясперс үшін де. М. Ж. Көпеев неміс экзистенциалисті мұрасымен таныс болған жоқ. Және бұл факт әлемдегі барлық халықтардың және әр түрлі кезеңдегі ұлы ойшылдардың керемет үндестік құбылысын бекітеді. Бізді олардың көзқарастарының сәйкес келуі де қызықтыра түседі.

К. Ясперс, өзінің трагедиялық болмыс туралы ойын білдіргенде, сонымен қатар жауапкершілік және кінә түсініктерін теңестіреді. Ол мынадай ойға келді, адам өз кемшілігі ғана емес барлық әлем кемшілігі үшін кінә алу қажет деген шешімге келді. Бұл кінәні метафизикалық деп атады, ол «әлемдегі барлық әділетсіздікке, әсіресе қылмыстың істелуі кезінде және қылмыс істелу уақытында куә болса жауапкершілікті сезіну керек. Егер бұл қылмысты жою үшін мен қолымнан келгеннің бәрін істемеген болсам, онда мен олардың жақтасы боламын» [21]. К. Ясперс бойынша барлық мәселе мынада: барлық кінә мен жауапкершілікті өзіне алып ары қарай өмір сүре алу, іштей өкіну арқылы өмірін қайта құру. М. Ж. Көпеев К. Ясперспен ынтымақтас, себебі өзін-өзі кешіру және өзін-өзі жеңу өткенді жасыру, оны сызып тастау үрдісі өте азапты. Ол барлық кезеңдерді және өкіну кездерді өткеруі үшін ең жоғарғы болымдылыққа апаратын бостандықтың жауапкершілігін шексіздігін шынайы түсіну керек. Бұл жолды «Екі жігіт пен бір шалдың әңгімесі» М. Ж. Көпеевтің осы дастандағы кішкентай ханша өткерген. Кінәнің бар болуы (жауапкершілікке) адам өміріне адамгершілік негізін

жоғалтпауға көмектеседі, оны сақтау және рухани бүтіндікті қайта қалпына келтіру үшін керек.

Діни ұғым этикалық және эстетикалық түсініктермен өзара байланысты, көп деңгейде біздің көзқарасымызды М. Ж. Көпеевтің және әлем қабылдаған Гогольдің позициясы жақындатады. Гоголь белгілегендей поэзияны, музыканы, театрды құдайдан алыстатпай оған жол сілтеу керек. Бірақта өнер әлемінде этикалық бастаманы эстетикамен алмастыратын жайттар жиі кездеседі. Өмірді бақылау барысында, адамгершілік және сұлулық қатынастарын талдауда Н. В. Гоголь көңіл толтырмайтын қорытындыға келді, адамгершілік принципі көбінесе әлсіз болып келеді: «...бірақ ағайындыларды қалай жақсы көруге болады? Адамдарды қалай жақсы көруге болады? Жаның бір жақсы нәрсені сүйгісі келеді, ал бейшара адамдар кемеліне жетпеген, онысыз да олардың жақсы жақтары аз» [22, 208 б.]. Н. В. Гогольдің айтуы бойынша адамзат жеңіл рахаттануға көбінесе ұмтылады, эстетикалық қанағаттанады, мораль мен адамгершілік жанның белгілі күшін қажет етеді деп белгілейді.

Гоголь этикалық және эстетикалық шынайы әрекеттердің қарсы жақтарын ашу үшін көбінесе сызбаға сүйенген, ирония - бұл қоғамдық жағдайларға рухани көзқараспен қарауға болатын бұрыш. Ол адамдардың ақауы мен кемшіліктерін күлкі арқылы өлтірді.

М. Ж. Көпеев өз замандастарының өмір үлгісін талдауында, олардың ақаулары мен әлсіздіктеріне ирониялық қатынасты шақыратын құстар мен жануарлардың табиғи үлгісін қолданды.

Қазақтың молдасы бар көбелектей,
Жүреді қайда от болса төңіректей.
Дайын жоқ, тұрақ та жоқ, ойсыз, мисыз,
Ұшады, тек жел болса, ебелектей [1, 222-223 б.].

Біздің көзқарасымызбен, ойшылдардың көзқарасының сәйкестігі трагедия-ирониялық келекені олардың ішкі дүниесінің қиналысын көрсететін құрал ретінде ұғынылған әрекеттер қатынасына негізделеді.

С. Торайғыров бойынша адам ең басында ізденіс күйінде болады. Басқаша айтқанда, өзінің рухани-жан дүниесінің маңыздылығын іздеу ойшылдарды адам болмысының аяқталмаған және тоқталмаған ойға әкеледі. Бұл жол бір уақытта риясыз өзін басқаға қайтарып берді және өзіндегі керемет пен жетілгенді толтырды. Л. Н. Толстой басқа адамдармен қатынасынан кейінгі өміріндегі ауыр рухани тоқыраудан соң өтті. Орыс ойшылдары

адамның бұл жерде өмірге кездейсоқ келмегендігін ойлай отырып, басқа адам болмысынан терең мағына көрді. Жазушының рухани тоқырауына байланысты өзгеріс тізімдері оның эстетикалық түсініктерінде байқалды. Егерде бұрынғы туындыларында шындықтың үш бірлігі белгіленсе, жақсылық пен сұлулық болса, онда кейінгілерінде этикалық және эстетикалық басталудың болғаны көрінеді. Л. Н. Толстой бойынша этика мен эстетика өнерге ғана тиісті емес, ең алдымен бұл адам өмірінің негізі ыдырауы болады. Олардың ыдырауының трагедиялық айырмашылықтарын көре отырып және оларға ұқсас негіз таба алмай олардың бірыңғай ойшысы мәлімдейді, жақсылық пен сұлулық - үйлесімді емес заттар. Толстой этикаға жоғары бағалау береді, адам қалай бар болмыстық мағынасын жоғалтса, онда ол лезде эстетикалық сезгіште болады.

Н. Толстой, өз көзқарасына сенімді бола отырып, өнер ол адамды алдаушы ермек деп ойлайды. Сондықтан өзінен кейін жақсылық әкелмейтіндердің барлығы қайтарылуы тиіс.

Ойшылдар Шекспир, Данте, Бетховен, Рафаэл шығармаларын талдай отырып және оларға түсініксіз және қол жетпейтін сияқты бағалау беріп, демек халыққа қажеті жоқ бөгде деген ойға келді. Л. Н. Толстой өзінің алдындағы туындыларына сын көзбен қарайды. Бұл қорытынды ойшылдың осы дәуірге терең енуін білдіреді.

С. Торайғыров, керісінше өткен ғасыр мен қазіргі заман туындыларын жоғары бағалай отырып, әлеуметтік қызмет ететін болашақ өнерге үлкен үміт артады:

«Ер Тарғын», «Қобыландыны» оқып байқа,
Абайды оқы, таңырқан, басың шайқа.
Кешегі Бұқар-жырау, Жанак ақын,
Шөже, Орынбай халыққа жайған даңқын.
Ахмет пенен Міржақып әм Мағжан,
Алты алаштың баласы біледі атын [2, 222-223 б.].

С. Торайғыров үшін өнер мен өмірдің сипаттары жақын. Ол сұлулықтың біртұтас ойын қозғай отырып, поэзиядағы ақиқат және рақымшылдық, адамдарды биік армандарға бағдарлайтын поэзияның жалпылама мәні туралы айтады.

Ж. Аймауытов туындылар талдауды жалғастыра отырып, оның Ф. М. Достоевскийдің этика - эстетикалық үндестік көзқарасымен, ең алдымен мінез-құлық түрлерінің шексіз саны жасалған және шексіз мүмкіншіліктерді, қарама - қайшы құбылыстар оны күрделендіріп жалғастырады. Ж. Аймауытов пен Ф. М. Достоевский зұлымдық пен

мейірімділік туралы айтқанда табиғилықпен құдайлық бастамалар сәйкес келеді. Керісінше, зұлымдық пен мейірімділік арасындағы таңдау - бұл рухани реттілік құбылысы болып табылады. Және олардың іс әрекеттерінде Мүсілімнің («Мансапқорлар»), Мұқаштың («Ақбілек») және Раскольников бейнесінде («Преступление и наказание») кейпіндегі әрекеттерінде олардың өмірлік позициясының еркіндігі байқалады. Қылмыстың өзі үшін немесе басқа адамдар үшін жасауы адамдықтан кету, ол бақытты етпейді. Мұқаш кейпін Ж.Аймауытов адами тұлғаның кері жақтарын - кекшілдік, зұлымдық, іштарлық: «мені елден пара алды, дүние тартып әкетті, пәлен-түген қылды деп қаладағы оқыған азаматтарға дәттеп қойыпты... Мамырбайдың ұлы! Әй, тірі болсам, бір қылармын деп кете бердім» [22, 482б.] жарқын суреттейді. Осы уақытта, ойшыл өзінің күнәсін мойындаған Мұқаш кейпінде адам жанының көп деңгейлік шексіздігін көрсетеді. Басты кейіпкер бала мен өзінің арасындағы шекараны пәктік пен тазалық болып табылатын жауыздық пен мейірімділік әлемімен жүргізеді. Ж. Аймауытов үшін адамда әдемілікті қабылдау сезімін оятатын, өкіну ар үнімен тазарумен байланысты. Бұл ой адам жанының әлеуеттік шексіздігінде кінәлі сезінуді ашатын және өкінуге сәйкес дүниетануларға негізделген болатын. Раскольников бейнесінде адамды адамгершілік қасиетін ашатын тағы да сол ар трагедиясы ашылған. Мораль қарама-қарсылығы бұл жолы арқылы адамда махаббат және мейірімділік сезімдері оянуы ықтимал. Ф. М. Достоевский айтып өткендей «адам жұмбақ, қайшылықтардан құралған, бірақ ол сол уақытта құрыған адамның абсолютті құндылық болып келеді» [22, 484 б.]. Басқаша айтқанда, құрыған адамның өзінде махаббат сезімі оянады. Бірақ егер Ф. М. Достоевскийдің басты кейіпкері зұлымдықтан босап құдайға бас ұру арқылы бостандыққа келсе, діннен жәрдем іздесе, онда Ж. Аймауытов ойларында зұлымдық тану әрқашанда емес одан құтылудың жолы деп түсіндіреді. Және мұнда себеп, адамның қалауымен бостандықта болуында жатыр, оның өз өмірін өзгертуге қалауы мүмкіндіктері болмауы ықтимал. Ж. Аймауытов дінді жасырмай оған ерекше мән бере отырып, адамды құтқарудың тағы бір жол тәрбиелікте деп қарастырады.

Бақылау сұрақтары

1. XX ғасыр басындағы әлеуметтік-саяси оқиғаларға жалпылама сипаттама беріңдер және қазақ ойшылдарының шығармашылығына өтпелі дәуірдің әсер етуін көрсетіңдер

2. Орыс, еуропа, қазақ ойшылдарының этикалық және эстетикалық қатынаста мәселелерді шешу ерекшеліктері мен ұқсастықтарын ашуда салыстырмалы талдау келтіріңдер және сызба-нұсқа құрыңдар.

3. Көшпелі-отырықшы Шығыс Батыс мәдениетінде көтерілетін және талданатын ұқсастық мәселелерінің себебін түсіндіріңдер.

4. Л. Н. Толстой айтқандай «сұлулық ұғымы мейірімділікпен ғана сәйкес келмейді, ол оған қарама-қарсы, яғни мейірімділік көбінесе құштарлыққа деген жеңіспен сәйкес келеді, сұлулық сол біздің құштарлығымыз негізі». Осы оймен келісесіз бе? Жауабыңызды дәлелдеңіз.

2 М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов шығармашылықтарындағы этикалық және эстетикалықтың компаративтік талдауы

2.1 Табиғаттағы эстетикалық (М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов бойынша)

Сабақтың мақсаты: ғасыр басында қазақ ақындарының ойында эстетиканың табиғатта пайда болу маңыздылығы мен түрлерін талдау.

Тақырыпты меңгеруге арналған ұсыныстар: Табиғаттың қазақ халқының өміріне әсері, оның рөлі мен маңыздылығын мақсатқа лайықты талдау. Табиғаттық эстетикалық негізгі акцент комикалық, ирониялық, трагедиялық, керемет көтеріңкі, және т.б сияқтыларды ерекшеленіздер. Қазақ ойшылдарының табиғатты талдаудағы мәнерлі құралдарды қолданудағы ұқсастық пен ерекшеліктеріне назар аударыңыздар.

Әлем мен адамның өзара қатынастарында талдау және таным құралы ретіндегі бейнелілік ойлауға жалпылама сипат беріңдер.

Тақырыптың мазмұны

1. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов шығармаларында бейнелілік ойлау мен оның мағыналық ерекшеліктері.

2. Зерттелетін есімнамалардың ойлауындағы табиғатының рөлі.

3. Көшпелі-қазақтардың ойлау табиғаты тән ерекшелігі.

Тарихи-философиялық зерттеулер әлемде қандайда бір эстетикалық эталонның жоқ екенін көрсетеді, уақыттың ағысына қарай жаңа рухани әлеуеттік шекарасы кеңейеді және биік болады.

Эстетиканың жаңа типтері туындайды. Қазақ ойшылдарының еңбектеріндегі эстетикалық ерекшеліктен, қазақтардың қабылдауында эстетикалықтың субъект-объект категориялық құрылымының жоқ болуы табылады, мұнда адам мен әлемнің сипаты және олардың өзара қарым-қатынасы енгізілген. Біз берілген ерекшелікті назарға ала отырып, эстетикалық зерттеуге кіріскенде эстетикалық жеке аралық қатынас пен этикалық табиғи көрегендікке тоқталамыз.

Табиғи көріністер тудыратын эстетикалық сезімнің не екенін түсіну үшін, барлық ойлау үрдісі, әлемді тану қазақтарда пайымдаушылық сияқты қаралғанын еске түсіру керек. Ойшылдардың әлемді танудағы өзінің туған жазығының сұлулығына деген берік және шыдамды қатынасы шындықты бейнелеу және өзіндік тану әдісі бар пайымдаушылық ортаны қазақи ойлау дәстүрімен түсіндіреді. Табиғат әлемі таңғажайып және үйлесімді, М. Ж. Көпеев пікірі бойынша, сұлулық заңдылығы құрылғандықтан ол жаратушы атрибуты болып табылады. Бұл пайымдаушылықта адами бастау құдайшылдықпен шектеседі. И. Кант тұжырымына қарағанда, М. Ж. Көпеевше керемет табиғат өзінің ішкі сипаттамасы бойынша көтеріңкі болады. Мұнда біз өзіміз И. Кант және М. Ж. Көпеев позицияларында екі ойшылдың ойлауындағы эстетикалық сипатты талдауы айтарлықтай терең көрсетілген, әсіресе оның жоғарылатылған ғажайып мүмкіндіктерін салыстырған. Неміс классигіне сәйкес, кереметтілік – адамда сезгіш басым болса керісінше бейтарап қарағанда бар болмысымен жоғарылатылады, онда өнегелі бастама туындайды, бірақ сонымен бірге «жоғарыдан қанағаттандыру өзіне тек оң қанағат қана емес, сонша құрмет пен сый, яғни шыныменде жағымсыз қанағаттану деп аталынуы мүмкін» [23]. М. Ж. Көпеевте керісінше, ғажайып табиғатта пайымдау бола алмайды, себебі ол бастапқы құдаймен жаратылған. Демек, араласқан табиғатта құдайдың пайымдауына табиғаттың әдемілігінің пайымдауы бірдей. Ал бұл дегеніміз табиғаттағы рахаттану сезімімен (ғажайыптық), махаббат және таңдану сезімін қозғайды (тым жоғарылатылған).

С. Торайғыровта табиғаттың бірнеше басқа көріністері белгіленеді. Оның ойындағы өмірлер ғажап тамашалығы мен айрылысудың элегиялық қайталанбас қайғысы білінеді. Табиғат туралы айтқан сөздерінде жас ақын табиғат туралы өз дербес күйін жеткізетіні анық. Өршеленетін жасыл дiңгектiң арасында жалғыз парақша мерзімінен бұрын қуаруы ақынның өзінің тағдырының трагедиялық күйге түсуімен шектеледі. С. Торайғыров табиғи образ арқылы рухани іздеуді жаңа күйге әкелді. Ол назарды адамның

табиғатқа еруімен емес, табиғатпен қатынастықтары арқылы белгіленген экзистенциалды амалсыздықтарға екпін түсірді. Сонымен қатар, Торайғыров табиғатта адамның өткінші бар болуымен қатар, табиғат мәңгілігінде өз мәңгілігін көруге тырысты.

Ж. Аймауытов М. Ж. Көпеев сияқты туған өлкеге деген өз таңданысын білдірді. Оның ойларындағы әдеміліктерінің қуаныш көріністері рақаттық сезіммен үндеседі.

Яғни, ең алдыменен табиғатқа парықсыздық, эстетикалық қайғыруды айқындалады. Біздің көзқарасымызда, Ж. Аймауытов қазақ халқының дәстүрін жалғастырумен қатар, адам өміріндегі табиғаттың мәнінің жаңа реңктерін анықтады. Оларға кереметтілікпен қатар адам және табиғат әлемінің ұқсастық күлдіргі элементтері белгіленеді: ақ аққу кабинетте отыратын маңызды комиссарша дыбыс шығарады; амандасқан әйелдер сияқты қаздар айқайлайды: Ойшылдардың ұқсас ирониялық қатынастары нақты ой шабыттты пайда болдырады. Оның ирониясы қайғылы және романтикалы, ол ұқсас салыстырулармен тамсанады сол уақытта адам баласының кемеліне жетпегенінен ауруды сезінеді. Кейбір деңгейлерде Ж. Аймауытов ирониясын Сократ ирониясымен салыстыруға болады, олар тек қана басқаларды кекетумен бірге, сонымен қатар өздерінде кекетеді. Бұл сезім мен ойын эмоциясы емес, Аймауытов ирониясы байсалды, онда әлемді жақсылыққа итермелейтін маңызды талпыныс жатыр.

Соған қарамастан, табиғатта жеке объекті пайымдау сияқты зерттеуші ойшылдар шығармасы белгіленген, сонымен бірге жоғарыда келтірілген талдау М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов мұрасында адамзат бірлігінің бөлінбейтін қасиеті жоғалмаған, олардың өзара енулері қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Егерде ежелгі уақытта болмаған болса, М. М. Бахтин сөзімен айтқанда позиция «сыртқарылық» және ол жағынан маңыздылықты бағалау қажетті болмайды және керемет көшпелі табиғат ерекшеліктері, онда бұл ежелгі қазақтардың табиғат сұлулығын түсінбейді дегенді білдірмейді, олар өздерін осы бірліктен ерекшелейді Бірақ та адамның табиғаттан бөлінуі М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов мұрасында бөлінуді белгілейді немесе адам және табиғат қатынасындағы дисгармония. Әлемде табиғат және адамзат сипатын бөлу көшпелілерде шығыс еуропалықтан ерекшеленеді. Бұнда екінші табиғат біріншісіне бағынады. Олар адамды табиғатқа қарсы қоймайды, оны одан жоғары көтермелейді, біртұтас етіп көрсетеді, гармония мен бүтіндік қатар өмір сүреді. Айтылғанда белгілі болғандай, қазақ ойшылдарының

ойлауында табиғат әлемін қабылдау, бір эстетикалық сәтпен пейзаж бүлінбейді. Табиғатқа деген қатынас оның сұлулығымен ғана рахаттану әсері емес, сонымен қатар өнегелі принцип жақсы көру, жақсылық пен құрмет. Ондай тұтас әлемді көруден қазақтардың табиғатқа экологиялық таза қатынаста болуы, қатар өмір сүруге мүмкіндігі зор.

Біздің ғаламдағы замандық экологиялық мәселелердің табиғатқа деген этикалық және эстетикалық емес қатынастар бір-бірімен байланысты. Яғни табиғат бағалы болудан қалды, оны тек құрал ретінде қолданады. Табиғат деген затқа ұқсас қатынас адамдардың бір-біріне деген қатынасы тұрмыстық қатынасқа ұрындырады. Біздің көзқарасымызша, бұл мәселені әлемге деген қатынастарды өзгерту шарттары барысында ғана шешуге болады, яғни XX ғасыр басында қазақтар үшін толық өлшемде сипатта болған «әлем қандай сондай деп танудағы адам құштарлығын» [24], пайымдаушылықта жоғалған элементті ендіру болып табылады.

XX ғасырға дейін сақталған табиғаттың діни бейнесінен басқа, зерттеуші ойшылдардың мұрасында біздің белгілеп өтетініміз, осымен байланысты антропоморфты табиғат сипаттамасы. М. Ж. Көпеев көшпелі мәдени дәстүрді жалғастыра отырып, жан-жануар образы арқылы көптеген адамзаттық сипаттама береді, әсіресе ар, махаббат, жауапкершілік, дұрыстық деген сапаларға назар аудару керек. Бірақ та жоғарыланған адамзаттық өзара қатынастармен қатар ойшылдар олардың қарама-қарсы сипаттамаларын белгілейді. Оларды айқындату үшін көшпелілердің көп ғасырлық мәдени дәстүріне сай өзгертілмеген нақты бір табиғи образ пайдаланылады.

М. Ж. Көпеевтің табиғи образды таңдауы сөзсіз кездейсоқтық емес, өйткені олардың мінез - құлқы әрбір дала баласына таныс. Кейбір жануарлар мен өсімдіктерге деген пасықтық қатынас М. Ж. Көпеев мұрасында әлемде болатын олардың өмір бейнесінің адамдық тәсілі қашықтығымен ескертілген. Мұнда М. Ж. Көпеев көбінесе ақындар мен жыраулар салтына сүйенеді. Бірақ та осымен қатар бұл тек қана мінезді тізбектеу емес, табиғат әлемінде ұқсастықты іздеу. М. Ж. Көпеев адамның рухани-жан дүниелік қасиеттерін жоғалту мен шығармашылық табиғи басымдылық туралы ой туындайды. Адам екі әлемге де жататын, өзіне полярлық қарама-қайшылықтарды бірлестіретінін көрсеткісі келді. Оның ырықсыздыққа бағынышты, тірі қалуға күресі, руханилықтың табиғи жасандылығы сирек болады. С.Торайғыровта табиғаттағы эстетика аздап басқаша көрсетілген. Егер М. Ж. Көпеев адамдық қасиеттің эстетикалық тұстарын және жануарлардың жақсы және жаман образ

жетіспеушіліктерін көрсеткісі келсе, онда С.Торайғыров адамның өнегелік сипатқа қарамастан уақыттың табиғи белгілеріне тәуелділігін белгілейді. Оларға қашанда қозғалыс, өзгеріс және өсуде болатын әлемдегі адамның бар болуындағы барлық деңгейлер мен жақтарын қамтитын диалектика белгіленеді.

Жаңа өмірдің пайда болуы мен бір уақытта тууына себеп болатын бұл әлемде барлығының басы мен соңы бар. С. Торайғыровтың поэтикалық жолдарындағы ең маңызды ойларының бірінде - бұл өмір және өлім тақырыбында мәңгі бақи ойлану – уақыт пен кеңістік шектері. «Адам - керуен» өлеңінде үздіксіз өмір жалғасы мен өмір мәңгі керуені ішіндегі жері өлім уақытты тұрақты алмастырумен болады. Жер дамуының құрамы мен диалектикалық мағына аша отырып, ойшылдар өмірлік және табиғи құбылыстарды контексте бүтіндей қамтиды.

Ж. Аймауытов дәстүрін С. Торайғыров жалғастыра отырып адамның табиғатқа деген өз арақатынасына бірнеше жолақты реңктер енгізді. Адам әлемі және табиғи бір тұтас негізді таба отырып, табиғат арқылы адамның жан-дүниесінің трагедиялық реңктерін ашу мен қатар, адам әлемдік күйінің көп жақты жұқа аздаған өзгешеліктерін ашты. Ұшу мен құлау, қуаныш пен қайғы оларға призма арқылы жылы және табиғаттық суық түсері қарастырылады. Ж.Аймауытов қыстың қатты ауа райы шарттарын келтіре отырып, көшпелі өмір образының қиындығы мен қазақтың қиын қыстау кездердегі кейіптерін нақты көрсетеді. Қыс, күз, суық, боран образдарымен ойшылдар қайғыны, бақытсыздық оқиғаны, әлеуметтік-тұрмыстық қозғалыс ашығу, өліммен байланыстырады. Болып жатқан трагедияны табу мұнды табиғат болып келеді. Керісінше, махаббат және қуаныш олардың ойларында көктем түсімен теңдестіріледі. Табиғат құстың сыңқылы мен шөптің еліртетін иісімен оянады. Яғни табиғи маңыздылығы сезімінің біртұтас гаммасын шақырады. Ақырын рахаттанудан бастап, мұң, жалғыздық, қайғыру сезімдеріне дейін таңдануға әкеледі. Тіпті табиғи құбылыстардың өзгеру үрдісінің Аймауытовта батырлардың тығыз байланыс сапасы негізінде қарастырады: қараңғыдан біртіндеп көшу, сұрдан ашық және жарық тондарға алмасу өз күшіне сенімділікпен ақырындап шығу болып табылады. Табиғат ойшылдардың ойлауына үнсіз бақылаушы ғана, тыңдаушы батырлардың өмір туралы ойлауын, тағдыр тәлкегін, олардың мұң мен қуанышы, жоғалтуы мен сәттіліктері бірге жүреді.

Біздің көзқарасымыз бойынша, жоғарыда айтылғандарды түйіндей отырып, зерттеуші ойшылдармен кейбір акценттерді шығаруға болады. М. Ж. Көпеевтің табиғат объектісінде адамдық

болмыстың жеке тұстарын ашуға және мұраларында қарапайым қауымды бүтіндей моральдық жарқыратуға мүмкіндік береді. Ойшылдардың дастандарында жануарлардың күресі, олардың өзара дауласулары – бұл өз апогеясына жеткен және қазақ қоғамының даулы нүктесі. Табиғат құбылыстары арқылы керемет және бейнесіз, жоғарылатылған және өзгеріссіз тұстары адамның бостандығының көріністі сипаттарын дәлелдейді, бекіту мақсатымен және оның барысында қалыптасқан адам бостандығы көрнекті түрде растау, болмысының айқын болмауы, бұл дегеніміз өмір сүруге деген жауапкершілік болып табылады. Оның метафоралық ойлауы бір жағынан, мифологиялық ойлауды көшпелі дәстүрге байланысты өзімен органикалық байланыстың нәтижесін көрсетеді, ал басқаша – онда ХІХ және ХХ ғасыр аралықтарында саяси-элементтік оқиғалармен шындық жасырылған. Яғни, «метафорада образ да, түсінікті мазмұн да бар. Сондықтан метафора терең болады, ал суретшінің метафоралық ойлауы шынайылық бетімен сырғанау емес, оның маңыздылығына ену» [25]. Өз кезегінде, бұл астарлы сөз белсенді қатынасты талап етеді және оның мағыналық ұстауы болатын метафорада да өте терең әлеуеттер бар, ол шығармаға терең енеді. Бұнда бейнелік ойлауға нақтылақ сипаттама беріп өту керек. Белгілі болғандай, барлық қазақ мәдениеті үшін метафоралық образдылық ойлау сипатына негіз болып келеді. К. Нұрланов белгілегендей қазақ мәдениетінде «мақал және жаңылпаш пен қатар метафоралық образдың айтарлықтай жетілуі, тәжірибелік өмірмен біріккен іс-әрекеттік мазмұндық қызметке ие болуы кең қолданыс пен қарсыласуға болмайтын дәлелдер ретінде немесе психологтардың атауынша көрсеткендей ақыл-ес компоненттерінің бірі болып келді» [26]. Сонымен қатар «бейнелік форма, өзінің бүтіндігіне сай әлемді көрсетеді және барлық толықтықта әлемдік қатынастарда, түр түсінігіне ие «жетіспеушілікпен» болады» [27]. Біздің көзқарасымызша әлем образы М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов шығармашылықтарында бұлар қайталанбайтын рухани дүниеге бай өзіндік бір әлем, ол адамды тұлға ретінде қалыптастыруға әсерін тигізіп болмыстық мағынаны түсіндіруге итермелейді. «Ойлаудағы образ» ерекшелігі шығарманың автор қоғам дәуір, жеке дара қатынастың күрделі синтез екенін анықтайды. Бұл синтезде сол дәуірдің мәдени энергиясымен авторды субъективтік көзқарасқа қосылып жатыр. Яғни автордың ойлап тапқан образы өмірдегі шындық пен автордың ішкі рухани ішкі дүниесінің қосылу нәтижесі.

Бақылау сұрақтары

1. Келесі жолдар кімдікі? Метафоралық бейнелерге, қазақ ойшылдарының шығармаларындағы антропоморфизмға негіздеме беріңдер

Салтанатты Сарыарқа,
Сәулеленген Сарыарқа.
Кең қойның кен Сарыарқа,
Сан жеткісіз Сарыарқа.
Суың шекер бал Арқа,
Майда шөбің бал Арқа.
Күрделі биік бел Арқа.
Малы-басың сай Арқа.
Төрт түлікке бай Арқа,
Маңырап тұрған мал Арқа,
Төңірегі төл Арқа [1, 145 б.].

Исковеркал его недуг.
Натерпелся он в жизни мук.
Никаких у него надежд.
Черви рады – теперь он сух,
Лишь трясется и смотрит вниз,
Потому что смотреть вокруг –
Видеть мир, что к страданьям глух [12, с.13]

«Шағала көлдің беті айнадай... Көлді біреу көшіріп кететіндей, әлсін-әлсін қиқылдап, әлек болып қызғыш жүр. Кабинетінде отырып, өмірі өткен комиссарша маңғазданып, оқта-текте аққу сұңқ-сұңқ етеді. Кәдеге таласқан қатындарша ию-қию болып, бажылдасып қаздар жатыр» [3, 436.].

2. Сіз метафора мағыналарды табу әдісі екендігін қалайша түсіндіресіз?

Құрметті ел билеген хакімдер де,
Жыландай зәрін төгіп сорып жатқан.
Бас салып мұңлы-зарлы кем-кетікті,
Бүркіттей тырнағымен бүріп жатқан.
Әркімді арбауына түсірем деп
Түлкіше құрықтарын бұландатқан.
Жүзіме көрінгендер көз салсын деп,
Өз бойын тотықұстай сыландатқан [1, 32 б.].

«Үсті-басты қырауытып, қылышын сүйретіп, шықыр-шықыр етіп қыс келді. Биылғы қыс қатаң болды... Жылымық болса жаңбыр жауады... Жерден қайран болмады. Қара мал қолға қарады. Азғана пішенді аз күнде-ақ бітіріп алды... Дүние тарылды. Ел тарықты, састы, қысылды – қай ауылды алсаң да қалт-құлт» [3, 35 б.]. «Күннің мұндай айбынды, сұлу екенін Күнікей бұрын көрсеңші! Мына күн тап өзінің, өз үйінің күні тәрізді. Жып-жылы, жап-жарық! ..Күнікейдің балалығы ұстап кетті: бозторғайша аспанда, қызыл гүлді, алтын күнді мадақтап ән салғысы келді» [3, 360 б.].

2.2 М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов мұрасындағы дүниеге деген эстетикалық көзқарас феноменологиясы

Сабақтың мақсаты: ХХ ғ. басындағы қазақ ойшылдары мұрасынан тұлғааралық эстетикалық қарым- қатынас пен өзіндік тән ерекшеліктерін кең қарастыру.

Тақырыпты меңгеруге арналған ұсыныстар: М. Ж. Көпеев бойынша адамдар қарым- қатынасындағы эстетикалық (сезімдік) фактордың негізін анықтап алыңыз. С. Торайғыров пен Ж. Аймауытов шығармашылығының талдауы негізінде ХХ ғ. басындағы қазақтардың тұлғааралық қарым- қатынасының этикалық табиғаты мен ерекшеліктерін ашып қарастырыңыз.

Зерттеудегі тұлғалардың мұрасындағы эстетикалық байланысты (жауапкершілік) және сипаттық көріністерді ерекше атап өту керек.

Тақырыптың мазмұны

1. Тұлғааралық қарым- қатынастардың эстетикалығы.
2. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов ойларындағы эстетикалық табиғат: компаративисттік ыңғайлану.

Адамның руханилығы эстетикалық әртүрлі аспектілерден көрінетініне күмән жоқ. Бірақ қазақ ойшылдарының зерттеулерінің нәтижелеріне қарағанда, әсемдікті терең түсіне білу адам бойындағы эстетикалық бастау бола бермейтіндігін айтады. Мәселе эстетикалық табиғат пен тұлғааралық қарым- қатынаста әртүрлі көрініс табады. Бұның айырмашылығы неде? Біріншіден, адам болмысының әр деңгейлі адам мінезіндегі эстетикалықтың болуына жауап береді. Ал екіншіден, жоғарыда айтылғандай, эстетикалық пен этикалықтың гармониясы емес, оның, яғни эстетикалықтың бой алуы ХХ ғ. басындағы адам мінезіне сай болды.

М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов ойларында Кант өзінің зерттеулерінде айтылған эстетикалық принципті жан-жақты талқылау ғасырлар тоғысында қазақтардың өмірін толықтай қамти бастады. Олардың ойлары бойынша сезімталдықты қабылдау, ләззатқа ұмтылуды өмір сүру мақсаты ретінде қарастыруды өсиеттеуден айыра білу керек. Себебі, әсемдік - жоғарғы қажеттілік және шындық, ал ләззат – өмірдің негізгі принципі ретінде қабылданған жағдайда эстетикалық эстетизмге (ұсқынсыз және төмен) айналады. Зерттелулі ойшылдар бұл феноменнің ерекшеліктерін талдап қана қоймай, екеуінің гармониясын табуды да мақсат еткен. Алда М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов шығармашылығындағы эстетикалық принциптің жағдайын ашып қарастырамыз.

Этикалық және эстетикалық бастаулардың қиылысуын әсіресе М. Ж. Көпеевтің «Екі жігіт пен бір шалдың әңгімесі» дастанындағы ханша образында анық көре аламыз. Ләззәттің барлық жақтарын көрген жас ханша өмірдің өзінен эстетикалық (сезімдік) қабылдай беруге барлық жағдай жасалды. Бірақ оны мораль нормалары мен ғасырлар бойы сақталып келген дәстүрлер ләззатқа деген құштарлығын баса білді. Ханша қалауының түбі қорлық, күнә екенін біле тұра дұрыс емес жолды таңдайды. Берілген жағдайда М. Ж. Көпеев эстетикалық бастаулардың басым болуы, яғни ләззәт жоғарғы принцип екендігін анық көрсеткен. Ханша адам өлтіруге қадам жасайды. Бірақ бостандық пен жеңілдіктің орнына Ханшаны намысы талайды. «Мен» деген принципін жоғалтқан жас Ханша қолда жоқ еркіндігін жоғалтып алудан қорқа бастайды. Бұл қорқыныштың жалған еркіндігі еді. Оның істерінде өмірге деген үлкен жауапкершілік көрініп тұр, бірақ бұл М. Ж. Көпеев айтқан жауапкершілік емес. Бұл әлеуметтік жағдайда тікелей қатысы бар, үрей мен міндет туғызған жауапкершілік. Бұл жерде әлі өкіну мен кінә жайлы мәселе қозғалмайды. Себебі жас Ханша табиғи тұтқыннан босап шыққан, бірақ өзінің жеке анықтауына жете қойған жоқ. Ол екі жолдың бірін таңдауға ерікті болды: бірі – намысына сүйеніп, арлы адам болу, екіншісі – табиғат жаратылысы – кез-келген адам баласы сияқты ләззәт жолына еру болды. Біздіңше Ханша руханилық пен табиғилықтың орта шенінде тұр. Себебі оның бойында сезімдік эстетикалық бастаулар бой алды және бұл таңдауды ол өз еркімен таңдады. Басқа сөзбен айтқанда жас әйел өзін сәулелі тұлға ретінде көрсете білді. Ханшаның бойындағы эстетикалық принцип оның индивидуалды бастауының көзі ретінде көрінеді.

С. Торайғыров та адам бойында табиғи және рухани бастауларды бөліп қарастырады. Дегенмен, оның «Кім кінәлі?» поэмасының кейіпкері – Әжібай толық қанды табиғи индивид. М. Ж. Көпеев пен С. Торайғыровтың көзқарасы бойынша тұлғалық және табиғи бастауларды айырып қарастырып көрейік. Әжібайдың Ханшадан айырмашылығы – намыс пен сезім ләззәты арасында адаспайды. Оның рухани өмірі мөлдір, біпақ шектеулі. Әжібай образында зұлымдық пен мейірімділік арасында күрес көрінбейді. Ол олар арасында шектеулер қоймайды. Торайғыров, сонымен қатар, Әжібайдың және басқалардың ғажап әрі қауіпті сәйкестіктердің боларын белгілеп көрсеткен.

Сұлулық пен ләззәтқа тойтарыс бере алмау – Әжібай мен Ханшаның ұқсас тұстарының бірі, бірақ екеуінің атаулы ерекшеліктері бар. Жас әйел өзінің таңдауына өкінсе, ал Әжібай болса, бостандыққа қол жеткізу үшін сезімге қарсы тұра білу керек екендігін ойға салмайды. Рухани ізденістің болмауы және талпыныстың жоқ болуы намыстың жоғалуына әсер етеді. Кей жағдайларда ғана жалғыздық пен өмірге деген қанағаттанбаушылық көрінеді. Онда тек қол үзу мен уайым, бар жаратылыстың қирауына әкеліп соқтырады деген болжаулар бар. С. Торайғыровтың пікірінше сезімталдыққа деген ұмтылыс адам бойындағы руханилықтың дамымауы мен табиғи бастаулардың басым болуына байланысты. Сондықтан Әжібайдың ләззәттану принципін оның табиғи бастауымен, мейірімділік пен зұлымдыққа деген тұрпайы көзқарасты байланыстырамыз. Бұнда М. Ж. Көпеевтегі ханшаның жағдайындағы зұлымдық саналы түрде жасалмайды.

Ж. Аймауытов өзінің ойларында М. Ж. Көпеев пен С. Торайғыровтың эстетикалықты төмен деп қарастырған көзқарасын бөліп айтқан. Мысалы, «Сылаң қыз» пьесасындағы жас қыз образында табиғи бастау айқын суреттеледі.

Ж. Аймауытов «Ақбілек» романында Мұқаш образы біршама ерекше. Билік пен материалдық жағдайға деген құштарлық Мұқашты итермелейді. Бұл сезім ләззәттың көрінісі. Қатігез ерік еркін таңдау жолында адасуға әкеледі. Бұл жағдайда Мұқаш өмірлік ұстанымдарын саналы түрде таңдау жасауы болды. Мұқаштың дүниені қабылдауы М. Ж. Көпеев дастанындағы ханшаның позициясына аздап ұқсас. Ол да табиғи және рухани бастауларда өзін таба алмай, адасып жүр. Бірақ Мұқаш ханшаға қарағанда өз таңдауына ләззәттана білді. Өзінің бойындағы табиғатқа бой бермей, өзінің еркін билеп, өз пайдасын таба білді. Әзірше біз Ж. Аймауытов және жоғарыда айтылған екі ойшылдың ойындағы ұқсастықты талдап келдік. Ж. Аймауытов

эстетикалық дүниетанымның жаңа типін енгізді. «Мансапқорлар» пьесасындағы Мүсілім образы тіпті күрделі әрі трагедиялық жағдай ретінде көрінеді. Мүсілім билікті қолындағы бақыт деп түсініп, кедергі болғанның барлығын жолдан тайдырады. Жасаған жаман істерін саналы түрде дұрыс деп санайды. Бұл жерде Ж. Аймауытов «жоғарғы деңгейлі натуралар» психологиясын ашып қарастырады. Бұнда ғұлама «Мен» мен қараңғы «өзгелер» арасындағы шекараны айтады. Ж.Аймауытов шеттен шығушылық пен адамгершілікке қарсы келетін қылықтарды жақтамайды, керісінше адамды өмірде қандай күштер «алып жүретінін» түсінгісі келетінін ескерте кеткен жөн. Сөйтіп, адам бойындағы еркіндік оның құндылықтарына бағдар бере тұра өмірдің мәнін табуға көмектеседі деген қорытындыға келеді. Мұқашты ұят қысып, өзіне жиіркеніш білдіріп, өзін ақтап шығуға ары жібермейтін болса, Мүсілім керісінше, жасаған істері мен жеткен жағдайын мақтан тұтып, қанағат етеді. Ол табиғи және рухани-адамгершілік құндылықтар ішінде таңдау жасамайды. Оның қолындағы еркіндік жамандық пен жақсылықтың ар жақ бер жағында. Оны Әжібай мен жас ханша – қыз секілді намыс қинамайды. Олар басқаша өмір сүруге болатындығы жайлы ойланбайды, ал Мүсілім болса саналы түрде жақсылық пен адамгершілікті аттап өтіп, өз ісімен тура жүреді. Оның еркіндігі адамгершілік заңдарына қарсы негізделген. Бұл эстетизмнің тамыры табиғи, индивидуалды емес қарсылықты – рухани бастауда жатыр. Достоевский мен Кьеркегордың терминологиясына сүйене отырып – демондық бастау деуге болады. Демек, олар адамның бұзылғандығы жайлы, оның зұлымдық пен күнә жасауға саналы түрде баратындығын айтады.

Бақылау сұрақтары

1. М. Ж. Көпеев кейіпкерлерінің тұлғааралық қарым-қатынасындағы эстетикалық нигилизмнің себебі неде?
2. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов кейіпкерлерінің эстетикалық дүниеге көзқарас пен еркіндік ұғымы арасындағы байланысты көрсетіңіз.
3. С. Торайғыров эстетизм мен оның дамуын қалай түсінеді?
4. Ж. Аймауытов бойынша эстетизм мен оның пайда болу табиғатының мағынасы неде?

2.3 М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов шығармашылығындағы рухани-адамгершілікті еркіндіктің негізіне жасалған салыстырмалы талдау

Сабақтың мақсаты: Қазақ ойшылдарының шығармашылығындағы салыстырмалы талдау барысында рухани-адамгершілік негізді еркіндік мәселесін анықтау.

Тақырыпты меңгеруге арналған ұсыныстар: М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов шығармашылығындағы еркіндік пен кінә, олардың себебі мен қатынасына міндетті түрде талдау жасау.

М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов шығармашылығындағы күнә жасау трагедиясы мен олардың трактовкасына негіз салу. Трагедиялықтың типологиясы тақырыбын жан-жақты қарастыр.

Тақырыптың мазмұны

1. Кінә және еркіндік. Екеуінің қатынасы мен себебі.

2. Кінә мен еркіндік контекстіндегі трагедиялықтың типологиясы. (Ақбілек, кедей, лирикалық кейіпкер, ханша, Әжібай).

М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытовта эстетикалықты (сезімдік) әр басқа түсіну қалыптасқан жағдайлардағы трагедиялық кінә трактовкасының әр түрлі қырларына байланысты. Ойшылдар образдар галереясын жасап ғана қоймай (жаман- жақсы), олар адамды бойында дене, жан, сана, сезім ұштасқан табиғаттағы ең күрделі жүйе ретінде көрсеткісі келді. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов шығармаларын талдай отырып, трагедиялықтың бірнеше типін бөліп қарастыруға болады. Олар:

- Тұлғаның өзіндік келіспеушіліктерінде;

- Тұлға және қоғамның арасындағы келіспеушіліктерде көрініс табады.

М. Ж. Көпеев адамның қайғысын эмоционалді - ерікті тұлға екіпін түсіре отырып, трагедиялықты индивидтің микро - әлемі мен қоршаған макро - әлеммен диалектикалық байланысын қарастырады. Оның ойларындағы адам мен Құдай тақырыбы негізгі тақырып болып табылады. «Екі жігіт пен бір шалдың әңгімесі» дастанында трагедиялықтың феномені адамның жеке өмірі этика - эстетикалық аспектпен байланысты. Ханша жасаған істері үшін жауап беруі керек. Ол саналы түрде жасалған таңдау үшін кінәлі болып саналады. Дегенмен, ханша өзінің осындай төмен деңгейге жетуіне, күнә жасағандарын мойындап, жас әйел жасаған істері үшін өкінеді. Оның бойында трагедия біршама стихиялы түрде дамиды. Трагедиялық кейіпкер – ханшаны ұзақ уақыт бойы билеген қорқыныш, үрей, үмітсіздік, дерт, жанның тыныш таппауы – локальді эмоция қызметін атқарып қана қоймайды. Бұл адам өмірінің маңызды сұрақтарына

жауап беретін адамгершіліктің кезеңдері немесе деңгейлері. Адамның қателікті мойындау жолы – жоғары күшке ұмтылу жолындағы еркіндік. М. Ж. Көпеев бойынша адам бар жанымен уайымға түсуі, өкінуі тазаруға, адамға өзінің «Менін» қайтаруға негіз болады делінген.

А. Шопенгауэрдің тұжырымы бойынша трагедиялықтың жеке принципін табу мүмкін емес. Ол трагедияның үш типін бөлген: – біріншісі – «кателесу» трагедиясы (адасу), екіншісі – «индивидтердің зұлым еркі» трагедиясы, үшіншісі – «жоғарғы адамгершілік келіспеушіліктерінің трагедиясы». Адам алдын ала істің жақсы не жаман аяқталатынын, мәселенің трагизмін анықтай алмайды. М. Ж. Көпеевтің мақсаты жаман мен жақсылықтың арасына шекараны белгілей отырып, өмірдің шындығын көрсету болды. Өмір шындығы осы екеуінің кезектесіп келуіне байланысты. Ханшайымның кінәсі анық көрініп тұр, бірақ көрермен жанының қиналуына қарап аяушылық білдіреді. Ол субъективті түрде күнәлі әрі күнәсіз жан.

С. Торайғыров трагедиялық кінә тақырыбын біршама басқаша түсіндіреді. Әжібай еркіндіктің мүмкіндіктерін санасыз меңгергендіктен кінәлі болып саналады. Оның өмірі түгелдей бостандық және еріксіз өткен, әулетінің мансабы үшін еріксіз сүймей қосылған әйелімен тұруға мәжбүр болады. Осының себебінен, кейіпкер шынайы махаббат іздеуге, бақыт іздеуге отбасысынан алшақтап кетеді.

Нельзя сынок; худой давать молве.
Катиться, словно мусору в траве.
Ты амангер – вдова род не покинет.
И ты жениться должен на вдове.[12, 107 б.].

Әжібай қауымның патриархалды ережелеріне мал-мүлікке қызығу себебінен бағынды. Ол тіпті туған қызын құрбан етеді. Дәстүрге қарсы тұра алмаған Әжібай өшін қарапайым халықтан алады.

Свой дом стал для Жаныл страшной оков.
Здесь, придираясь из – за пустяков.
Бил Ажибай ее нещадным боем!
У ней все тело – в пятнах синяков. [12, 124 б.].

Оның моральдық тұрақсыздығы, қызбалануы мен әлсіздігі оқырманның аяушылық сезімін тудырады. Берілген трагедиялық жағдай, А. Шопенгауэрдің ойынша, адасу трагедиясы болып

табылады. Демек, Әжібайдың қателігі – қоғамның қателігі. Бұл жерде Әжібай өзінің жақындарына жасаған қияметі ғана қателік болды. Бұл қателік оның бақытсыз болуына да әсерін тигізді. Әжібайдың әрекеттерінен амалсыздық, үмітсіздік, өмір сүру мәнінің жоғалуы көрінеді.

Бұл тақырыпты С. Торайғыров «Қамар сұлу», «Кім жазықты?», «Кедей», «Адасқан өмір» еңбектерінде ұшқыр суреттейді. С.Торайғыров кейіпкерлері тағдыр тәлкегіне төтеп бере алмағандықтан, осындай жағдайға душар болып отыр. Дегенмен Қамар да, кедей де, Әжібайға қарағанда, өмірдің әділетсіздігінің себебін іздеп, өмірін өзгертуге талпынады.

Нет, не согласен я жить жизнью такой,
Я должен пойти по дороге другой:
Смиренье немало людей погубило,
Для скольких оно обернулось бедой! .[12, 86 б.].

Дегенмен «Кедей» поэмасында С. Торайғыров адамның талпынысына қарамастан, пенде тағдырына негіз болатын табиғи және әлеуметтік жағдайлардан алыстап кете алмайды деген.

Судьба моя всем этим судьбам сродни.
В работе проходят унылые дни.
А мало ли голода не испытавших,
Хотя никогда не трудились они. .[12, 79 б.].

С. Торайғыров кейіпкерлері ортада болып жатқан әділетсіздіктерді өзгерту қолдарынан келмейтіні анық. Сол себепті олар амалсыздықтан қайғы, қасіретке көніп, сары уайымға салынады. Олар адамзаттың тұрақсыздығы салдарынан осындай күйге жетіп отырғандығын түсініп, өздерін де кінәлі деп есептейді. Осы жерде трагизм – кейіпкерлердің екі ойда болуынан көрінеді.

Қамар үшін о дүниелік болу бірден-бір еркіндікке апаратын жол болды. Бұл жағдайда Қамардың адам өміріне тең келетін саналы түрде зұлымдыққа қарсы келу трагедиялық мінез бен жағдайдың трагедиялығына бірден-бір айғақ. Біздіңше С. Торайғыров кейіпкерлері субъективті түрде кінәлі. Олар әлеуметтік – тарихи жағдайларға қарсы келе алмаған, трагедияның болуына жеке адамның екі жасқа кедергі жасауы емес, қазақ қоғамының нормативті – құндылықты жүйесі әсер етті. Бұл нормалардың ауытқуы трагедияға –

ғашықтардың өліміне әкеліп соғады. Қамардың махаббаты жолында жасаған әрекеттері адамгершілік, адамның рухани құнын, әділ істері кез келген адамға үлгі болуы тиіс. Қамардың адамдық қасиеттері үшін оны кінәлі деп айыптау адамгершілікке жат нәрсе.

Ж. Аймауытов шығармашылығының талдауына келетін болсақ, ойшыл адам тұрақсыз мінезді, үнемі өзгеріс үстінде болады деген. Сол себепті адам моральға жүгінетін, бірде жүгінбейтін, кейде трагедиялық жағдайларға алып келетін әрекеттер жасайды. Ж. Аймауытов та С. Торайғыров сияқты қоғамның нормалар мен әулет құндылықтарынан ауытқып кеткен адамдар мәселесін кең қарастырды. Ж. Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» романы тағдырдың қатыгездігі, уайым мен жалғыздыққа толы. Қарт әйел уайымының себебі неде? Шынайы махаббат сезімдері жалғыздыққа душар етті. Шындыққа сай болмағанмен, бұл шындық. Анасының қызын сүймеген адамға беруі, қызының үйінен қашып кетуіне себеп болды. Бірақ анасының айтқанына көніп, сүймегеніне күйеуге тигенімен, оқиға бақытсыздықпен аяқталатынына күмән жоқ. Осыдан махаббатсыз өмір – мұң, бірақ кейде махаббат та өмірді қиындата түседі деген қорытынды жасауға болады. Махаббаттың көпқырлылығы жайлы идея Ж. Аймауытовтың «Шернияз» пьесасында аңғарылады.

Шернияз бұл жағдайда субъективті түрде кінәлі. Себебі жүрегінің түбінде ол өзінің кінәсін сезеді, жасаған қылығы жазалануы тиіс екендігін де біледі. Бір жағынан Шернияз атқарған істеріне жауапты болу керек екендігін де ұйғаруы керек. Бұл тұрғыда оның кінәсі анық көрініп тұр.

Берілген идея «Ақбілек» романында да бар. Қатігез адамдардың құрылған жоспарларының құрбаны болған Ақбілек туғандары мен жақындары арасындағы қарым – қатынастың ушығуын өзінің кінәсі деп санайды. Ақбілектің басынан өткен оқиға әкесінің намысына тиеді. Қазақта қыз баланы ерекше құрметтеп, аялап өсірген. Әйел адамға ошақтың қамқоршысы ретінде ерекше талаптар қойылған. Алайда, үйдегі қыз бала күшпен жасалған, өзгелердің зұлым ойларына ілігіп елге сөз болса, таяқтың ұшы тәрбиелеп отырған ата-анасына тиген. Сондықтан отбасы үмітін ақтамаған Ақбілек әкесінің қатал да суық үкіміне амалсыздан көнді. Бұл Ақбілектің көңіліне қатты батады. Бірақ әкесінің Ақбілекке деген қаталдығы басқа - өзін жеңе білген, болашақта өз орнын таба білген Ақбілекті дүниеге әкелді. Бұл Ж. Аймауытовтың айтайын деген негізгі ойы еді.

Көріп отырғандай, ойшылдар трагедиялық қақтығыстарды әркім өзінше түсінгендіктен, әрбіреуі айрықша талдай білді. М. Ж. Көпеев

адамның руханилығына екпін түсіре отырып, сыртқы күштердің әсеріне бағынбай тұлға өзінің талпынысы мен күшіне сеніп бар қиындықты жеңе алады деген. С. Торайғыров кейіпкерлері өмірінің трагедиялық жағдайлардың мазмұны мен мағынасына ерекше көңіл бөлген. Кез келген жағдайдан адам сабақ ала білсін деген тұжырымға келеді. С. Торайғыров адам өмірде өз орнын таба білсін деген мақсат қойған. Ж. Аймауытовқа келсек қандай жағдай болса да өмірге деген оптимистік көзқарас пен болашақтың жарқын болатынына сеніммен карау керек деген. Ол өмірде бақыттың бар екендігін айтады.

Біздерге М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов шынайы өмірдегі трагедиялық пен комедиялық, әсемдік пен ұсқынсыздық, жақсылық пен жамандықты талдауы күрделі болып көрінуі мүмкін. Олардың негізгі ойы әр ситуацияға объективті түрде қарап, проблеманың пайда болуының этикалық және эстетикалық себептерін қарап, оны шешудің адамгершілік нормаларына сай дұрыс жолын табу. Бұл этикалық - рухани дүниенің негізгі компоненті дегенді білдіреді. Қазақ дәстүрі философиясындағы этикалық және эстетикалықтың көрінісі осындай.

Бақылау сұрақтары

1. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов кейіпкерлерінің кінәсі неде екенін айтыңыз. Кінәсінің немесе кінәлі еместігінің трагедиялығы неде? Талдау жүргізіңіздер.

2. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов шығармаларына жасалған талдау бойынша қазақ ойшылдарының трагедиялық кінәнің шешілуіне сызбалы түрде классификация жасаңыз.

3. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов пікірлері бойынша кейіпкерлер өміріндегі трагедияға не себеп болды? Талдау жасап, мысал келтіріңіздер.

2.4 М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов шығармаларындағы өмірге этикалық қатынас феноменологиясы

Сабақтың мақсаты: зерттелетін тұлғалардың мұраларындағы этикалық өзара қарым-қатынастарының жеке ерекшеліктері мен ұқсастықтарын ашу.

Тақырыпты меңгеруге арналған ұсыныстар: Бұл тақырып әлеуметтік коммуникация жүйесінде көп қырлы этикалық қатынастардың шығуын талдауға бағытталған. Зерттелетін қазақ ойшылдарының «тағдыр» деген ұғымды түсіну ерекшелігіне көңіл

бөліңіздер. Олардың бұл ұғымды әр түрлі мағынада қолдану себебін түсіндіру қажет.

М. Ж. Көпеев, С.Торайғыров және Ж. Аймауытовтың өмір мен өлім проблемаларына көзқарастарын анықтаңыздар. Олардың өлім көрінісі мен адам тұрмысы мағынасына тоқталып өтіңіздер.

«Қайырымдылық пен зұлымдық» ұғымына талдау жасаңыздар. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтың көзқарасымен бұл өмірде зұлымдықтың болу себебін түсіндіріңіздер.

Тақырып мазмұны

1. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтың шығармаларындағы тағдыр мәселесі.

2. Өлім – өмірдің табиғи үрдісі (М. Ж. Көпеев), өлім – зұлымдық, болмыс мәнін бағалау белгісі (С. Торайғыров), өлімге көзқарас өмірге көзқарасты көрсетеді (Ж. Аймауытов).

3. Қайырымдылық пен зұлымдық, олардың диалектикалық бірлігі.

Біздің пікірімізше, адамның табиғи сұлулығы жасанды сұлулықтан қайырымдылық пен зұлымдыққа қатынасы арқылы анықталады, яғни оның адамгершілік қасиеттерінен көрінеді. Осы аспектіге сүйене отырып, біз этикалық көзқарастан қазақ ойшылдарын толғандырған екі негізгі мәселені атап өтейік:

- Адам бойындағы адамгершілік қасиеттердің көздері .

- Адамның кемеліне жету тәсілдері мен мүмкіндіктері және тұлғаның адамгершілік қасиеттерінің қайта қалыптасуына қажетті жағдайлар.

Бұл кейіпкерлердің тағдырлары неліктен қайғылы болды, бұған олардың өздері кінәлі ме, әлде тағдыр тәлкегі ме деген сауал қоя отырып, қазақ ойшылдары тағдыр ұғымының мағынасын ашпақ болады. М. Ж. Көпеев «Жұлдыздардың бізді бағып-қағу реті» мақаласында аспан жарықтарының әр адамның тағдыры мен мінезіне әсер ететінін айтып өтеді. Оның пікірінше, адам бойындағы кейбір қасиеттер туғаннан пайда болады және өсе келе жаман немесе жақсы қылықтарға ауытқып кетеді. Әр адамның өз жұлдызы болады. Бақытты жұлдыз астында туған адам тамаша қасиеттерімен ерекшеленеді, ол талантты, табысты, жолы болғыш әрі қайырымды болады. Өмірді сезінбей қабылдайтын адам жағымсыз жұлдыз астында туғандар, бұндай адамдар туралы да жағымсыз пікірлер айтылады. Бірақ адам мінезін анықтау фактілері оның өзгеру мүмкіндігін жоққа шығармайды, себебі Көпеевтің пікірінше, әр

адамның бойында зұлымдық пен қайырымдылыққа бейімділік болады. Бұдан әрі ойшының мұрасында зейін қоятын тағы да бір аспектінің бар екенін атап өткім келеді. Ойшылдың айтуынша, Алла адамды жаратып, еркіндік пен бостандық берген: «Жаратуын өзі жаратса да, билігін, ерік ықтиярын мақұлықтарына берді» [11, 24б.]. Бұл екі ой бір-біріне қайшы келмейді. Бұнда әрекет пен қылықтардың мәні олардың себебінде ғана емес, жауапкершілік пен оның ауырлығында жатқаны айтылады. Сондықтан адамның еркін таңдауын ерекше атап өтеді. Егер адамда еркін таңдау болса, ол бар жауапкершілікті өз мойнына алып, таңдау арқылы өз тағдырын өзгерте алады. Өмір адамға өзін жетілдіру үшін берілген. Дін адамды Құдайға бағыттап, көмектеседі.

Тағдыр жазуы туралы С. Торайғыров та айтып өткен. Бұл проблемаға оның көзқарасы өте қайғылы. Лирикалық кейіпкер өзінің бақытсыз тағдыры туралы ойға батып отырып, адам күштілігін жоққа шығарады, себебі оның өмірінің мағынасы бір сарынды, қиыншылықтардан құрылған. С. Торайғыров тағдырды адам өзі билік ете алмайтын жан дүниесінің ашылуы түрінде қарастырады. Бұл жерде С. Торайғыровтың тағдыр ұғымын түсіндіруін анықтауда ішкі қайшылық туындайды. Шынында, тағдыр кей кезде адамға қатал болады, адам жанын қинайды, бірақ ерік пен тілекті де, тасыған ақылды да тағдыр сыйға тартады ғой. Ендеше тағдыр сондай-ақ адамның қарсы тұру, қателесу, армандау сияқты қабілеттерін де болжайды. Шынайы өмір мен армандау, мақсат пен нәтиже арасындағы айырмашылықтар тағдырды, яғни өзіңді жаңа жақтарыңнан танып, ашу болып табылады. С. Торайғыровтың лирикалық кейіпкері өз жағдайын маңдайына жазған өмір заңы ретінде қабылдап, мойынсұнады. Бірақ ол өз-өзінен, өз ойынан қашып кете алмайды. Өз-өзімен үнемі дауласып, пікірлесу шынайы өмірден алшақтап кеткендердің тағдыры болып саналады. Лирикалық кейіпкер іштен түңіліп, өз-өзін сақтаудың жолын табады. С.Торайғыров және оның кейіпкерлері уақыттың алдын алып, болашақ кезеңдердің жаңа бастамаларының негізі болады. Бірақ С.Торайғыровтың өмірден түңілуін көрсету дұрыс болмайды, себебі ақынның рухы биік болып, адам өмірінде кездесетін қиындықтарға қарсы тұра білген. Тұрмыс ауыртпашылықтарын көрсе де, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпады. Ол адамдықты жоғары қойған. Оның бойында оптимистік сипат мол, өршілдік басым. Торайғыровтың айтуынша тағдыр адамды мүгедек етіп, кейде өлтіруі де мүмкін, бірақ оның адамгершілік қасиеттерін өзгертіп, өзіне қарсы қоюы мүмкін емес. Өйткені адамгершілік құлшынысты адам өзі

таңдайды. Яғни тағдырға мойынсұну немесе өмір ағымына қарсы шығу шешімін адам өзі қабылдайды. Адамның ішкі жан дүниесі – тағдырға қарсы тұра алатын бостандық белгісі. Ж. Аймауытов тағдыр ұғымын басқаша қарастырады. Ол үшін Тағдыр дегеніміз – арнамыспен қорғалатын бостандық, еркіндік сынағы. Ақбілек пен Қартқожаның ашынып-күйінуі олардың өжеттілігін, өзін-өзі бағалай алатындықтарын көрсетеді. Олар ауыртпашылыққа көніп, өмірден түңілген жоқ. Яғни олар таңдаған өмір ұстанымы қалыптасқан жағдайға сай келмеді. Сондықтан кейіпкерлер бұл жағдайға қарсы тұрып, өмірдің жаңа жолына түседі. Еркіндікті таңдап, өз жағдайын өзі шешеді немесе керісінше, тағдырды таңдап, еркін болу шешімін қабылдайды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, М. Ж. Көпеев еркіндік пен бостандықты Тәңір сыйға тартқан деп санайды, алайда бұл екі ұғымды теңдестірмейді. Еркіндік тағдыр ішіндегі қайырымдылық немесе зұлымдықты таңдаудың рухани тұрғысында көрінеді. С. Торайғыров еркіндік құқығы болу керек деген көзқарасты тұжырымдаса да, тағдырдың жазғанын алдын ала болжау фактісін де атап өтеді. Еркіндік тағдырға қарсы қойылып, табиғи бастаманың кері шамасымен бағаланады. Қоғам заңы әділ болмаса, адам өз тағдырын өзгерте алмайды. Адамның жан дүниесі еркін болып, қоғамның бұл заңын өзгерте алмаса да, өзінің жеке тұлғасын қорғай алады. Бірақ адам осы еркіндіктің мағынасын түсіне ала ма. Ж. Аймауытов адамның онтологиялық бостандығы, адам тұрмысының табиғи әлемнен бостандық факторы арқылы анықталуы туралы мәселені қояды. Тағдыр мен еркіндік теңдестіріледі. Адам қалыптасқан жағдайларға байланысты өзі өзгере отырып немесе осы жағдайларды өзгерте отырып, тағдырын шешеді. Міне, адамның еркін әрекеті деген осы. Тағдыр мен еркіндік ұғымдарының түрлі мағынада қолданылуына қарамастан, барлық ойшылдар өлім – қашып құтыла алмайтын өмір құбылысы ретінде жоғарыдан шешілген деген пікір айтады. Өлім – бұл тағдыр жазмышы. Біздің ойымызша, өлімге деген көзқарас, өмірге деген көзқарасты қалыптастыруға көмектеседі, сондықтан осы проблемаға жүгінуіміз заңды деп санаймыз. М. Ж. Көпеевтің діни пәлсапасында өлім – өмірдің басқа деңгейіне ауысу. Ойшыл өлім алдындағы адамның тән өлімінен қорқуына емес, жасаған зұлымдықтары үшін о дүниеде жауап беретініне баса назар аударады. Яғни өлім арқылы бұл дүниедегі қайырымдылық пен зұлымдықты айырып, өз қылықтарын бағалауға түрткі болады. Өлім туралы қайғыға батып, түңілу үшін емес, өмірді тереңінен түсіну үшін ұмытпау керек.

С. Торайғыров пайымдауынан өмір аралығында оның өлімге көзқарасының өзгеру серпінін бақыладық. Алғашқы шығармаларында ақырзаманның жақындауы, осыдан туындаған шарасыздық, жазмыштық ақынның ішкі жан дүниесін күйзелтіп, бойында ашу, түңілу мен қорқыныш ұялатады. Себебі өлім өмір болмысын бұзып, кемелденудің шексіз мүмкіндіктерін шектейді. «Мейірімсіз ажал» (Безжалостная смерть») өлеңінде жас ақынның ашынып, күйінгенін көруге болады.

Не дав желанного свершить,
Ты, смерть родишь печаль.
Еще бы только жить да жить,
А ты уносишь вдаль [12, 28 б.]

С. Торайғыров түсінігі бойынша өлім, әсіресе, жастар үшін зұлымдық («Қамар сұлу» романы, «Жаным неге түңіледі» өлеңі). Бұл зұлымдық кенеттен ойламаған жерден келіп, жас жанның өмірін қыршынынан қияды. Уақыт ағымын кері қайтаруға болмайтынын, өмір сәттерінің өткіншілігін көріп жас ойшыл қатты күйзеледі.

Бірақ жас тұлға өлгенімен, шексіз өмір тоқтамайды. Болмысына карамастан, өлместің күнін көріп, тіршілік еткендер де, бар өмірі рухани шиеленіспен өткендер де – барлығы да топыраққа айналады. Сонда дүниеге келіп, өмір сүрудің мәні неде? Өлім барлық рухани іздену мен қайғы-қасіретті жойып, болмыс мағынасын түсіріп, жандыны да жансызды да теңестіреді. Жақынын жоғалтып, өзінің өлімнен қашып құтыла алмайтынын сезген жас ойшылдың жан дүниесіне қайғы толтырып, көңілін қалдырған сауалдар туындайды.

Дүниенің шексіздігі мен адам тіршілігінің өткіншілігі туралы пайымдай отырып С. Торайғыров адам болмысы орынсыз деген идеямен келіспейді, себебі әр адамның өмірде өз орны мен міндеттері бар екенін айтады. Ол өзінің міндеті – қазақ халқының рухани дамуын және ар-намысын қорғау деп көрсеткен. Адам болмысының мәні туралы ойымен бөлісе отырып С. Торайғыров адам үшін ең қорқыныштысы – өлгеннен кейін ұмытылуы, жойылуы, із-түссіз жоғалуы дейді. Әр тұлғаның тіршілік ету уақыты өмір мағынасымен, оның бағытымен өлшенеді. Яғни адам өлімі күнделікті өмір ағымына әсер етпейді. Мәңгілік дегеніміз – үнемі ауысып отыратын өмір кезегі. Ал көзге көрінер Әлем – таусылмас болмыстың бір сәттілік ұшқыны.

Аймауытов шығармашылығына келсек, өлімге қатысты оның ұстанымы С. Торайғыров ұстанымына жақын деп айтуға болады. Ол үшін де өлім деген – зұлымдық. Ол адам өмірін кенеттен ойламаған

жерден ұрлайды. «Аңсызда артыңнан бұғып келіп, алып ұрғанын бір-ақ білесің. Ажал бір ұры ғой, ажалға не дауа бар?» [3, 171 б.]. Алайда адам өмір заңы алдында әлсіздігін сезініп, өмірдің бұл құбылысына да көнеді. Адам өлу үшін туады. Зерттеліп отырған ойшылдардан айырмашылығы, ол өлім проблемасын адам өмірі бағаланбай, өлтіру мен өлімді көруге көз үйренген айрықша соғыс жағдайларында қарастырады. Ж. Аймауытов өлімге парықсыз қарауды адамның кез келген жағымды, жағымсыз құбылыстарға бейімделу қабілетімен байланыстырады. Бірақ Ж. Аймауытовтың бұл мәселе тұрғысынан көзқарасы басқа. Оның ойынша, тіпті осы қысқа мерзімде адамның болашақта өз тіршілігін жалғастыратын мәңгілік сүйіспеншілік, мәңгілік істері арқылы өзін мәңгілік етуге мүмкіндіктері бар. Яғни бір кездері жасалған ұмытылмас ізгі істері болашақта басқа адамдар санасында қалады.

Жоғарыдағы талдаудан бірнеше ой қорытындысын шығаруға болады. Әрине, адамның өлімге деген көзқарасын талдау оңай емес, оның сұлбасы жоқ болса да, одан қашып құтыла алмайтыныңды сезіну оған деген белгілі бір көзқарасты туындатады. М. Ж. Көпеев тұжырымдамасы бойынша, өлім – өмірдің табиғи құбылысы. С. Торайғыров үшін өлім – зұлымдық, сондай-ақ болмыс мәнін бағалау белгісі. Ж. Аймауытов өлімге көзқарас арқылы өмірге көзқарасты ашты, егер өлімнің мағынасы болмаса, онда өмір де бағаланбайды. Дегенмен қазақ ойшылдары өз замандастарының өлімге деген көзқарастарын әр мағынада талдай отырып, өлім өмірге мән беріп, өмір құндылықтарын таңдауға жауапкершілікпен қарауды үйретеді деген бір пікір айтады. Өлімді тағдырдың алдын ала анықтап қойған факторы ретінде қабылдап, олар еркіндікті өмір ұзақтығымен емес, оның мәнімен байланыстырады.

Бақылау сұрақтары

1. Қазақ ойшылдарының тағдыр мен таңдау еркіндігі проблемаларын түсіндірудегі негізгі жолдарын ашыңыздар.
2. Жауапкершілік деген не және оның таңдау еркіндігімен арақатынасы.
3. Автордың өлім проблемасына көзқарастарын анықтаңыздар.
4. Қазақ ойшылдарының «Өмірде зұлымдық қалай пайда болды?» деген сауалға жауап берудегі пікірлерін сипаттаңыздар.

2.5 М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов шығармашылықтарындағы этикалық және эстетикалықтың өзара қатынасы және олардың қайшылықтарын анықтау қағидалары

Сабақтың мақсаты: адам бойындағы этикалық және эстетикалық қарама-қайшылық диалектикасын ашу және ХХ ғасыр басындағы қазақ ойшылдарының көзқарасы тұрғысынан осы қарама-қайшылықтарды шешуі мүмкін әдістерді талдау.

Тақырыпты меңгеруге арналған ұсыныстар: берілген тақырыпта адам бойындағы этикалық және эстетикалық ара қатынас туралы мәселе қойылған. Берілген тақырыпты игеру мақсатында М.Ж.Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтардың көзқарасы тұрғысынан эстетикалық және этикалықтың мәні мен табиғатын анықтау қажет. Қазақ ойшылдары позициясынан олардың шығармашылықтарын мысалға ала отырып, салыстырмалы аспектіде адам бойында эстетикалықтың бой алуы себептеріне көңіл аударыңыз. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтардың ұсынған этикалық және эстетикалықтың қарама-қайшылығын шешу әдістерін анықтаңыз.

Тақырып мазмұны

1. Адам бойындағы этикалық пен эстетикалықтың қарама-қайшылық себептері.
2. Әлемдік көзқарас тұрғысындағы сезімдік бастау, эстетикалық бастау, табиғи бастау.
3. Этикалық пен эстетикалықтың қарама-қайшылығын шешу әдістері.

М. Ж. Көпеевтің пікірі бойынша шамадан тыс өмір салтында теріс ойлар біртіндеп адамның санасын жаулап алады. Яғни, біртіндеп уақыт ағынымен сезімдік ләззаттың бой алуы этикалықтың мәнін түсіреді. Бірақ санамен сезімдікті шектеу этикалықты саналы таңдауда, Көпеевтің тұжырымынша, адам рухы тұтасады және үйлесімділік қалпына келеді. «Аз жеуді, аз ұйықтауды, аз сөйлеуді мұрат тұтты» [1, 14 б.]. Шама және үйлесімділік түсініктерімен тығыз байланысты көрсетілген арақатынастың, әрине, эстетикалық аспектісі бар. Сондай-ақ Құранда шама шегін сақтау жақсылық ретінде және, керісінше, шектен асу артынан жамандық әкелетін Құдай кешірмейтін опасыздық ретінде қабылданады. Яғни, адамгершілік қасиет принципі Құран аяттары негізінде адам бойында, бәрінен бұрын, адамға өз табиғатынан жоғары, оны сеніммен және білімімен кеңейтіп

эмоциясын, сезімдерін, көңілін бақылай алатын адамға тән ақыл-еске сананың бағынуын топшылайды. Сонымен қатар Көпеевтің айтуынша, адамды күштеп өзгерту өте қиын, оның өзінің көңілі болмаса, бұл уақытты босқа шығындау болады. Мүмкін, адамды зұлымдықтан тек құдай ғана сақтай алатын шығар.

Жоғарыда айтылғандардан мынадай қорытынды шығады: Құдайсыз адам бойында сезімділік бой ала бастайды және адам бойындағы жеке бастау жиі этиканы кейінге шегеріп, эстетизмге ауысады. Көпеев этикалық және эстетикалық бастама үйлесімділігінің діни негізі тұрғысын ұстанып, дін этикалық және эстетикалық бастау арасындағы әдіс болып табылатынын көрсетеді. Шарифат аяттарын сақтау, өз бойында адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу адамның рухани тұтастығын қайта қалыптастыруға жағдай жасайды. Бірақ Аллаға сену, Көпеевше жай ғана формалді жол-жораны орындау емес. Ол салтты көзбояушылықпен сақтауды қабылдамайды, Аллаға, яғни қайырымдылыққа, ақиқатқа және сұлулыққа жақын болу жолында, адамгершілікті-ойлы өмір салтын, адамның жетілуін қолдайды. Бұл кемелденуге жақындау тек рухтың дамуы арқылы ғана мүмкін болады. Осылай, этикалық және эстетикалықтың қарама-қайшылығын тек негізінде дін бар этикалық қана шеше алады.

Жамандыққа әкелетін жол ретіндегі сезімділіктің басым болу түсінігі мәселесінде С. Торайғыровтың М. Ж. Көпеевпен ойы бір. Бірақ бір жағынан оның түсінігінде эстетизм шектен тыс ләззәт алуға ұмтылу ретіндегі адамның түңілуін кейіптейді. Қазіргі жағдайын қанағат тұтпау, мұңаю біртіндеп адам рухани тұтастығының бөлшектеніп, құлдырауына әкеледі. С. Торайғыров адам тек ләззәт алу принципімен жүріп, өз-өзін құртатынын көрсеткісі келген. Нәтижесінде ол іштей мұңаю және шарасыздық күйде болады. Оның себебі алдамшы ләззәтқа шектен тыс ұмтылу. Ләззәт іздеу адамды өзіне тәуелді етеді, ол өз бостандығын жоғалтып, оған жетпей, бостандық елестерін ғана алады. Бұл жағдайдан шығуды, яғни тұтастыққа жетуді, Торайғыровтың айтуынша, саналы таңдаудан іздеу керек. Егер Әжібай («Адасқан өмір») бостандықты таңдаса, ол өзіндік «жеке тұлғасын» табушы еді. Бірақ бар қайғы оның өзіндік табиғи «жеке тұлғасын» таба алмауында. Ол жеке тұлғалық бастауын ала алмай, ләззәт алу және рақаттылық сезіміне бөлену ырықсыз соқыр сезіміне бой алдырып, жекелігін жоғалтады. Оның жеке болмысы дәстүрлі көзқарастармен шиеленіске түспеді. Әжібай көпшілік мақұлдаған дәстүрлерге жол береді, өз тұлғасын құрбан етеді, ол аз дегендей, ру мүддесі үшін сүймеген адамына тұрмысқа беріп өз қызын құрбан етеді. Әжібайдың өмірлік дүниетанымы себептерін

түсінуге тырысып, адам табиғатын талдап көрейік, оны Торайғыров қалай көрсетті.

М. Ж. Көпеевтен айырмасы Торайғыровтың пікірінше, дүниеге келгенде адам пәк тазалықтың бейнесі болып табылады.

Есейе келе адам қоршаған ортамен түрлі байланыс қатынастарға түседі. «Адасқан өмір» поэмасында біртіндеп кейіпкердің дүниеге келгеннен өмірінің соңғы сәттеріне дейін адам табиғаты және қоғам табиғаты арасында шиеленіс динамикасы орын алады. Торайғыров Әжібайдың алдына табиғи адамгершілікті-бейтарап бастау және рухани-жеке тұлғалық бастау арасына таңдау қояды. Бірақ Әжібай жеке тұлғалық таңдау жасамады, таңдау жасай алмағанынан емес, ол тек алдына таңдау мүмкіндігі туралы мәселе қойған жоқ және өзіндік «жеке тұлғалық» ретінде сол ойында тұра алмады. Сондықтан оның өмірге қатынасы табиғи, эстетикалық, сезімдік, бұзылғандық болып қалды. Торайғыровтың жақсылық деп түсінген рухани жеке тұлғалық бастауы да қажетсіз болып қалды, өйткені таңдау актісі жасалмады. Жеке тұлғалық бастауды айқындайтын бостандық Торайғыровша жақсылық екенін атап кету керек. Адам жақсылықты таңдай отырып, бостандықты таңдайды. Зұлымдық адам бойындағы табиғи, рухтанбаған бастаудан шығады.

Әжібай рулық мүдделерге бой ұсынғасын, барлық жауапкершілікті, яғни, жасалған таңдау нәтижелері үшін туындаған жағдайларға жауапты көпшілікке аударып салды. Осы жағдайдан шығу ретін Торайғыров қарама-қайшы этикалық бастау – барлығына ортақ адамгершілік заңды ұсынады. С. Торайғыров та солай жеке тұлғалық, рухани бастауда тұрып, әділдіктің бірыңғай жалпы адамгершілік заңын құрып, адамның бейтарап табиғатына қарсы тұруды ұсынады.

С. Торайғыровтың әлемі – өзінше адамнан бөлінген болмыс қана емес, ол жасаушы жеке тұлғаның өзі болатын адам бостандығының әлемі екені анық. Мұнда Әжібайдың және сол сияқты адамдардың өмірге сезімдікпен қарауының негізгі себебі, Торайғыровтың айтуынша, надандық. Сондықтан ол жалғандықты қазіргі қоғамның барлық жамандықтарынан: надандық және мәдениетсіздік, құлдық және қайырымсыздық, білімдерінен іздейді. С.Торайғыров жақсылық пен білімнің байланысын сезініп, адамгершілікке адам ақылының тірегі қажеттігін мойындады. Яғни, надандық – ол зұлымдық, бірақ адамгершіліксіз білім – зұлымдықтан жаман. Осылай, С. Торайғыров бойынша таңдау бостандығы адамның өзімен, оның адамгершілік, рухани-жеке тұлғалық даму деңгейімен анықталады.

Көріп отырғанымыздай, этикалық және эстетикалықтың қарама-қайшылығын шешу әдістері адамның өзіндегі этикалық бастаумен байланысты. Адамгершілік өмір, Торайғыровтың пікірінше бұл абсолютті жақсылықпен адамның ішкі байланысын жетілдіру үрдісі.

Ж. Аймауытовтың пайымдауында біршама басқа жағдай байқалады. Ж. Аймауытов «Тәрбие» мақаласында тәрбиенің мәні мен міндеттері туралы ойлаған әлемнің ұлы ойшылдарының аттарына жүгінеді. Қоғамда зұлымдықтың болуын Ж. Аймауытов жай ғана тәрбиемен емес, мейірімді адамдық қасиеттерді тәрбиелеудің кемшіліктерімен байланыстырады: «Адам баласының арасында ұрлық, зорлық, өтірік алдау, кісі өлтіру, талау сықылды неше түрлі бұзықтықтың көптігі тәрбиенің жетпегендігінен» [28, 133б.]. (Ұрлық, зорлық, өтірік, кісі өлтірушілік- тәрбие жеткіліксіздігінің нәтижесі). Адамгершілік қасиеттер адамға туа бітпейді, адамда тек тәрбиесіне қарай өрбитін бейімділік болады: «Адамды бұзатын да, түзейтін де тәрбие деп едік» [28, 134 б.]. Яғни, Аймауытовтың ойынша, адамды ұлы залым немесе адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуге болады. Ол тәрбиелеудегі басты жауапкершілікті ата-аналарға жүктейді, себебі тәртіптілік пен арсыздық, шыншылдық пен өтірікшілік, аяушылық пен зұлымдық отбасында қалыптасады. Жаман отбасынан жақсы бала, ал жақсы отбасынан жаман бала шығуы мүмкін емес дейді. Сондықтан ойшыл кешенді тәрбиелеу туралы сөз қозғайды, бұнда міндетті түрде баланың құрбы-құрдастарының, жолдастарының, ұстаздарының, тұтас қоғамның, дін мен салт-дәстүрдің әсері мен құндылықтарын ескеру қажет. Ж. Аймауытов адамның түрлі күрделі жағдайлар ортасында жүретінін ескере отырып, шығармашылық адамның қалыптасуындағы маңызды шарт білім беру мекемелеріндегі тәрбиесі деп санаған. Ойшыл қарт адамды да жақсылыққа тәрбиелеп, оның рухани әлемін жетілдіруге, сұлулықты түсініп, оны бағалауға үйретуге болады деп сенеді. Сондықтан Ж. Аймауытов тәрбиелеуді оқыту, үйрету деп түсінбеуін анықтап алу қажет. Бұл жерде адамдардың, әсіресе, тәрбиеленушіні өмірге бейімдейтін ата-аналар, ұстаздар мен достарының өмір салты туралы баяндалады. Сондықтан әр адам басқа адамдардың алдына түрлі қылықтары үшін жауап береді. Яғни өз әрекеттерімен және қылықтарымен ол басқа адамдарға үлгі болып, оларды тәрбиелеуге үлесін қосады. Сонымен тәрбие дегеніміз екінші бір адамның өмірін өзгертуге көмек.

Егер адам тамаша және қайырымды ортаға қарамастан бәрібір зұлымдықты таңдаса, зұлымдық ұзақ уақыт аралығында этикалық принципті жеңіп кетсе, онда Ж. Аймауытовтың пікірінше, адам

бойында тәрбие және адамгершілік парызды қабылдау арқылы өзгертуге болатын туа біткен бастама ғана емес, басқа бір құбылыс бар. Мүсілім мен Мұқаш бейнелеріне С. Торайғыровтың адамгершілік заңдылығының этикалық талаптары әсер ете алмайды. Олар зұлымдықты таңдады. Бұл жерде аталған кейіпкерлер сезімдікті емес, теріс руханиды таңдағанын атап өту керек. Мұқаш пен Мүсілім эстетикалық, сезімдік бастамаға Әжібай секілдің рухтарының әлсіз болғандығынан берілген жоқ. Олардың рухтары күшті, бірақ бойларындағы зұлымдық жақсылықты жеңіп кетті. Ләззаттың опасыздығы мен сұлулықтың күнәһарлығын біле отырып, олар тыйым салынған құбылыстардан рахат алады. Бұлар арамдықпен өздерінің кез келген опасыз тілектерін орындап, оларды ақтап алатын өте білгір эстетиктер. Яғни бұл жерде С. Торайғыровтың эстетикалық таңдауын қолдану мүмкін емес. Мұқаш пен Мүсілім жағымсыз қылықтарынан ләззат алады. Сондықтан бұл білгір-эстетикалық сайтан бастамасын этикадан тыс құбылыс қана жеңеді. Адам зұлымдықтан ләззат алып, өзін-өзі ұстай алмаса, Ж. Аймауытовтың айтуынша, қуатты энергия қажет. Біз оны Тәңірі күші деп ұғамыз. «Жасында алған мінезді жүре түзеп әкетуге адамның жанында өзгеше бір қуат болу керек» [28, 137 б.]. Осы тұрғыда Ж. Аймауытов пайымында адамның залым ойын, зұлымдықты жою үшін Тәңірге жүгіну қажеттілігі идеясы анық берілген. Адам күші сайтан бастамасы алдында әлсіз және тек қана ізгіліктен тыс құбылыс – тәңірлік қана жеңе алады.

Сөйтіп, қорытындылай отырып, М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов түсінігінше таңдау еркіндігі мен жеке жауапкершілік адамның ізгі кейпінде маңызды рөл атқарады. Бұнда келтірілген пайымдаулардан әр оқуды қолайлы және дұрыс түсіндіруге қажетті сызбаны жасау өте қиын екенін көруге болады. Алайда біз олардың шығармашылықтарындағы кейіпкерлердің бірнеше типтерін атап көрсетуді жөн көрдік. Біздің пікірімізше, өзінің шарттылығы мен толық еместігіне қарамастан, бұл типтер қазіргі өмірде де жиі кездеседі.

М. Ж. Көпеев мұрасында жақсылық пен жамандықты айыра білетін, бірақ ләззат үшін жаман қылықтар жасайтын адамдар талданады. Адам бойында адамгершілік, ізгі қасиеттер мен қайырымдылық ислам қағидаларын ұстанып, жаттығу негізінде қалыптасады. Этикалық қажеттілік дінмен анықталады деп айтуға болады. Басқаша айтқанда, дін – этикалық және эстетикалық бастаманың үйлесімдеу негізі.

С. Торайғыровта адамдар қылықтарынан жамандықты көрмеу жағдайлары талданған. Жамандық жасау адамның заттардың шынайы

табиғатын түсінбеуінен болады. Ол сезімдікке бейімділігі мен ізгілік парызы арасындағы таңдау алдында тұр. Яғни адам өз ішіндегі рухани бастамаға жүгінуі керек. Сонда ғана ол эстетикалық жағдайдан этикалық жағдайға көшеді. Алайда С. Торайғыров жалпыға ортақ мораль мен жеке адамгершілік бастамасын қарама-қарсы қояды. Оның кезеңінде қоғам кертартпа болып, лирикалық кейіпкер Қамар сұлу кейіпіндегі жеке рухани-ізгілік тұлға жағымды өзгеріс көздері бола бастады. Ойшыл қоғамдық нормаларды теріске шығаруға шақырмайды, адам жақсылықты түсініп, өзі қабылдауы керек деген пікір айтады. Сонымен «барлық заттардың өлшеуіші» қоғамдық құндылықтар емес, адам болуы керек. Торайғыров пен оның кейіпкерлерінің көзқарастарында қоршаған ортадан құрбандықты қажет етпей, өзін құрбандыққа шалу сияқты ашық түрдегі интенция бар. Өздерінің жеке тұлғалық құндылықтары арқылы олар өздерінен да бағалы бір құбылысты сезінеді, міне, осылардың жеке тұлғалық және жалпы адамдықтың бірігуі Торайғыровқа өмір болмысына сын көзбен қарауға мүмкіндік береді.

Ж. Аймауытовтың шығармашылығында мүлде басқа тип беріледі. Бұл адамдар біле тұра зұлымдық жолына түсіп, басқа адамдарға жасаған зорлық-зомбылықтан рахат алады. Олардың алған ләззаты рухани-теріс бастама. Бұл руханилықтың ең соңғы қарама-қайшы нүктелерінің бірі. Оларды тек қана тәңірлік бастама ғана баса алады. Бұл бастаманың М. Ж. Көпеев бастамасынан айырмашылығы бар. Этикалық бастама адам бойындағы сайтан бастамасын жеңе алмайды, себебі ол әлсіз. Оған тек қана табиғаттан тыс құбылыс қана әсер ете алады. Яғни Ш. Айтматовтың пікірінше, діни бастама маңызды және этикалық бастамадан жоғары тұрады.

Көрсетілген айырмашылықтарға қарамастан, үш ойшыл да адамның кемелдену мүмкіндігі мен қажеттілігі туралы пікірді айтады.

Бақылау сұрақтары

1. Адамның абыройы мақсатқа жетуінен, оған баратын жолынан анықталады (Абай). Сіздер бұл тұжырыммен келісесіздер ме?
2. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов адам бойында эстетикалық бастамаға бой алдыру себептерін қалай түсінеді?
3. Қазақ ойшылдары адам бойындағы эстетикалық және этикалық арасындағы қарама-қайшылықтарды шешудің қандай жолдарын ұсынады?

2.6 М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов дүниетанымындағы этика-эстетикалық идеал

Сабақтың мақсаты: М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов көзқарастарынан қазақ қоғамының даму перспективасын, адамның этика-эстетикалық идеалының салыстырмалы талдау өткізу.

Тақырыпты меңгеруге арналған ұсыныстар: Бұл тақырыптың адамды пір тұту және қоғамдағы табыну түсінігінің көпқырлы трактовокаларын анықтауда студенттерге көмегі болуы тиіс. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтардың идеалды адамды шартты түрде көруі, оның себептеріне назар аудару. Мүмкіндігінше, XX ғасырдың басында қазақ даласындағы саяси және экономикалық жағдайлардың қандай тұрғыға байланысты олардың идеалды қоғамды ұсынғанын түсіндіру.

Тақырыптың мазмұны

Қоғамның идеалы: мұсылман мемлекеті, социалистік әділ қайтақұру қоғамы, көшпенділердің үйлесімді үндескен ментальділігі (ділділік) жаңа еуропалық қоғамдық құрылымға енгізу.

Адам идеалы: өзін өзі таныта білудің шығармашылық мәселелері.

Этикалық және эстетикалық өзара байланыс, адамдардың шынайы қарым-қатынасынан білінді, нақты жағдайлардың көрінісін ғана көрсетіп қана қоймай және бағаланады, сонымен қатар адамдықтың заманауи руханилығына бірнеше бағдар-түпқазық беріледі. Адам идеалсыз өмір сүре алмайды. Идеал жоғарғы жетілу ретінде жиі, шынайы өмірде болмаған ғаламат секілді, бірақ нақтылықтың түпқазығы-бағдары озыққа қарай жоғарылаудан анықталады. Идеал туралы түсінік адамға да, және әдемілікке де, және мемлекетті басқару пішініне қолданылады. Идеал мұндай мағынасында нақтылықтың жетілмеген затқа қарсы салыстыру секілді болады. Идеал туралы түсінік – бұл бір мезгілдік емес және мәңгілік тұрақтылықты белгілейді, идеал – бұл дәуір анықтаған сананың эстетикалық және этикалық құрылымының өзіндік кульминациялық нүктесі.

Әрбір дәуір өзінің идеалдарын қалыптастырады, онда адамдардың өзара қарым-қатынасындағы деңгей, олардың айнала дүниеге қатынасы, қоғамның басымдылық құндылығы және қажеттілігі айқындалады. Жоғарыда көрсетілгендей, XX ғасырдың басында идеал бәрінен бұрын қазақ халқының саяси және

экономикалық қызығушылығын қозғады. Біздің көзқарасымызша, мұндай жаңа басымдылықтың ішінде және жетілген қоғам және жетілген адамның этика-эстетикалық идеалы қалыптасты. Және дәл осы мерзімде бірлескен қазақ тақырыбына негізделген жаңа реңктер қабылдады.

М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов сол сияқты мемлекеттің жаңа типі туралы армандайды, онда әрқайсысы өз қабілетіне қарай өзін-өзі жетілдіруге қабілетті болады, онда әділетсіздік пен зұлымдық, кедейлік пен күнәлілік болмайды. XX ғасырдың басындағы ресейлік колонизация шешімінің астарында, ұлттық тамырды және сенімді ыңғайлы етіп жоюға мінезделген сипат қабылданған, М. Ж. Көпеев қайтадан қазақтардың басқа мұсылман халықтарымен бірлігі туралы мәселе көтерді. Ру бойынша емес, сенім бойынша бірігу – міне бірліктің негізі, М. Ж. Көпеевтің пікірінше, өз табиғатын және қазақтардың ұлттық рухын сақтауға қабілетті. 1917 жылы қазақ даласына келген революциялық өзгерістер көшпенділер өркениетіне (цивилизациясына) құлдырауына себеп болды. Сонымен бірге шаруа-переселендерге ең жақсы жемісті мал жайылымдарын басып алып беру мен таратып беру, дүниетаным туралы дін және дәстүрден, қазақтарды исламнан айыруға тырысқан әрекеттер миссионерлік қызметтің бірлесе өткізілуі еді. Мұндай саясат шынайы түрде көптеген қазақ зиялы қауымы (интеллигенциясы) өкілдерінің қарсы реакциясын тудырды. М. Ж. Көпеевті алшақ емес уақыттың өзінде Зар-Заман дәуірінің ақын-қайғышылдарына қатысты деп санады. Немесе, кеңестік саясаттың терең мақсатын ашық жан-жақты ашу қазақ халқының рухани әлеуетін (потенциалын) нивелировкасы әрекетінде, руластарын мәдени қазынаны сақтауға шақырады, дәстүрлі құндылықтарды қайта өркендетуге, оны ұлтшыл және жаңа құрылысқа жаулық қатынаста деп айыптады. Бүгінгі күні бәріне де түсінікті, ойшылдардың шығармашылығының мәні мен мағынасының аталған бағыты қиратушы қарсылықты күш (агрессивті) саясатының алдында қазақ халқының ұлттық мүддесін сақтап қалудан тұрады. Оның бүгінгі уақытқа теріс пиғылдық (негативтілігі) қатынасы, бейқамдыққа және туыстастардың мансапқорлығына (карьеризмге) жек көрініспен қарауынан, медаль мен марапаттар үшін дәстүрді қиратуға мүмкіндік берілетініне, өзінің меншігіндегі жерде сыртқа тебілген қазақтарға аяушылықпен қарайтындарға айқай-үні беріледі.

С. Торайғыров, керісінше, қазақ даласында орнаған революциялық төңкеріске үлкен үміт артты. Ол жақсы жақтарын көрді және орыс революциясының мағынасын сананың жаңа парадигмасының құрылуы деп қарады, экономиканың өсуіне,

қоғамның демократиялық дамуына, және «Алаш» партиясының қызметін алға апаруға атсалысты, қазақ халқының мүддесін қорғады. Өз халқының өмірін жақсылыққа мен жарыққа толтыру тілегін жүзеге асыру үшін, ол жаңа құрылыстың және қоғамның ең озық өкілдерінен үлгі алуға шақырады.

Оның тілегі бәрінен бұрын қазақтардың жан-жақты және міндетті біліміне байланысты, ғылымның жаңа түрлерін игеру, техника, әлем мәдениеті жетістігіне және барлық әлем үшін қазақ рухани кеңістігінің өзіндік ашылуына орыс мәдениеті арқылы сөйлесу болды.

Ж. Аймауытовтың аталған жағдайға қатынасы даланың диалектикалық ыңғайымен өзгешеленеді. Саяси қызметпен белсенді айналысып, өмірдің жаңа образы мүмкіндігінің келешегін (перспективасын) талдайды, ол қазақ даласының шынайы жағдайындағы болғанды сипаттайды. Тарихтан белгілідей, өзеннің жағасындағы ең бай территорияларды, бұлақтарды көшіп келуші переселендер әлдеқашан иеленген. Көшпенділерге не істеу керек? – деп сұрайды Аймауытов. Өйткені жақсы жерлерден ешкім ешқашан кетпейді, ендеше, қазақтарға даланың тіршіліксіз қиыр-шетіне риза болып отыруына тура келеді. Ж. Аймауытов көшпенділердің мүшкіл (кедейлік) халін жер өңдеу жағдайына бейімделе алмағанынан деп біледі. Көшпенділер еш нәрсесі қалмай, әлсізденген, қыстаудан бай жазғы жайлауларға көшуіне мүмкіндігі жоқ, олар еріксіз жер игерушілерге айналады. Отырықшылық деген не, көптеген қазақтарға оның қалй көрінуін, ойшыл «Қартқожа» романында ашты, көшпенділерді ырықсыз күшпен отырықшыға айналдыру нәтижесі жойылтуға апаратынын талдады. Егер отырықшы өмірге көшсе қазақтарға мүмкін жеңіл болар ма еді? – сауал тастайды ойшыл. Бірақ шындық басқаша болатын. Отырықшыға айналған ауылдар – бұл тірі бейіттер бола бастады. Рухы құлаған, малдарынан айрылған, жерді иелену ісінен хабары жоқ, бірде-бір еңбек құралсыз, көліксіз кедейленген адамдар еді. Бұған қарап кім отырықшы өмір қазақтарға жақсы өмір берді деп айта алады. Ойшыл тұрғындарды шаруашылықтың жаңа типіне асығыс көшірмеу мәселесін қойып, ақтағысы келеді. Адамдардың қайғысын, оларды кедейлікке ұшыратқанын, сол арқылы аштық жайлағанын және өлімге байлағанын, жер игеру өнері мен ғылымына үйретілмегенін қалай ақтауға болады, ғасырдан ғасырға дала көшпенділер болғаны, адамдардың өмірі сүру ритмі мен дүниетанымы басқаша, басқа уақыт мен кеңістікке жататыны ескерілмеген? Ж. Аймауытов өмірдің жаңа бұрылысына біртіндеп жайымен адамдардың ықылас-тілегін ескере

өтудің жақтаушысы болды, бұдан олардың мүмкіндігі, олардың дүниетанымдық қойылысы шығады.

Жоғарыда айтылғандардан байқағанмыздай, М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов төңкеріс (революция) мәселесіне, Ресейге қазақтардың қосылу нәтижесіне түрліше қатынаста қарады. Бір құбылыстың бойында трагедиялықпен және оптимистіктің араласып кетуі, оны тым жоғарылатып және сорақы тұрғыда көру және ойшылдарды өз халқының жоқшылықтан, жер иелігінсіз жүруден, құлдыраудан шығу жолдарын, перспективті болашағын шаршамай іздеуге мәжбүр етті. Қазақ ойшылдары, өз тамырының, қайнар көзінің сақталуы үшін күресінде, бағынуды қаламайтын және болмыс және ойлаудың жаңа формаларына таралады, қазақтар үшін жанына жақын болашақтың траекториясын сызып беруге ұмтылды. Бірақ та халықтың бақытына орай жалпы ұмтылыстың ішінде, олар түрлі жолдарын ұсынды және оның жетістікке жолу тәсілдері.

М. Ж. Көпеев өткенді идеал етуге бейімдеу, оның позициясына сәйкес, ең озығы, қазақ қоғамында болғандай, саяси өзгерістер ХХ ғасырдың басында жойылды. Қазіргі кезде қазақ ойшылдары негізінен трагидиясын көреді, күшейтілген жағымсыз өзгермеген, адамның ұнамсыз қасиеті білінеді, мұның себебін негізінен Құдайдан безу деп қарайды. С. Торайғыров, керісінше, өткенді дәріптеп, дәстүрдің де кейбір келеңсіз тұстары болатынын белгілейді, оның түсінігінде ондай нәрсе адамгершілікті жоғалту болып табылады. Нақты сол уақыт әзірше адамға бақыт әкелмеді, сондықтан С. Торайғыров болашаққа бағатталады. Оның ішінде ойшыл әділеттілікті бақыт деп қарайды. М. Ж. Көпеевтен С. Торайғыров Ж. Аймауытовтың айрықшалығы өткенге де болашаққа да ризалықпен қарайды, сонда да, нақты уақыт туралы айтуға бейім. Ж. Аймауытовқа сәйкес дәл бүгінгі күні адамда өзін адамдық қасиетін көрсетудің барлық мүмкіндігі (шанс) бар, қазақ халқы өз қабілеттері мен пайдасына қарай мүмкіндік ашады. Осы жоғарыда айтылғандардан шыға отырып, түйін жасауға болады, М. Ж. Көпеев үшін қоғам идеалы мұсылман мемлекеті болып табылады, С. Торайғыров қоғамның қайта құруында социалистік әділділікке үміт артады, Ж. Аймауытов қоғамдық құрылыстағы жаңа еуропалық кіріспелердің көшпенділердің діліне «ментальділігіне үйлесімді үндесу (гармониялық үндесу) қажеттілігіне негіздейді.

Айтқандай-ақ, М. Ж. Көпеевтің қоғамның қайта құруындағы идеалы сол тарихи дәуір билігіне нақтылай және толықтай қайшылықты болды, шындығында бұл көпке тек қана арман болып қалды. С. Торайғыров идеалында өмір сүріп жатырған нақтылық жасанды секілді қабылданбады және болашақты тезірек жүзеге

асыруға ұмтылды. Ж. Аймауытовтың ұсынған идеалында, біздің көзқарасымызша, М. Ж. Көпеев және С. Торайғыровтың синтез позициясына әрекеттенуі өтті. Ол үйлесімді (гармониялық) мұсылмандық және көпке танымалдылықтың және біртіндеп нашардың озыққа айналуы идеалдарының іске асуын ұсынды. Бірақ, сөзсіз бірнәрсе, бұндай ғажайып және күрделі процессте еркін шек-деңгей болуы тиіс емес, нашар пиғылды мүдделердің күшке шығып кетуінен қашқақтайды. Жоғарыда айтылғандай, байқауымызша, идеал – бұл ғасыр басындағы философияда аморфты емес түсінік, ол айқындалған мақсат, адамның және қоғамның өмірлік қозғаушы күші (стимулы) сапасында енеді, дүниетанымдық мағына қабылдайды, мінез-құлық негізі қалыптасады және этика-эстетикалық құндылық және мағынасы анықталады. Сондықтан да қазақ ойшылдарынан қоғамдастық шегінде идеалдылық және нақты адамның идеалы анықталды.

Атап айтуымыз керек, өтпелі дәуірде нақты айтқанда жастық пен бой жету, бозбалалық ең бағалы жас кезеңі болды. Ол туралы барлық ойлар айтылды, оған М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов барлық үміт артты этностың өсіп келе жатырған ұрпақты құтқаратын жібі ретінде көрді. Ойшылдар жағынан жастардың ұмтылысына және басымдылығына салмақты және ынта қойған қатынас олардың жаңа ұрпақты жоғары этика-эстетикалық құндылықты жалғастырушылар ретінде тануымен түсіндіріледі. Егер жалғыз күрделі түсінік арқылы дәуір сипатталса, ал ХХ жүзжылдық басындағы кезең үшін келесі анықтамалар тиісті болды: жауаптылық, әділділік, патриотизм, батылдылық және басқалар, яғни этикалық және эстетикалық бұзылмайтын бірлікте болады. Осы уақытта ерекше көрінген, өскелең ұрпақ үшін өзінің таусылмас рухани танылып-таралуы секілді тұлғаның ашылуы, принципиалды аяқталмаған шексіздігіндегі оның этика-эстетикалық жетілуі тұрды. Қазақ ойшылдарының идеалында тұлғаның қайталанбас және көпдеңгейлілік ашылуына мақсат қойылды.

Жоғарыда келтірілген алдыңғы бөлімдердегі талдауда, біздің көзқарасымызша, зерттеуіміздегі ойшылдардың пайымдауларында идеалды жетілген адамның бірнеше интенциясы анықталған. М. Ж. Көпеев тұжырымының (концепциясында) ең маңызды мәнінше ұятты адам идеалы қабылданды. Адамгершілік жауаптылығы болғандықтан, адамның түзелуі ұяттың болуына тікілей байланысты (Құдайшыл), және онтологиялық негіздегі этикалық және эстетикалық үйлесім (гармония) болып табылады, сондықтан және Көпеевтің түсінігіндегі адам, өмірге жақсылық жарығын төгуші және әдемілікті

кіргізуші болуға үнделеді. Бірақ нәзік сезімталдық әлем үйлесімі (гармониясы) адамның қолына түспейді, Көпеев бойынша, бұл ұяттың болмауы себепті болады. Адам рухының биіктігі, адам бойындағы әдемілік пен жақсылық арасындағы қайшылық себебінен болып табылады. ерекшелеп көрсеткендей, ұятты адамның әлемді тереңірек көру күші, ішкі және сыртқы, әлем үйлесімін синтездеп, хаосқа қарсы тұруға қабілетінен болады.

Этикалық және эстетикалық қайшылық арасындағы, жағымсыз мінез-құлық болғанда, көп үшін лас өмір сүру идеал бола бастайды және эстетикалық мағына жағымдылыққа қарай орын басады, онда жақсылық әдемілік секілді және әдемілік этикалық мазмұннан айрылатыны шығарылады, С. Торайғыров бойынша, шартты, бір жағынан, ұсқынсыз әлеуметтік жағдайлар, екінші жағынан – адамның осы өмірге келгендегі жасалалатын ісіне дұрыс түсінік жоқ. С. Торайғыровтың өзі жетілген адамды әділетті адам секілді, жаңалыққа құмар және өзінің дүниетанымына енуін толық түсінген және, солай ете отырып, әлемге жайлы қатынасты өзгеріссіз таңдаумен анықтайды.

Ж. Аймауытовқа сәйкес жетілген адам өзіне белсенді шығармашылық бастау сіндіреді, онда өзінің негізінде адамилыққа тірек етуі тиіс. Өйткені шығармашылық белсенділік түрлі құндылық бағыттарында жақсылықпен де, зұлымдықпен де көрінуге қабілетті. Оның бір себебі жетілмеген адамның, его әлсіздігі мен күнәлары, Аймауытов екіжүзділік жасырынған ішкі қуыс кеуделілік мүмкіндігі басталған кезде, сапасыз, бір жағынан даму және тәрбиені, көрсеткіш мінез-құлық жалпы мойындалған моральды қойылыстарға түскенін көреді. Сондықтан да, Аймауытов, өз позициясын дәлелдеп адамның белгісіздік және көпөлшемдік, өз-өзіне қатынасына сынмен қарау қажеттігі туралы ой дамытады. Толығымен, қоғам және адамның құрылымындағы түрлі басымдылықтарға қарамастан онда, М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтың мақсаты ұқсас – адамның шығармашылығымен өзін танытуы үшін этикалық адамгершілік және эстетикалық бірлік негізінде адам бойындағы тамаша қасиеттерді шығаруға жағдай жасау болды. Оларды басқалардың басынуы және көтермеленуі, өзінің көп қайғырған халқының жақсы жағдайда өмір сүруін іздеу бағытындағы ой-пікір біріктірді. Осындай мұраттар адам мен оның болмысының дамуы мен өзгерісінің озық тұсына үңілген пайымдаулар М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов, этикалық, эстетикалық бірлікке сәйкес, интеллектуальды жетілу, яғни, жақсылық бірлігі, әдемілік және шындық, адам болмысының негізгі мәнін құрайды.

Көріп отырғанымыздай, идеалды адам тудырады. Бірақ идеал шынайылықты суреттемейді. Ол келешекте, жетілген. Басқа жағынан, туылған идеалдар шындыққа әрекетті әсер етеді. Сондықтан да идеалды біз диалектикалық бірлікте оның барлық элементімен (этикалық, эстетикалық, әлеуметтік, саяси) және әлеуметтік функцияда қарастырамыз, «бүтін ретінде, бұл бүтіннің тек қана бір бөлігінің ерекшеленуін зерттеуге әкелмейді» [29]. Яғни, этика-эстетикалық идеал адамның дүниетанымына тұтаса (органично) кірікті және оның практикалық әрекеттері жетілуге жетуге ұмтылу, оның шығармашылық потенциалын ашып, адамның рухани белсенділігіне тартты.

Бақылау сұрақтары

1. Қазақ ойшылдарының дүниетанымы олардың идеалды адамды тануына қалайша ықпал етті?
2. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов пайымдауларындағы идеалды қоғамның тарихи-мәдени негізі қандай?
3. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов мұралары заманауи мәдени-философиялық ізленісте қандай рөл атқарады?
4. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтардың идеалды және оның рөлінің концепцияларын түсіну айырмашылығы қандай?

Қорытынды

Адамның рухани бүтіндігі, оның ішкі әлемінің этикалық және эстетикалық жалпы негіздік бірлігін, біздің уақытымыздың тән белгісі болмайтын іздеуден табылады. Мұндай бағыттағы іздену ерте уақыттан, тіпті адам алғаш рет өзінің кім екенін және өз табиғатын тани бастағаннан келе жатыр. Әрине, қазақ философиясында мұнымен қатар тағы да Абай, Шәкәрім, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов және басқалар болды, олар өз шығармашылығында адамның этикалық және эстетикалық бірлігі қажеттігін бекіткен. Бірақ, біздің көзқарасымызша, қазақ ойшылдарының дәстүрі ХХ ғасырдың басында атап айтқанда Көпеевте, Торайғыровта және Аймауытовта өзгелерден гөрі этикалық және эстетикалық үйлесім қайшылығы мәселесі өткір қалыптасқан болатын. Шыныменде, олардың әрбірі аталған мәселенің (сұрақтың) жауабын іздеуде өз бағытын құрып алды. Бірақ дәл солардың көзқарасының салыстырмалы талдауы ХХ ғасырдың басындағы адам бейнесінің (образының) бүтіндігін анықтауға ықпал етті, оның үміті және ұмтылысы, қазақ халқының өмірінде барлық көпқырлы нәзік нюанстар мен қиын этап реңктері (белгілері) оның рухани ізденістер мінездеме-сипатын байқатты. Сонымен қатар, олардың мұраларымен таныс болу бізге этикалық және эстетикалық өзара байланысқан механикалық түсінісуді, адам бойындағы әсемдік пен жақсылықтың және адамға жаңадан ұсынылған рухани бүтінділікті қалыптастыруды, өзінше анықтала және өзінше жетілдіре бастаған ұмтылысты санамызда өткіздіртті.

Қорыта келгенде айтарымыз, М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов шығармашылығындағы тарихи-философиялық реконструкция рухани-адамгершілік міндеттердің жарығындағы этикалық және эстетикалық өзектілік, қазіргі қоғамда тұлғаны өзіндік анықтау әлеуметтік-саяси өзара байланыс контекстінде жүреді. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов шығармашылығында мұраттық (идеялық) ізденістер қиынды тануға, әлем қайшылығы, оны тереңнен байқалуына бағытталған. Олар дәуірдің ішкі мағынасын түсінуге, оларды қобалжытқан, оның рухани және қоғамдық ориентациясына ұмтылды. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов өздерінің пайымдауларында өз уақытының қоғамын іздеудің басты тенденциясы және этика-эстетикалық концентрациясы айқындалады, бізге барлық адамның рухани әлемінің байлығы, оның ізденістері, үміті, қайғысы және трагедиясы ашылады. Онда, барлық рухани атмосфера, біздің елімізде өктем болған алыста қалған тарихи уақыттың ең нақтылы белгісі

толықтай ашылған. Олардың принципиальды позициясы, көзқарасы, сендіруі, азаматтық іс-әрекеті және құндылығы және бүгінгі күні де маңызды, ізденіс шарты адамдардың дүниетанымдық бағытталу (ориентирлер) және мүмкіндіктегі рухани даму перспективасын игеруі болып табылады. «Шығармашыл тұлғаларға тән екі ойлау-пайымдау және көркемдік әлем бар, олардың ой құйылысы біздің ең жаңа қазақ тарихын көрсетеді. Бұл біздің мәдениетіміздің тарих беттеріндегі тасқынының дәл нүктесіндегі фигуралар» [30].

Глоссарий

Аймауытов Жүсіпбек (1889-1931) – қоғамдық - саяси қайраткер, қазақ жазушысы, драматург, философ, педагог, аудармашы. Ойшылдың философиялық романдарында өзгеріс дәуірінде адамның тұлғаға айналу мәселесі ашылады, қазақ халқының XX ғасырдың басындағы экономикалық және саяси өмірі мәселелеріне үлкен назар салынған. Қазақ тіліндегі бірінші педагогика және психология оқу құралдарының авторы. Ол Шекспир, Гете, Цицерон және басқа әлем ойшылдарының шығармаларын қазақша аудармаларын жасаған.

Герменевтика – (грек т., дәл нұсқасы. – түсіндіру, талқылаймын) – мәтін талқылаудың өнері мен теориясы. Мәтін зерттеуіндегі ғылыми әдіс. XX ғасыр философиясында герменевтика – түсіну туралы оқу және мәдениеттің ғылыми жетілуі, және кең тұрғыда – адами руханият.

Қорқыт-ата - Оғыз-қыпшақ ойшылы, ақын, 8-9 ғасыр музыканты. Қорқыт-ата аңыз бойынша ұзақ жылдарын мәңгілік өмірді іздеумен өткізген, бірақ барлық жерден ол көр қазған адамдарды кездестіреді. Өмір әрқашан өліммен ауысатынын түсінген соң, Қорқыт өнерден мәңгілік өмірді тапты. Қорқыт-ата барлық әлемге музыка инструментін (аспабын) – қобызды ойлап шығарған бірінші адам ретінде белгілі. Бүгіндері Қорқыттың 22 күйі бар екені белгілі. Оның шығармаларының негізгі философиялық тақырыбы – фатализммен күрес, адам ерік-жігеріне, күшіне деген сенім, адамды танып-білудің таусылмайтындығын түсіну және оның дамуының шексіздігі.

Көпеев Мәшһүр Жүсіп (1858-1931) – діни қайраткер, ойшыл, ақын. Негізгі шығармашылығы діни тақырыптарға қатысты. Көптеген дастан, қисса, поэма-пайымдаудың, онда адам болмысының, жақсылық пен зұлымдықтың, еркіндік таңдау мен жауаптылықтың қарам-қатынасы мәселелері айтылады.

Методология - (сөзбе-сөз – таным әдісі туралы оқу) – принциптер жүйесі және ұйымдастыру амалдары (тәсілдері) және теориялық және практикалық қызметті құру, сол сияқты осы жүйе жайындағы оқу (білім); таным әдісі туралы философиялық оқу және нақтылықтың құрылуы.

Жауаптылық – философиялық-әлеуметтік (социологиялық) түсінік, нақты (объективті) көріністі, тұлғаралық, ұжымдық, оларға қойылған өзара талапты қоғамдық көзқараспен саналы жүзеге асыратын өзара қарым-қатынастың тарихи нақтылы мінездік сипаты.

Сопылық – мұсылман дініндегі, 8-9 ғасырларда пайда болған және Араб халифатында кең тараған бағыттардың бірі. Сопылықтың діни-мистикалық сипаты адамның Аллаһпен куәсіз сөйлесуіне негізделі бағытталған, яғни махаббат негізінде сөйлесу және жүрекпен тану.

Тәңрі – ғаламдық космостық ғажайып. Аталған түсінік аудармаға және бірнеше мағынаға ие болуы беріледі: аспан, дүниеәлемнің көрінетін бөлігі; құдай, ғажайып; құдайлық ғажайыптылық; билеуші, мырза. Қазақтарда тәңрі қарапайым тілде мұсылманша «аллаһ» және парсыша «құдай» дегеннің синонимі ретінде пайдаланылады. Тәңрі – әртүрлі культтің біртіндеп дамуының феномені, сенімі және көзқарасының, культ табиғатына тән, оның құбылту жемісін беретін стихиялық күші. Қазақтардың тәңрі – трансцендентті қалпының әлемі, ол – әрі рухы және денесі, шындығында олардың бірлігі. Тәңрі – бұл өзгеше қалып.

Торайғыров Сұлтанмахмұт (1853-1920) – ақын, қоғамдық-саяси қайраткер. Ойшыл, шығармаларында поэтикалық философиялық мәселелердің мәнін және адам табиғатының мағынасын, қоғамдық дамуын, таным рөлін, тұлғаның өзіндік дамуын және рухани өзіндік анықталуын ашқан.

Рефераттар тақырыптары

- 1 С. Торайғыров шығармашылығындағы шынайы өмірдің эстетизациясы (көркемделуі).
- 2 Ислам өнерінің эстетикалық аспектілері.
- 3 М.Ж.Көпеевтің бейнелі (образды) ойлауы.
- 4 Көшпенділер мәдениетінің эстетикалық және этикалық принциптері.
- 5 Ж. Аймауытов шығармашылығы арқылы адамды тәрбиелеудің эстетикалық және этикалық мәселесі.
- 6 Ж. Аймауытов шығармашылығындағы музыка философиясы.
- 7 М.Ж.Көпеев эстетикасындағы күйзеліс пен кінә.
- 8 С. Торайғыровтың ойлау жүйесіндегі қайғылылық мәселесі.
- 9 Ақын және жырау шығармашылығындағы эстетикалық принциптер.
- 10 Көшпенділер мәдениетіндегі этикалық және эстетикалық синкретизм.
- 11 М.Ж.Көпеев мұрасындағы этикалық және эстетикалық қайшылық.
- 12 С. Торайғыровтың этика-эстетикалық концепцияны тандау мәселесі.
- 13 Табиғаттық эстетика.
- 14 М.Ж.Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтардың эстетикалық өзара тұлғалық қатынасы.
- 15 М.Ж.Көпеевтің ирониялық тақырыптары.
- 16 Ж. Аймауытов ойлау жүйесіндегі күнәлілік пен түңілу.
- 17 М.Ж.Көпеев шығармашылығындағы жауаптылық концепциясы.
- 18 С. Торайғыров мұрасындағы әділдік және ізденіс мұраты (идея).
- 19 Ж. Аймауытов шығармашылығындағы азаматтық іс теориясы.
- 20 Адам идеалы мәселесі.
- 21 М.Ж.Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов қоғамындағы идеалдылық.
- 22 Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сөйлесу мұраты (идеясы).
- 23 Көшпенділердің экологиялық ойлауы.
- 24 Эстетикалық, этикалық және діни.
- 25 М.Ж.Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов мұрасындағы махаббат философиясы.

Әдебиеттер

- 1 Көпеев М. Ж. Таңдамалы. 2. Т. – Алматы : Ғылым, 1999. – Т. 1. – 273 б.
- 2 Торайғыров С. Шығармалар жинағы. 2. Т. – Алматы : Ғылым, 1993. – Т. 1. – 280 б.
- 3 Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы : Жазушы, 1989. – 560 б.
- 4 М. Қашғари. Түбі бір түркі тілі / Диуани Луғат ит турк. – Алматы : Ана тілі, 1993. – 191 б.
- 5 Валиханов Ч. Ч. Полное собр. соч. в 5. Т. – Алма-Ата : Изд-во АН КазССР, 1996. – Т. 4. – С. 49.
- 6 Кенисарин А. М. Проблема адаптации античной философии к культурно-историческим условиям арабского средневековья // Духовное наследие аль-Фараби : История и современность. – Алматы : КазгосИНТИ, 2001 – 219 с.
- 7 Лирики Востока. Переводы. – М. : Правда, 1986. – 480 с.
- 8 [6:59] Әнғам Сүресі Құран Кәрім Қазақша мағына және түсінігі // Екі харамның қызметкері Фаһд патшаның құран шәриф басым комбинаты. – Мілади, 1991. – Б. 134.
- 9 Сура [6:59] // Коран. Пер. и коммент. И. Ю. Крачковского. – М. : Наука. – 1990. – С. 122.
- 10 Айқап // Қазақ энциклопедиясы. – Алматы, 1995. – Б. 215.
- 11 Көпеев М. Ж. Адам мен жұлдыздар арақатынасы // Қазақ тарихи. – Алматы, 1995. – № 6. – 24 б.
- 12 Торайғыров С. Избранное. – Алма-Ата : Жазушы – 1971. – 256 с.
- 13 Бес ғасыр жырлайды. 2. Т. / Құрастыр. М. Мағауин, М. Байділдаев – Алматы : Жазушы. – 1989. – Т. 1. – 384 б.
- 14 Смирнов А. Справедливость (опыт контрастного понимания) // Средневековая арабская философия: Проблемы и решения. – М., Восточная литература РАН. – 1998. – 527 с.
- 15 Кобланды батыр. – М. : Наука, – 1975. – 445 с.
- 16 Бес ғасыр жырлайды. 2. Т. – Алматы : Жазушы. – 1989. – Т. 2. – 28 б.
- 17 Поэзия жырау: Стихи казахских поэтов XV-XVIII веков. – Алма-Ата : Жалын. – 1987. – 88 с.
- 18 Серебряков Б. С. Трактат Ибн Сины (Авиценны) о любви. – Тбилиси, 1976. – С. 58.
- 19 Шеллинг Ф. В. Й. Философия искусства. – М. : Мысль, 1966. – 496 с.

- 20 Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата : Наука, 1972. – 399 с.
- 21 Давыдов Ю. Этика любви и метафизика своеволия: Проблемы нравственной философии. – М. : Мол.гвардия, 1989. – 317 с.
- 22 Зеньковский В. В. Возврат к церковному мировоззрению // История русской философии. 2. Т. – Ростов-н/Д. : Феникс, 1999. Т. 1. – 544 с.
- 23 Кант И.. Собр. соч. 6 Т. – М. : Мысль. – Т. 5. – 1966. – С. 250.
- 24 Рубинштейн С. Л. Познавательное отношение человека к бытию // Проблемы общей психологии. – М. : Педагогика, 1973. – С. 376.
- 25 Яковлев Е. Г. Эстетика. – М. : Гардарики, 1998. – С. 106.
- 26 Нурланова К. Эстетика художественной культуры казахского народа. – Алма-Ата : Наука. – 1987. – с. 121
- 27 Нурланова К. Человек и мир. Казахская национальная идея. – Алматы : Қаржы-қаражат, 1994. – С. 4.
- 28 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалары. – Алматы : Ғылым, 1998. – 4. Т. – 448 б.
- 29 Айтказин Т. К. Общественный идеал как категория исторического материализма // автореферат канд. дисс. – Алма-Ата, 1982. – С. 18.
- 30 Назарбаев Н. А. В потоке истории. – Алматы : Атамұра, 1999. – С. 177

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1. М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов мұраларындағы этикалық және эстетикалық мәселелердің өзара байланыс ерекшелігі негізінде дүниетанымды және қайнар көздер идеясын қалыптастыру мұраларын құру.....	5
1.1 Этикалық және эстетикалық өзара байланысты философиялық зерттеудегі әдіснамалық негіз.....	5
1.2 Көшпелі мәдениетте этикалық және эстетикалықтың қалыптасу генезисі.....	9
1.3 М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытовтың шығармашылығындағы көшпенді мәдениеттің дәстүрлі дүниетанымдық көзқарасының әмбебаптығы.....	11
1.4. Ортағасыр мұсылман мәдениетінің этикалық және эстетикалық спецификасы.....	15
1.5 М. Ж. Көпеев, С.Торайғыров және Ж. Аймауытов мұраларында мұсылман мәдениеті этикалық және эстетикалық бірзділіктің көрінуі.....	18
1.6 XV-XVIII ғғ. ақындары мен жырауларының мұраларындағы этикалық және эстетикалықтың бірлігі мен қайшылығы.....	23
1.7 Ақын және жыраулар этика - эстетикалық идеяларының М. Ж. Көпеевпен, С. Торайғыровпен, Ж. Аймауытовпен дамуы.....	25
1.8 XX ғасыр басындағы қазақ ойшылдарының шығармашылықтарындағы этикалық және эстетикалықтың өзіндік қатынасы.....	29
1.9 XX ғасыр басындағы орыс, еуропа, қазақ ойшылдарының шығармашылықтарындағы этикалық және эстетикалықтың компаративтік талдау арақатынасы.....	35
2 М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов шығармашылықтарындағы этикалық және эстетикалықтың компаративтік талдауы.....	40
2.1 Табиғаттағы эстетикалық (М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж.Аймауытов бойынша).....	40
2.2 М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов мұрасындағы дүниеге деген эстетикалық көзқарас феноменологиясы.....	47

2.3	М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов шығармашылығындағы рухани-адамгершілікті еркіндіктің негізіне жасалған салыстырмалы талдау.....	50
2.4	М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов шығармаларындағы өмірге этикалық қатынас феноменологиясы.....	55
2.5	М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов шығармашылықтарындағы этикалық және эстетикалықтың өзара қатынасы және олардың қайшылықтарын анықтау қағидалары.....	61
2.6	М. Ж. Көпеев, С. Торайғыров және Ж. Аймауытов дүниетанымындағы этика эстетикалық идеал.....	67
	Қорытынды.....	74
	Глоссарий.....	76
	Реферат тақырыптары.....	78
	Әдебиеттер.....	79